

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
І. ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

Оразбекұлы Бахыт

**ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ
ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП**

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Талдықорған - 2009

ББК 65.052.2Я7

: О 65

О 65 Оразбекұлы Бақыт.

Инвестициялық институттардағы бухгалтерлік есеп /Оқу құралы. –
Талдықорған: «Жетісу университеті» баспа орталығы, 2009. – 120 бет.

Пікір жазғандар: э.ғ.д. Ф.С. Сейдахметова, э.ғ.д. доцент Ә. Әбдіманапов
Т. Рысқұлов атындағы Экономикалық университетінің проректоры,
э.ғ.к., доцент А. А. Сатмурзаев
Абай атындағы қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің доценті
э.ғ.к., доцент Е. Қ. Қалдыбаев
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің «Есеп
және аудит» кафедрасының доценті, э.ғ.к., А. К. Шарипов

Оқу құралында бағалы қағаздар мен қаржылық салымдардың, дилерлік және брокерлік операциялардың, инвестициялық, сақтандыру компанияларының және зейнетақы қорларының, бағалы қағаздарды сатып алу-сату операцияларының бухгалтерлік есебін жүргізу ерекшеліктері қарастырылған.

Жоғарғы оқу орындарының типтік бағдарламасы негізінде жазылған аталмыш оқу құралы экономикалық жоғарғы оқу орындарының студенттеріне, маман-практиктерге арналған.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған.

ISBN 9965 – 532 – 63 – X

ББК 65.052.2Я7

© Оразбекұлы Бақыт, Талдықорған, 2009

© «Жетісу университеті» баспа орталығы, Талдықорған, 2009

Оразбекұлы Бахыт – бухгалтер-экономист,

экономика ғылымының кандидаты, доцент.



1955 жылы Жалаңаш қазақ орта мектебінің бірінші классына барып, 1966 жылы осы мектептің онбір классын бітірді. 1966-1969 жылдары Мурманск қаласында әскери борышын атқарды.

1970 жылы Қазақ ауылшаруашылық (қазіргі Ұлттық Агро университеті) институтының ақылы дайындау курсына оқыды. 1971 жылы осы аталған институтының экономика факультетінің бухгалтерлік есеп мамандығына түсіп, 1975 жылы бітіріп шықты. Институттың жолдамасымен ҚазКСР-нің Орталық Статистика басқармасына жіберілді. Ол онда 1975-1976 жылдары қызмет етті.

1976 жылдың аяғында Қазақ ауылшаруашылық экономика және ұйымдастыру ғылыми-зертеу институтына ауысып, онда 1984 жылға дейін аға экономист болып қызмет етті. 1980-1982 жылдар осы ғылыми-зертеу институтының аспирантурасында оқыды. 1984 жылы Алматы Халық шаруашылық институтында (қазіргі Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ) кандидаттық диссертациясын қорғады.

Бухгалтерлік есептен екі оқулық, бір анықтама (справочник), қырықтан астам ғылыми және ғылыми көпшілік мақалалар жариялады.

Елбасы «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты өз жолдауында атап өткендей, Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында, өркенді де өршіл дамып келе жатқан қоғамның іргетасы тек қана осы заманғы, бәсекеге қабілетті және ашық нарық экономикасы бола алады. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кірудің бірінші басымдығы әлемдік экономикаға ойдағыдай кірігуі болып табылады. Осыған байланысты мемлекетті дамыту процесінде бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жүйесін бара-бар дамыту ерекше өзектілікке айналады, өйткені бухгалтерлік есепке алудың, қаржылық есеп берудің мақсаты басқару шешімдерін қабылдау үшін мүдделі пайдаланушыларды экономикалық ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар нарқы енді ғана қалыптасып келе жатқанын айта кету керек. Алғашқы қор биржалары пайда болды, бірақ олардың айналым көлемі ауыз толтырып айтарлық емес. Бұндай жағдай біздің елімізде бағалы қағаздар ұсынушылардың саны көбейген кезге дейін созылады. Нарықтық экономиканың одан әрі дамуы, әр түрлі биржалық бюллетеньдердің, қаржылық газеттер, баланс, әр түрлі акционерлік қоғамдардың табысы туралы есеп беру, олардың акциялары, облигациялары мен басқадай бағалы қағаздар туралы мәліметтер келтірілген анықтамалардың шығуына әкеледі. Компанияның акциялар пакетін сату немесе сатып алу туралы шешім қабылдау және курсыз зерттеу, кәсіпорындағы қаржы бөлімінің жұмысының аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Бағалы қағаздар нарығын реттеу жүйесі мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы жөніндегі саясатының басты құралы болып табылады. Экономикада бағалы қағаздар нарығы инвестициялық ресурстарды шоғырландыру мен қайта бөлудің негізгі механизмдерінің бірі болып табылады. Нарықтың жұмыс істеу негізі, инвесторлардың уақытша бос ақша қаражаттарын өз еркімен бағалы қағаздар нарығының құралы етуде жатыр. Ұсынылып отырған оқу құралы бағалы қағаздар нарығы, оның анықтамалары мен түсініктері берілген. Бағалы қағаздардың бухгалтерлік есебін ұйымдастыру ерекшеліктерін, дилерлік және брокерлік операцияларды, инвестициялық қорлардың акциялары мен облигацияларын сатып алу-сату есептері қарастырылған.

Бағалы қағаздар нарығының инвесторлары болып: инвесторлар жеке және заңды тұлғалар, институтталған инвесторлар. Инвестициялық институттар есебін ұйымдастыруды оқып үйрену бағалы қағаздар нарығында жоғары білікті мамандарды қалыптастыруға, дамыған нарық қатынас жағдайында жұмыс істеп, басқару және инвестициялық шешім қабылдай алатын мамандар дайындау үшін қажет.

Сондықтан да, бұл бағалы қағаздар нарығының есебі пәні экономикалық мамандықтардың ішінде негізінен «Есеп және аудит» және «Қаржы» мамандығы бойынша оқитын студенттерге көбірек қажет оқу құралы. Себебі студенттердің бағалы қағаздар және есеп саласында кешенді білімін толықтырып, жақсы маман болып қалыптасуына көмегін береді. Бұл жазылған оқу құралы студенттерді кредиттік технологияға оқу жүйесі үшін лайықталып жазылған. Оқу құралында пәннің тақырыбы бойынша көптеген іс-тәжірибелік материалдар мен бірге тест тапсырмалары келтірілген. Бұл оқу құралы тек студенттерге ғана емес осы салада істейтін мамандарға да пайдалы.

1. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

- 1.1 Инвестицияның пайда болуы және даму тарихы
- 1.2 Инвестициялардың ұғымы және оның жіктелуі
- 1.3 Инвестицияның қызметі мен операциялары
- 1.4 Шет мемлекеттердегі инвестициялық қызметті қаржыландыру барысында тартымды ресурстардың құрылымы мен даму ерекшелігі

1.1 Инвестицияның пайда болуы және даму тарихы

Инвестиция туралы ұғым банк ісі ғылымының арнайы бөлігі болып табылады. Бұл инвестициялық қызметтің неғұрлым белсенді және ірі ресурстар бар мүшелер. Сондай – ақ оларды ұйыммен және тұрғындармен жинақтарды тарту олардың инвестициялық ресурстар трансформациялануы өндірісті дамыту үшін оларды бөлу және пайдалану бойынша туындайтын экономикалық қатынастар табылады. Қазіргі уақытта инвестициялық процессті қаржыландыру нарықтық тетікті бір қалыпқа келтіру Қазақстан Республикасы экономиканың дамуының басты проблемаларының бірі болып табылады. Тиімді инвестициялық тетікті қалыптастыру арқылы өнеркәсіптік өндірісті қалпына келтіру және сапаны қайта құру үшін әр түрлі көз-қарастар мен тәсілдер ұсынылуда. Осыған байланысты экономикалық жақсы дамыған сегмент ретінде банктік жүйеге келтіріледі. Болашақ мамандар инвестициялық процессті ұйымдастыру және жүзеге асыру саласына, кәсіби білім алуына мақсатты теориялар және тәжірибелік түрде бағытталған шетелдерде қалыптасқан инвестициялық инфрақұрылымның, қызмет ету мөлшері және оларға банктердің қатысу тәжірибесін қарастырады.

Шаруашылық іс-әрекеттер процесінде оған қатынасушылар күрделі қаржыны жүзеге асырады, реконструкцияға әрекет етуші ұйымдарды кеңейту және техникалық қайта жарақтандыру, тұрғын үй, коммуналдық және мәдени тұрмыстық құрылыстарға жұмсалатын шығындар күрделі салымдарды жүзеге асырады.

Қазақстандағы болашақ басты міндеттердің бірі – ХХІ ғасырдың ортасына таман экономиканың алдыңғы қатарлы салаларына бет бұрыс жасау. Мұны іске асырудағы алғашқы орындардың бірі шетел инвестицияларын кеңінен тартуға бөлінеді.

"Инвестиция" деген сөз латынның "инвест" (салу) дегенінен шыққан. Енді кім инвестор, ол не салады, не мақсатпен және қайда салады деген сұрақтарға жауап туады. Капиталды салады, оның көптеген түрі болады:

Сөйтіп, нені салуға болады? ірі банктердің қаржылық ресурстары, өнеркәсіптік фирмалардың миллиардтаған пайдалары, жай адамдардың жинаған ақшалары, кәсіпқойлық дағды мен қабілеттілік "ноу-хау", әрбір бизнесменнің денсаулығы мен уақыты. Мұнда инвестиция жөнінде кеңінен қандай да болмасын қаржыны ірі және ақша ғана болуы емес салудан кейіннен табыс, пайда алу көзделеді.

Бұл - акцияны сатып алу, олармен биржадағы ойынға қатысу, бартерге жұмсау, тауарлы-материалдық босалқылармен сауда жасау және басқадай толып жатқан ойындар да болуы мүмкін.

Инвестиция дегеніміз – табыс алу мақсатында кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлері, объектілері, ақша қаражаттар технологиялар, машиналар, жабдықтар, тауарлық белгілер, несиелер, басқа да мүліктік құқықтық интеллектуалдық құндылықтар.

Инвестициялық қызмет бұл – инвестицияларды салып және инвестицияларды жүзеге асыру бойынша тәжірибелік әрекеттер жиынтығы.

Инвестициялаудың тар кәсіпқойлық анықтамасы бұдан да қатты, мұнда қаржы салымы ең алдымен бизнестің материалдық бөлігіне жұмсалады: жабдықтарды сатып алу және орнату, техникаға, шикізатқа, ғимарат құрлысына. Қандай болмасын кәсіпорнының материалдық бөлігі негізгі және айналым қаржыларын енгізеді. Теоретиктер "мұның бәрін "нағыз капитал" терминіне қосып атайды.

Енді қаржыны кімдер салады? Негізгі салымшылар кәсіпорындар, фирмалар, мемлекет және халық.

Инвестицияны жүзеге асырушы заңды және жеке тұлғалар, бұлар коммерциялық тәуекелділікке қарай инвесторларға, кәсіпкерлерге, саудагерлерге және ойыншыларға бөлінеді.

Инвестор - бұл капиталды салған кезде, көбіне басқа біреудің ең алдымен ойлайтыны тәуекелділіктің аз болуы; инвестор – бұл күрделі қаржыны қаржыландырудағы делдал.

Кәсіпкер - бұл белгілі бір тәуекелділікпен өз капиталын салушы адам.

Саудагер - бұл белгілі, алдын-ала есептелінген тәуекелділікке баруға дайын адам.

Ойыншы - қандай да болмасын тәуекелдікке баруға дайын адам.

Инвестициялау мақсаты - табыс, пайда, кіріс. Кірісті қаржыны бизнестің материалдық бөлігіне салмай-ақ алуға болады. Бірақ белгілі жағдай, ұзақ мерзімді кәсіпорнының әрекеттерінде, олардың тек қана қаржылық - саудагерлік іс - әрекеттермен ғана шұғылданып, негізгі қорларын жаңартуды ұмытып кететіндері де болады. Ондайлар бәсекелестерінен қалып қояды, ал мұның өзі нарықтық даму жағдайында өте қауіпті болады.

Сыртқы экономикалық қызметтің маңызды аспектісі - шетел инвесторларының қатысуы және республика экономикасын тұрақтандыру үшін шетел кредиттерін тарту. Бұл қаражаттар ұлттық шаруашылықтың құрылымын жетілдірудің басым міндеттерін шешу, рынокты тұтыну тауарларымен молайту және экспорттық әлуетті кеңейту үшін нысаналы әрі тиімді пайдаланылуы тиіс. Сыртқы кредиттерді қамтамасыз ету үшін алтын-валюта резервтері жасалған, олар сонымен бірге ұлттық валютаны да қамтамасыз етеді. Кредиттерді қамтамсыз етудің басқа нысаны экспорттық тауарлардың қорлары болып табылады.

Шетелдік инвестицияларды тарту үшін қажетті жағдайлар жасалуы тиіс:

1) шетелдік инвесторлардың қызметімен байланысты әкімшілік рәсімдерді ықшамдау: жұмыс істеу құқығына; ел ішінде жүріп-тұруға; кедендік

және шекаралық бақылаудан өтуге рұқсаттар беру; рұқсатнама беру болып табылады.

2) елдің ұлттық мүдделері үшін қызмет түрлеріндегі басымды салық жеңілдіктерін және басқа жеңілдіктерді беру жеңілдетілген мөлшерлемелер, инвестицияларға немесе кредиттерге салықтық шегерімдер, жеңілдетілген баждар, жеделдетілген амортизация.

3) жерді, жылжымайтын дүние-мүлікті пайдалану құқығын қамтасасыз ету, қызметкерлерді оқытуға субсидиялар беру;

4) пайда әкетіліміне үкімет кепілдіктерін немесе оны қайта капиталдандырудың жеңілдетілген шарттарын беру.[17; 48-56 бб]

Жаңа қоғам өзінің соңғы өзгерістерін бірге ала келетіні белгілі. Сол сияқты нарықтық экономика да біздің қоғамға инвестиция ұғымын ала келді. Бұл өркениетті әлемде әлдеқашан қарым-қатынастың қалыпты заңдылығына айналып кеткен ұғым болып табылады. Елімізге келген шетелдік инвесторлар мұнай мен газ саласына көбірек қаржы құйғаны мәлім. Қазіргі уақытта да инвестицияның басым бөлігі кен-қазба байлықтарын құрайды. Өз кезегінде Қазақстанның сыртқы саясат саласындағы атқарып жатқан іргелі істері елімізге шетелдік инвестицияның көптеп келуіне жол ашып отыр. Оның сыртында елдің ішкі саяси тұрақтылығы, экономикадағы реформаның бірізділікпен жүзеге асырыла бастауы сырттан келетін қаржының тұрақтылығына мүмкіндік береді. 1993 жылдан 2003 жылға дейінгі кезеңде Қазақстан экономикасына 25,8 миллиардтан астам АҚШ доллары көлемінде тура шетел инвестициясы тартылды. Сараптамалық бағалау бойынша Орталық Азияға келген тура инвестициялардың 80 пайыздан астамын Қазақстан экономикасы алып отыр. Дүниежүзілік банк біздің елімізді инвестициялар әкелуге өте қолайлы 20 елдің қатарына қосты. Халықаралық "Moody's Investors Service" рейтинг агенттігі Қазақстанға қаржыландыру мен инвестициялаудың жаңа, өте жоғары рейтингін берді. Бұл Қаржы министірлігіне төмен пайызбен, біріншіден, кредиттер алуына мүмкіндік береді. Екіншіден, екінші деңгейдің барлық банктерінің тиісті рейтингтері жоғарылайды. Енді бұған Қазақстанның нарықтық экономика мемлекеті ретіндегі танылғанын қоссақ, бүкіл дүние жүзі біздің еліміздегі тұрақтылықты, саяси тұрлаулылықты, экономиканың артуы мен реформалардың біз қалаған бағытта дамып келе жатқанын танып отырғаны тұлғаланып шығады.

Қазақстанда нарықтық реформаларды табысты жүзеге асыру үшін Бүкіл дүниежүзілік банк, Халықаралық валюта қоры, Еуропалық қайта құру және даму банкі, Ислам даму банкі, Азия даму банкі секілді беделді халықаралық қаржы институттарымен, басқа да халықаралық қаржы мекемелерімен іс-әрекетті үйлестірудің үлкен мәні бар. Сонымен бірге Қазақстан Республикасы бүгінде дүние жүзіндегі үлкенді-кішілі 55 халықаралық ұйымға мүше болып табылады, олардың 61-іне қаржылық міндеттемелер төлеу көзделген. Осыған сәйкес республика халықаралық қаржы-кредит және басқа ұйымдарға қатысудан туындайтын мүшелік жарналарды, борыштық операциялар мен мәмілелер бойынша қажетті төлемдерді жүзеге асырады. Айта кету керек, 1992 жылдан бергі уақыт ішінде Қазақстанның халықаралық ұйымдарға берешегі 21 миллион АҚШ доллары көлеміне жеткен.

1.2 Инвестициялардың ұғымы және оның жіктелуі

Инвестициялар деп өнеркәсіптің, құрылыстың, ауыл шаруашылығының және экономиканың басқа да салаларының кәсіпорындарына капитал түрінде салынып, жұмсалынатын шығындардың жиынтығын айтамыз. Инвестициялық қызметтің мақсаты-түпкі нәтижесінде кәсіпкерліктен табыс немесе процент алу болып табылады.

Инвестицияның көзі болып жаңадан қалыптасқан құн немесе таза табыстың жинақталған бөлігі саналады. Бағалы қағаздардың көп түрлілігі инвестицияны жіктеудің көптеген критерийлерін алдын ала айқындайды.

Қаржылық инвестиция өзінің пайдалану мерзіміне қарай қысқа және ұзақ мерзімді болып бөлінеді.

Инвестиция өзінің арналымы немесе алынған мақсаты бойынша: қаржылық және нақты болып бөлінеді.

Нақты инвестициялар- бұл кәсіпорынның негізгі капиталын және материалдық - өндірістік қорын өсіруге салынатын салымдар.

Қаржылық инвестициялар - бұл субъектінің табыс алу мақсатында пайдаланатын активі (мысалға, пайыздар, роялитилер, дивиденттер және жал ақысы), инвестицияланған капиталдың өсімі немесе алынатын басқа да олжалар (мысалға, коммерциялық мәмілелердің нәтижесі). Сондай-ақ қаржылық инвестицияға пайдаланбай тұрған жылжымайтын мүліктер де жатады. Қаржылық инвестицияның бір түрі болып бағалы(құнды) қағаздар да саналады. Барлық бағалы қағаздар екі топқа бөлінеді - ақшалай және күрделі (капиталды)болып. Ақшалай бағалы қағаздарды алған кезде ақшалай қарыздарды алғандағыдай етіп рәсімделеді. Бұл борыштық бағалы қағаздар. Оларға: вексельдер, депозиттер және жинақ сертификаттар және т.б. жатады. Осы бағалы қағаздар бойынша табыс бір мәртелік сипатқа ие болады және олар өзінің номиналдық (атаулы) құнынан төмен бағаға сатып алудың есебінен қалыптасады. Ақшалай бағалы қағаздар, әдетте қысқа мерзімге (бір жылдан аспайтын уақытқа) беріледі.

Капиталды бағалы қағаздар кәсіпорынды дамыту үшін, оның капиталын (қорын) құрастыру немесе ұлғайту мақсатында шығарылады.

Бағалы қағаздар құқығы бойынша кімге жататындығы туралы белгілерін куәландыру үшін олар былайша бөлінеді:

Бағалы қағазды ұсынушыға – құқықтарын орындау үшін, бірақ олардың иелерін теңестіруді (идентификациялауды) талап етпейді, ұстаушылардың атына тіркеу жасалынбайды. Ұсынушы бағалы қағазды куәландыратын құқығын басқа адмға қарапайым жолымен қолына береді.

Атаулы бағалы қағаздар - белгілі бір адамның атына жазылады. Бағалы қағаздарды куәландырылған құқықтары ондағы қойылған талапты жеңілдету үшін белгіленген тәртіппен басқа тұлғаға беріледі. Атаулы бағалы қағаздар бойынша құқық беретін адам соған сәйкес келетін талаптардың орындалуы емес, ондағы тиесілі талаптың заңды еместігіне жауап береді.

Ордерлік бағалы қағаз - ол ең алғашында иемденушінің атына немесе оның бұйрығы бойынша жазылады. Бұл онда көрсетілген құқықтар қағазға түсірілген тәртіпке байланысты ауыспалығын сақтайтындай етіп – индоссаментке жазып береді. Индоссамент өзінде құқықтың болғанына ғана

емес, сонымен бірге, оның жүзеге асуына да жауап береді. Бағалы қағаздардан алынатын табысқа қатысты оларды борыштық және инвестициялық етіп бөлуге болады.

Борыштық бағалы қағаздар пайыздарды төлеуді және негізгі қарыздың сомасын графикке сәйкес жабуды эмитент өз міндетіне алады. Бұл кімнің эмитенті екендігіне қарамастан, оған барлық облигациялар, векселдер жатады.

Эмитенттер – бұл нақты өндірістік немесе әлеуметтік жобаларды қаржыландыру үшін қаражаттарды тарту мақсатында бағалы қағаздар шығаратын және бағалы қағаздардың иеленушілерінің алдында өз атына міндеттемелер алатын субъектілер.

Инвестициялық бағалы қағаздар эмитент активтерінің бір бөлігін иемденуге құқық береді, оларға эмитенттердің барлық типтеріндегі акциялары тұтастай жатады.

Бағалы қағаздар эмитенттік сипаты бойынша: мемлекеттік (Үкімет пен Ұлттық Банктің борышкерлік міндеттемелері) бұл Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің (ҰБ) ішкі және сыртқы борыштық міндеттемелері. Үкімет Қаржы Министрлігінің атынан бюджет тапшылығын инфляциялық емес жабу мақсатында мемлекеттік борыш шегінде бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асырады. Ұлттық Банк айналыстағы ақша массасын реттеу мақсатында бағалы қағаздарды эмиссиялайды.

Муниципалдық бағалы қағаздар – бұл жергілікті атқарушы органдардың қарыз міндеттемесі, ол жергілікті бюджетпен және коммуналдық меншікпен кепілдік береді. Муниципалдық бағалы қағаз аймақтық әлеуметтік бағдарламаны орындау мақсатында шығарылады. Ол құрылыс, ауруханалар мен бала-бақшаласын және үйлер мен мектептерді, жолдарды жөндеу, керекті мүліктер сатып алу т.б. үшін пайдаланылады.

Корпоративтік бағалы қағаздар – субъектінің заңға сәйкес жарғылық капиталды қалыптастыру немесе шаруашылық қызметін іске асыру үшін қаражаттарды тарту мақсатында шығарылатын бағалы қағаздары.

Мәмілеге байланысты шығарылатын бағалы қағаздар: қаржылық (акциялар, облигациялар) және саудалық (коммерциялық векселдер, чектер, коносаменттер, кепілдік міндеттемелер, т.б.) болып бөлінеді.

Қаржылық бағалы қағаздар көптеп шығарылуымен (эмиссиямен) ерекшеленеді және олар қор биржаларында айналысқа түседі.

Саудалық бағалы қағаздар коммерциялық бағытқа ие: олар негізінен сауда операциялары бойынша есеп айырысуға және тауарларды орын алмастыру процесіне қызмет көрсетуге арналған.

Нарықтағы айналыс ерекшеліктеріне байланысты бағалы қағаздарды нарықтық (айналыстағы) және нарықтық емес (айналыстағы емес) етіп бөлу мүмкін.

Нарықта болатын бағалы қағаздар биржалық немесе биржалық емес айналым шеңберінде нарықта екінші рет еркін сатылуы және сатып алынуы мүмкін. Олар сатылғаннан кейін эмитентке мерзімінен бұрын ұсынылмайды.

Нарықтық емес бағалы қағаздар бір қолдан екінші қолға еркін көше алмайды, яғни екінші рет айналысқа түспейді. Бұндай бағалы қағаздардың қатарына оларды шығару кезінде сатылмайды деген шарт қойылса, онда

оларды тек эмитенттің өзі ғана сатып алады. Сондай-ақ айналысы шектеулі бағалы қағаздар да бөлініп көрсетілуі мүмкін. Мысалға, жабық АҚ акциялары сатып алу және мәміле бойынша шектелген акциялардың қатарына жатады.

Бағалы қағаздар әрекет ететін орны бойынша *ақша нарығының бағалы қағаздары* және *капиталдық бағалы қағаздары* болып бөлінеді.

Ақша нарығы дегеніміз - қысқа мерзімді бағалы қағаздардың алынуы мен сатылуын көрсетеді және ол қаржылық нарықтың бір бөлігі. Қысқа мерзімді бағалы қағаздардың әрекет ету мерзімі - бір күннен бастап бір жылға дейін болуы мүмкін. Айналыстағы бағалы қағаздар, әдетте, төменгі төлем тәуекелімен қатар жүреді, өйткені қарыз берушілердің төлем қабілеттілігі жоғары болса ғана шығарылады. Ақша нарығының бағалы қағаздарына: қазыналық векселдер, депозиттік сертификаттар, коммерциялық қағаздар жатады.

Бағалы қағаздар нарықтық капиталдар ретінде бір жылдан астам мерзімге ұсынылады. Бұл борышкерлік, сондай-ақ инвестициялық бағалы қағаздар болуы мүмкін.

Бағалы қағаздардың атқаратын ролі бойынша: негізгі (акциялар мен облигациялар), көмекші (чектер, векселдер, сертификаттар, т.б.) және негізгі бағалы қағаздардың алынуы мен сатылу құқығын куәландыратын шартты бағалы қағаздар болып бөлінеді (варанттар, опциондар, қаржылық фьючерстер, сатып алу құқығының артықшылығы).

Бағалы қағаздарды өздерінің алдына қойған міндеті мен мақсатына сәйкес басқа да белгілері бойынша (құжатты және құжатсыз, кері қайтарылатын және қайтарылмайтын, тұрақты деңгейде және әр түрлі деңгейде табыс әкелетін) жіктелуі мүмкін.

Инвестор бағалы қағаздар нарығында жұмыс істей жүріп салымдарды тараптардың (диверсификациялаудың) принципін ұстануы тиіс: инвестор қаржылық активтердің әр түрлісін алуға ұмтылуы керек. Бұл салымдардың тәуекелдігін азайту үшін қажет. Мысалы, инвестор өзінің барлық ақшаларын бір компанияның акцияларына салды делік. Бұл жағдайда ол акция курсының нарықтық ауытқуына толық тәуелді болады. Егер кәсіпорын қаражаттары бірнеше компаниялардың акцияларына сатылатын болса, онда инвестордың табысы неғұрлым аз ауытқитын біршама компаниялардың акциясына тәуелді болады. Егер инвестор әр тараптандыру (диверсификациялау) принципін ұстанатын болса, онда ол инвестициялық (қорлық) портфель (қоржын) деп аталатын бағалы қағаздардың жиынтығымен байлынысты болады.

Қоржындық (портфельдік) инвестициялаудың объектілері ретінде әр түрлі бағалы қағаздар: акциялар, облигациялар, бағалы қағаздардың шартты түрлері әрекет етеді. Қоржынның бір бөлігі ақша түрінде ұсынылуы мүмкін. Қоржындық инвестициялау өзінің құрамына тәуелді, ол табыс немесе залал әкелуі мүмкін және тап сондай тәуелділіктің де сол және басқа да деңгейіне ие. Қоржынға енетін бағалы қағаздардың тізбесін де, көлемін де инвестор өзгерте алады.

Қоржынды құрастыру кезінде инвестор келесі факторларды есепке алуы тиіс: тәуекелділікті, табыс дәрежесін, орындалу мерзімін, бағалы қағаздар типін. Инвестор инвестициялық мақсатына тәуелді белгілі бір типтерді

қалыптастырады. Келесі типтерін бөліп көрсету қабылданған: бірінші тип - өсім қоржыны, екінші тип – табыс қоржыны.

Қоржының бірінші типінің мақсаты өсімді көбіне дивиденттер мен пайыздар (проценттер) алу есебінен емес, бағалы қағаздардың бағамдық өсімінің есебінен алу болып табылады. Бұл негізгі салымның басым бөлігін акция құрайды. Күтілетін капитал өсіммен және тәуекелділіктің ара қатынасына байланысты қоржындық өсімнің ортасынан, тағы да басқа қоржынның түрлерін, атап айтқанда: агрессивті, консервативті және орташа өсімін бөліп көрсетуге болады.

Агрессивті өсім қоржындары капиталдың максималды өсіміне бағытталады. Бұл қоржын үлкен тәуекелділікпен байланысты екенін көрсетеді, бірақ эмитент-кәсіпорындардың қолайлы дамуы кезінде ол үлкен табыс әкелуі мүмкін. Қоржынның бұл құрылымы, әдетте, тез өсетін компаниялардың акцияларымен көрсетілуі мүмкін.

Консервативтік қоржынның өсімі негізінен ірі, жақсы белгілі және тұрақты компаниялардың акциясынан тұрады, бұндай қоржынның тәуекелділігі де аса үлкен болмайды. Қоржынның орташа өсімінде агрессивті қоржынға да, консервативті қоржынға да тән инвестициялық қасиеттері болады. Оның құрамына сенімді кәсіпорындармен қоса даму үстіндегі жас кәсіпорындардың да акциялары енеді. Мұндай қоржын жеткілікті жоғары табысқа және тәуекелдің орташа деңгейін ұстауына қолайлы жағдай туғызады.

Қоржындардың екінші типі дивиденттер мен проценттер есебіне табыс алу болып табылады. Қоржынның бұл типі тәуекел кезінде алдын ала жоспарланған табыстың деңгейін қамтамасыз етеді және онда тәуекелділіктің деңгейі нөлге тең болады. Қоржындардың аталған типін инвестициялау объектілер ретінде сенімділігі жоғары бағалы қағаздар алынады. Оның құрамына енетін қорлардың инструменттеріне байланысты олар: конверттелетін, нарықтық ақшалай және облигациялар болып бөлінеді. Конверттелетін (айырбасталатын) қоржындар: айрықша акциялардан және облигациялардан тұрады. Мұндай қоржын оны құрайтын бағалы қағаздардың есебінен нарық конъюктурасы мүмкіндік беретін болса, онда олар жай акциялардың өзі де, қосымша табыс әкелуі мүмкін. Басқаша жағдайда, қоржын инвестициясы тек тәуекелділік төмен болған кезінде ғана табыспен қамтамасыз етіледі.

Ақша нарығының қоржындары (портфелі) капиталды толық сақтау мақсатынан тұрады. Оның құрамына ақшалай қаражат пен тез сатылатын активтер кіреді. Егер де ұлттық валюта өзінің төмендеу бағамын көрсетсе, онда ол шетелдік валютаға айырбасталуы мүмкін. Сөйтіп, салынған капитал нөлдік тәуекелділік кезінде өз өсімін сақтайды. Облигациялар қоржындары облигациялардың есебінен қалыптасады және нөлдік тәуекелділік кезінде орташа табыс әкеледі.

Қоржындардың өсуіне қоржынға енген құрылымдардың өзгерісі мен бағамдары әсер етеді. Табыс қоржындары тұрақты құрамға және құрылымға ие. Қоржын қызмет етуінің уақытына байланысты мерзімі шектелген және мерзімі шектелмеген болып бөлінеді.

Мерзімі шектелген қоржын тек табыс табуға талпыныс жасап қана қоймай, алдын ала уақыты белгіленген кезеңнің шегінде табыс алуды көздейді. Ал мерзімі шектелмеген қоржынның уақыты шектеліп белгіленбейді.

Мүмкіндігінше толықтыратын, қайтарып алынатын және тұрақты қоржындар ажыратылып көрсетіледі. Толықтырылатын қоржындар, бастапқы салынған ақша қаражаттарының есебінен емес, сыртқы қаражат көздерінің есебінен өсуі (толықтырылуы) мүмкін. Қайтарып алынатын қоржындар бастапқы салынған қаражаттардың бір бөлігін қайтарып алуға жол береді. Тұрақты қоржындарда бастапқы салынған қаражаттар қоржынның барлық кезең бойына тұрақты көлемін сақтайды.

Инвестиция – экономикалық дамудың тұрақты және жоғары қарқынын қалыптастыруды, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін енгізуді, инфрақұрылымды дамытуды көздейтін басты фактор.

Инвестицияны дамытуда кәсіпорындарды қаржыландыратын және ұзақ мерзімге несие беретін мамандандырылған инвестициялық банктер мен акционерлік қоғамдардың акцияларынан құрылған инвестициялық қорлар ерекше роль атқарады. Сөйтіп, қорлар экономиканың неғұрлым пайдалы салалары мен кәсіпорындарына капиталдың құйылуына жағдай жасайды.

Қаржылық инвестициялар инвестор үшін ішкі және сыртқы инвестициялар жағдайында белгілі бір тәуекелділікпен байланысты болатынын ескерген жөн. Бұл тәуекелділік басшылардың біліктілігімен және олардың епті әрекеттерімен, есеп пен бақылау жұмысын ұйымдастырумен, валютаның бағамдық пайыз мөлшерлемесінің өзгерістерімен, орта мерзімді және қысқа мерзімді несиелерді тартудың қиындылықтарымен және т.б. осы сияқты мәселерімен байланысты болып келеді. Сонымен қатар, табиғат залалдарымен және саяси тәуекелділіктерімен байланысты болатынын ескерген абзал. Қаржылық инвестициялар техникалық – экономикалық есептеулер жасалған соң және сол инвестицияланатын объектіні қажетті зерделеуден өткізгеннен кейін барып, жүзеге асырылады. Осы жағдайда ғана нарықтық қарым-қатынастар жағдайындағы тәуекелділіктер төмендеуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының заңдары экономиканың барлық саласын инвестициялық тұрғысынан қолдауға бағытталған. Республикада инвестициялық жобаларды жүзеге асырудың тиімділігіне бағытталған жеңілдіктер мен преференциялар әзірленіп жасалған.

Түптеп келгенде, инвестициялардың мақсаты – жаңа технологияларды, алдыңғы қатарлы техниканы және ноу – хауды енгізу; ішкі нарықты жоғары сапалы тауарлармен толтыру және ынталандыру; экспортқа бағытталған және импортты алмастырушы өндірістерді дамыту, Қазақстан Республикасының шикізат көздерін тиімді кешенді пайдалану; қазіргі заманғы менеджмент пен маркетингтің әдістерін енгізу; жаңа жұмыс орындарын құру; жергілікті мамандардың үздіксіз оқу жүйесін енгізу, олардың біліктілік деңгейін көтеру; өндірістің жедел дамуын қамтамасыз ету; қоршаған табиғат ортасын жақсарту болып табылады.

Қазақстан Республикасының экономикасын көтеруде және оны одан әрі дамытуда шетелдік инвесторлардың ролі зор. Шетелдік инвестицияларға табыс алу мақсатында кәсіпкерлік қызметтің объектілеріне инвесторлар салып

отырған мүлiктiк құндылықтар және оған қоса олардың құқықтары, яғни интеллектуалдық меншiк құқығы да кiредi.

Шетелдiк инвестициялар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының жарғылық капиталына қатыса отырып, ондағы қабылданатын шешiмдерге өз үлестерiн және құқықтарын қорғауына болады.

Шетелдiк инвесторлар заңға қайшы келмейтiн кез келген қызметпен, атап айтқанда: бiрлескен кәсiпорындарды құруға және олардың шетелдiк филиалдарын ашуға, мүлiктiк құқын сатып алуға, қарыз, несие беруге т.б. қызметтерiмен шұғылдануына болады.

Шетелдiк инвесторлар өздерiнiң қызметiнен алған табысын өз қалаулары бойынша пайдалануға құқылы, Қазақстан аймағында қайта қаржыландыру үшiн, тауарлар алуға және басқа да мақсаттар үшiн, яғни Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған кез келген қызметпен айналысуына болады.

1.3 Инвестицияның қызметi мен операциялары

Инвестициялық қызмет бұл – инвестицияларды салып және инвестицияларды жүзеге асыру бойынша тәжiрибелiк әрекеттер жиынтығы.

Қазiргi кезде Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан инвестициялық процесс әлеуметтiк – экономикалық дамуымыздың негiзгi алғы шартына айналып, елiмiздегi реформаларды табысты iске асырудың басты себебi болып отыр. Инвестициялар кез – келген ұлттық экономиканың маңызды да қажеттi қоры болып саналады. Инвестициялық жобаларды iске асыру өндiрiстi жетiлдiрiп, сатылатын тауарлардың сапасын арттыру онымен қоса жұмыс орындарының көбейiп, тұрғындарды еңбекпен толығымен қамтамасыз етуге, сөйтiп халқымыздың өмiр деңгейiнiң өсуiне мүмкiндiк бередi. Сонымен, елiмiзде жүргiзiлiп жатқан инвестициялық процестi экономикалық пайда кiргiзiп, әлеуметтiк саланың өркендеуiне жағдай жасайтын қызмет деп қарастыруымыз керек. Осыған орай, инвестициялық iс - әрекеттi талдауда оның тиiмдiлiгiне экономикалық шаралармен бiрдей әсер ететiн әлеуметтiк шараларды ерекшелеудiң маңызы зор. Бұл тұрғыдан инвестициялық iс - әрекеттi екi құрамдас бөлiкке жiктеуге болады. Экономикалық құрылым мынадай элементтерден және инвестициялық iс-әрекеттiң нәтижесiнен тұрады:

1. Пайда табу. Түскен пайданың өзi екi аспектiнi қамтиды: экономикалық, яғни инвесторлар пайда тауып оны қайта өндiрiске жұмсайды – реинвестирование және әлеуметтiк, тапқан пайданының белгiлi бiр бөлiгi инвестордың әлеуметтiк қажеттiлiгiне жұмсалады.

2. Жоғарыда көрсетiлген пайданың негiзiнде жұмыскерлер де табыс тауып, соның негiзiнде өздерiнiң, отбасыларының әлеуметтiк қажеттiлiгiн өтейдi.

3. Пайдадан түскен салық пен өтелiмдер мынадай мақсаттарға жұмсалады:

- Мiндеттi медициналық қамсыздандыру қорына;
- Мемлекеттiк зейнетақы қорына;
- Аймақтық бюджетке;

- Республикалық бюджетке;

4. Өнеркәсіптік әлеуметтік даму қорын құру.

Егер фирма салымдары бойынша ең жоғары тиімділікке жетуге тырысса, онда олардың басшылары инвестициялаудың базалық принциптерін есептеуі керек.

1. Инвестициялаудың шектеулі тиімділігі

2. "Замазкалау" («Сылап-бітеу») принципі.

Сылап, бітеу жұмысына келетіндей инвестиция жүргіз. Шешімді қабылдап алғаннан кейін, инвестицияны іске асыру барысында ол еркіндікті енді оған бармау алмастырады, Мәселен, қандай станокты сатып алуға, не жалға алуға немесе өзің өндіргің келеді де, бұл операцияны жүргізу үшін қанша кредит аласың, оны қандай мерзімге және қанша проценттік мөлшерде алуға шешім жасауға еріктісіз. Ал, бұл операциялардың бәрін жасап болғаннан кейін, қайтадан қайту оңайға түспейді, өте қыйын болады. Бұл станокты көп жыл бойына пайдалану керек болады, алған кредит үшін проценттерді төлеу керек болады. Сөйтіп, сылап-бітеу процесінен шыға алмай, байланысың да қаласың, өйткені инвестициялық жоба күшіне еніп алғаннан кейін еркін қимыл-әрекеттерге баруың шектеулі болып қалады.

Мұнан еркін шешімділікке және басқа әрекеттерге баруың мүлдем тиылды деуге болмайды. Әрине, сатып алған станокті қайтадан сатып жіберуге де болады немесе акциялардан да құтылуға болады да, "дезинвестирование" деп аталатынды жүргізуге болады. Көбінесе осыны жүргізеді. Қатені кейінге қалдырудан гөрі, тезірек түзетуге тырысу керек. Бірақ қатені түзеу үшін уақыт та кетеді, ақша да жұмсалады, басқару қызметінде шәлгездік туады, іскер серіктестермен байланыс үзіледі.

Мысалға, әлгі сатып алынған станокты алсақ, оны 1 жыл бойы пайдаланып келген. Конъюнктура өзгеріп кетті де, енді оны пайдалануға мүмкіндік болмай қалды, оны 10 жыл бойы пайдаланбақ болған. Осы 10 жылға есептеліп кредит алып, әкеліп беруші және сатып алушылармен келісіп, амортизацияны да есептеп, тиісті ұзақ мерзімді келісім шарттарды жасап қойған. Дезинвестирование жүргізуге шешім қабылдап, қателіктерді жөндеуге бару керек болады, бірақ қателіктерді жөндеуге ештеңе төлемейтін болды. Кредит үшін (10 жыл) төлеу керек, әкеліп берушіге шартты бұзғаны үшін айып пұл төлеу керек, өйткені ол станоктың жетіспей қалған бөлшектерін әкеліп берген болатын, олар да 10 жыл бойы тиімді келісім бойынша пайда алатынына сенген болатын. Өнімді сатып алушыларға да 10 жыл бойы беріп тұру жөнінде шартқа отырғандықтан, оларға да төлеу керек. Өткізуші ұйымдарға да осы тәртіп бойынша төлеу керек. Мұнан да сорақы жағдай, жабдықтарды қайтадан сатқан кезде туады. Мұны рынокте әлі қалай сата алады? Қандай бағаға? Диллер саудалық-делдалдық үшін қанша алады?

Сөйтіп, қатені түзеу үшін кететін шығындар түгелімен кәсіпорын қалтасынан шығады. Осындай батпаққа батқаннан шығу өте қиын болады. Ал, егер осында "байланып қалу" бір уақытта 3-4 инвестициялық жоба бойынша болғанда не болады? Капиталды сіңіру саласы үлкен болып қалғанда, іскерлік серіктестіктер де мықтылар болады да, қатені түзеу үшін көп шығынға бататының анық болады. Міне, осыдан барып, инвестициялық жобаны іске

қоспас бұрын, алдын-ала оның тиімділігін есептеп алған жөн. Тіпті 100 беделді фирмалар ақыл бергенімен, қате жібермеймін деп ойлауға болмайды. Нарықтың аты нарық. Бәрібір тәуекелділіктің аз болғаны дұрыс. Кәсіпорын басшылары тиісті шешім қабылдаудан қорықпауы керек, олар өздерінің жоспарларын жөндеуде өте икемді болулары қажет, конъюнктураның уақытша өзгеруіне және басқадай фактордарды көре біліп, тиімді істерді бастай алулары қажет.

3. Күрделі қаржыны салуда материалдық және тиімділіктерді бағалау үйлесімділік принципі. Тиімділікті бағалаудың үш варианты бар:

1) Шығындар мен шығарудың салыстырмалы бағаларын салыстыру арқылы, яғни тек қана құндылық, ақшалай таңдау.

Бірақ әлемдік инвестиция жасау тәжірибесі тек қана тиімділіктің ақшалай бағалануы жеткіліксіз екенін көрсетіп отыр. Әсіресе, мұндай тәсілдік инфляцияның ауыздықсыз кеткен жағдайында, су түбіне мүлдем батырады. Сондықтан ақшалай бағалауды техникалық есептеумен толықтыру керек болады.

2) Тиімділіктің ақшалай және техникалық белгілерінің үйлесімділігі. Бұл тәсіл сенімдірек болады. Өйткені инвестициялық жобаға салынған технологияға көп жағдай байланысты. Өндірістік күш-қарқынның артуының өзі тікелей технологияға қарай болады да, осыдан барып, инвестициялық мақсаттардың жүзеге асуына себебін тигізеді.

3) Тиімділікті бағалаудағы таза түріндегі техникалық тәсіл. Бұл бизнестегі нарықтық бағалауды есепке алмайды, сондықтан оның қолданылуы: әзірше Қазақстан жағдайында басты орында болмай тұр.

4. Үйренушілік шығындар принципі.

Үйренушілік шығындар деген не? Бұл - жаңа инвестициялық ортаға үйренуге байланысты болған барлық шығындар. Бұларды қайта құрудан және кадрларды қайта даярлаудан жоғалтқан өнім шығарумен өлшенеді, жаңа жабдықтар қойылғанда, оны конъюнктура өзгеруіне қарай, қайтадан өзгертіп, құрастыру керек болады.

Уақытша жоғалту деген - табысты да жоғалтумен бірдей деп есептелінеді.

Өрқашанда да жаңа инвестиция жөніндегі шешім мен оны іс жүзінде асыру, орнын толтыру арасында уақытша қалып қоюшылық «лаг» бола береді. Бірден үйренушілік болмайды. Қандай да болмасын үйренушіліктің өзінің шығындары болады: жаңа хабарлар керек, жаңа технология, кадрларды қайта даярлауға қаржы керек болады. Бұлай болмағанда, тездету үшін төлеу керек. Мысалы, жаңа заводты қайта салу керек болады, оны жарты жыл ішінде. Бірақ мұндай құрылыстың құны "алтынмен" тең болып кетеді.

Өндірістік инвестициялаудағы үйренушілік шығындары одан да асып кетеді. Жабдықтарды орнаттық делік, технологиясы да дұрысталды. Бірақ нарықтық конъюнктура өзгерді де, енді технологияны қайтадан өзгертіп, оған орай жабдықтарды да қайтадан жаңғырту керектігі туады.

Қол жұмыстарын машинамен ауыстырғыңыз келді делік. Бұл да белгілі үйренушілік шығындарды керек етеді (тура және жанамалық). Солардың кейбіреулерін ғана атайық: кадрларды қайта даярлау, ескі жабдықтарды сатып,

жаңаларын орнату, жұмысшылар мен қызметкерлерге жұмыс істемеген уақыттары үшін төлеу керек (тиісті қысқартулар операцияларды), ескі келісім шарттардың орындалмай қалғандарына айыппұл төлеу.

Мұнан туындайтын қорытынды : үйренушілік шығындарды жаңадан өндірілген өнімдерді сататын бағаға қосып жіберу. Бұл баға өндіріске қажетті шикізат, материалдар, технологиялар, жабдықтарға кететін бағалардан жоғары болғанда ғана, бұл вариант бойынша капиталды салудың артықтығы айқын көрінеді. Сіздің өнімге сұраным көбейген сайын, үйренушілік шығынына да іркілмей бара беретін боласыз.

Сұраным бағасы ұсыным бағасынан көп болып, ең бастысы көп уақыт осылай тұра берсе, сіздің үйренушілік шығындарына қарамай-ақ, бұл инвестицияларыңыздың тиімділігін тәжірибе толық көрсетіп берді.

5. Мультипликаторлық (көбейткіш) принципі.

Мультипликаторлық принцип салалардың өзара байланыстылығына сүйенеді. Бұл дегенің, мәселен, автомобильге деген сұраным өзінен өзі келеді де оның технологиялық істеріне керек тауарларға да сұранымды арттырады: металдар, пластмасса, резина және тағы басқалар. Өндіріс технологиясын білу арқылы өзара қатынастық коэффициенттерді есептеп шығаруға мүмкіндік туғызады. Мысалы, егер биржалық баға белгілеуде машина жасаудың құны көтерілетіні белгілі болса, машина жасаудың технологиялық байланыстылығы бізге белгілі болғандықтан (басқа салалармен), алдын-ала бұл байланыстылықтың мультипликациялық күшті әсерін есептеп шығара аламыз. Мәселен, фирма машина жасауға пластмаса шығарады делік.

Сөйтіп, келешектегі кірістің қандай болатынын білесіз. Мультипликатор арқылы салалар арасында байланыстылықты анық көрсетіп, оны сан жағынан да білдіреді.[2; 67]

Күш беруші саланың мультипликатор арқылы нәтижесі әр түрлі және әр түрлі уақытта болады. Егер мысалы, ондай тасыңыз ауыл шаруашылық техникасы болса, онда мультипликатор және технологияны жақсы білуіңіз арқылы толқынның сізге қашан кәсіпорнына келетінін, кірісті көтере немесе азайта ма, бәрін есептеп аласыз. Инвестициялық стратегияда мұны да есептеу қажет болады.

Мультипликатордың күш әсерінің азаюы сіздің кәсіпорны саласының басқа саладағы - генераторлық сұраным мен кірісінен біртіндеп алыстай беруіне қарай болады. Кейіннен мультипликатордың күш әсері уақыты жеткен сайын әлсірей бастайды. Мұнан кейін күш беретін жаңа сала пайда болады да, инвестиция стратегиясын қайтадан түзеуге тура келеді. Өйткені рынок үнемі қозғалыста болып тұрады.

6.Q - принципі

"Q" - принципі - бұл қор биржасындағы бағалау мен актив құнын нағыз қалпына келтіру арасындағы өзара тәуелділік. Бұл тәуелділіктің көрсеткіш - қатынасы :

$$Q = \text{дің биржалық бағалануы (құндылығы)} / \text{бұл активтерді ауыстырудың (сатып алу) күнделікті шығындары.}$$

Егер бөлшек бірліктен үлкен болса, онда инвестиция жүргізу тиімді болғаны (үлкен болған сайын, одан әрі тиімді болады). Мәселен, үйдің

рыноктық (биржалық) құнының, оны салудағы күнделікті құнына қарағанда, артық болуына қарай, үй салуды ынталандырады, өйткені бұл үйді жаңа үймен ауыстыруға кететін шығындардан ол үйдің рыноктік бағасының артық болуы.

Сөйтіп, инвестициялау тиімділігі сұраным бағасы мен ұсыным бағасының өз ара қатынастарына байланысты болады. Егер тұтастай кәсіпорнын (фирманы) сатып алуға инвестицияны салуға есептегенде:

$Q = \text{фирманың барлық биржалық құны} / \text{оның материалдық бөліктерін орнына келтіру шығындары.}$

Тұтастай алғанда, бұл принциптің қолданылу деңгейінің аз болуы, мемлекеттік реттеушіліктің көп болуына қарай туады.[16;138-144]

1.4 Шет мемлекеттердегі инвестициялық қызметті қаржыландыру барысында тартымды ресурстардың құрлымы мен даму ерекшелігі

Батыс елдердің бір қатарында қазіргі несие жүйесінде инвестициялық банктер өздерінің дамуын алды. Батыс елдердің инвестициялық банктердің пайда болып, басқа банктерден бөлінуіне еңбек бөлінісі және несие аясындағы мамандану әкелді.

Инвестициялық банктердің негізгі қызметі - ұзақ мерзімді ссудалық капиталды мобилизациялау және оны қарыз алушыларға акцияларды, облигацияларды және орналастыру арқылы, қарыздық міндеттемелердің басқа түрлері арқылы беру. Әр ірі фирма, корпорация әдетте өзінің инвестициялық банкісімен жұмыс істейді және сол банктің қызметін пайдаланады. Қазіргі инвестициялық банктердің екі түрі қызмет етеді:

1.Бірінші типті инвестициялық банктер.

2.Екінші типті инвестициялық банктер.

Мұндағы бірінші типті инвестициялық банктер тек бағалы қағаздарды орналастыру және сатумен айналысады.

Ал екінші типті инвестициялық банктерге келетін болсақ олар ұзақ мерзімді несиелеумен айналысады.

Батыс Еуропаның континенталды елдеріне және дамушы елдерге негізінен осы атап кеткен екінші типті инвестициялық банктер тән. Бірінші банктер XIX ғасырдың бірінші ширегінде жауапкершілігі шектелген серіктестіктер формасында құрылған болатын. Инвестициялық банктер аса тез дамуы XX ғасырдың 20-шы жылдарында байқалады.

Инвестициялық банктердің пайда болуын негізінен мемлекеттің бағалы қағаздарын орналастырумен байланысты деп көрсетеді. Кейіннен ұйымдастырудың акционерлік формасының пайда болуымен олар үлкен компаниялар мен корпорациялар үшін олардың акциялары мен облигацияларын орналастыру арқылы ақша қаражаттарын мобилизациялайды, жаңа компанияларды құруда, қайта құруда, біріктіруде белсенді қатысады, сонымен қатар мемлекеттік биліктің барлық деңгейінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастырады, оның ішінде орталық үкіметтің бағалы қағаздарынан бастап, жергілікті әкімшіліктің бағалы қағаздарына дейін орналастырады.

Бірінші типті инвестициялық банктер соңғы кезде көбінесе корпоративті секторлардың бағалы қағаздарымен операцияларды жиі жүргізеді. Мұндай

банктер акциялар мен облигацияларды орналастыру арқылы өндіріс, транспорт және сауда кәсіпорындарының ақша қаражаттарын алуда делдал ретінде қатысады.

Бірінші типті инвестициялық банктер капиталды тарту, бағалы қағаздар нарығында қызмет көрсету бойынша бірқатар функцияларды атқарады:

- Акциялар мен облигацияларды қайта орналастырумен айналысады;
- Халықаралық бағалы қағаздарды еуровалюта нарығында орналастыруда делдал болады;
- Корпорацияларға инвестициялық стратегияның сұрақтары бойынша және бухгалтерлік есеп пен есеп беру жөнінде кеңестер береді.

Қазіргі кезде бұл банктерсіз бағалы қағаздарды сату өте қиынға түседі. Көптеген компаниялар инвестициялық банктердің көмегінсіз ұзақ мерзімді ақша қаражаттарын ала алмаған болар еді. Кейбір мемлекеттердің қазіргі тәжірибесінде мұндай банктер компанияның бағалы қағаздарын орналастырумен айналыспасада, компаниялар құрылып қызмет ете алмайды. Осындай елдердің қатарына келесі елдерді мысалға келтіруге болады: Канада, Ұлыбритания, Австралия, Америка Құрама Штаттары.[5; 97-99]

Екінші типті инвестициялық банктер соғыстан кейінгі батыс Еуропаның экономикасын қалпына келтіруде және дамушы елдердің салаларын құруда үлкен рөл атқарды. Осыған байланысты келесі бірқатар елдерді ерекше бөліп көрсеткен дұрыс болады: Франция, Италия, Испания, Португалия, Скандинавия елдері. Аталған елдерде аралас және мемлекеттік инвестициялық банктер өндірісі ұзақ мерзімді несиелеудің және онда жаңа салалардың құрылуының жоғары деңгейін қамтамасыз етті. Аралас және мемлекеттік типтегі инвестициялық, әлеуметтік экономикалық даму бағдарларын және экономиканы тұрақтандыру жоспарларын іске асыруға белсенді қатысты. Қазіргі кезде бұл инвестициялық банктер ссудалық капитал нарығында әртүрлі операцияларды жүргізеді: заңды және жеке тұлғалардың жинақтарын аккумуляциялайды, орта және ұзақ мерзімді несиелеу жүргізеді, жеке және мемлекеттік бағалы қағаздарға салымдар жасайды, әртүрлі қаржылық қызметтерді дамытады.

Дамушы мемлекеттердегі мұндай инвестициялық банктер негізінен 1960 жылдары олар саяси тәуелсіздік алғаннан кейін пайда болды. Бұл банктерді құруға дамыған елдердің банктерді белсенді қатысты. Дамушы елдердің инвестициялық банктері орта және ұзақ мерзімді несиелеумен, бағалы қағаздармен операциялармен айналысады. Сонымен қатар, бірқатар елдердің бірінші типті және екінші типті инвестициялық банктердің операцияларын қатар асыратын банктер қызмет етуде.

Көптеген елдерде инвестициялық банктердің қызметін басқа да қаржылық-несиелік мекемелер немесе коммерциялық банктер атқарады.

Тест түріндегі сұрақтар

1.Инвестициялық қызметті қалай түсінесіз?

А. Инвестицияларды сату және кәсіпкерлікті жүзеге асыру бойынша тәжірибелік әрекеттер жиынтығы.

В. Инвестицияларды салып және инвестицияларды жүзеге асыру бойынша тәжірибелік әрекеттер жиынтығы.

С. Инвестицияларды жүзеге асыру бойынша тауарларды сатудың тәжірибелік әрекеттер жиынтығы.

Д. Инвестицияларды қорғау және саудагерлікті жүзеге асыру бойынша тәжірибелік әрекеттер жиынтығы.

2. Кәсіпкер деп кімді айтамыз?

А. Белгілі бір тәуекелділікпен өз ақшасын депозитке салушы адам.

В. Белгілі бір тәуекелділікпен тауарды сатып алушы адам.

С. Белгілі бір тәуекелділікпен өз капиталын салушы адам.

Д. Белгілі бір тәуекелділікпен шетелден өз ақшасына тауар сатып алған адам.

3. Саудагер деп кімді айтамыз?

А. Белгілі алдын-ала есептелінген тәуекелділікке бара отырып ғылыммен айналасуға дайын адам

В. Белгілі алдын-ала есептелінген салық төлеуге дайын адам.

С. Белгілі алдын-ала есептелінген депозитке ақшасын салуға дайын адам.

Д. Белгілі алдын-ала есептелінген тәуекелділікке баруға дайын адам.

4. Ойыншы деп кімді айтамыз?

А. Қандай да болмасын тәуекелділікке баруға дайын адам.

В. Қандай да болмасын жарысуға баруға дайын адам.

С. Белгілі алдын-ала есептелінген депозитке ақшасын салуға дайын адам.

Д. Белгілі алдын-ала есептелінген тәуекелділікке бара отырып ғылыммен айналасуға дайын адам.

5. Инвестициялық жобаларды іске асыру не береді?

А. Экономикалық теорияны зерделейтіндігіне және осы заманғы басқарудың әдістерін меңгеруге мүмкіндік береді.

В. Алған білімінің дәрежесіне сәйкес кез келген ұжымдарға жұмыс істей алуына мүмкіндік береді.

С. Өндірісті жетілдіріп, сатылатын тауарлардың сапасын арттыру онымен қоса жұмыс орындарының көбейіп, тұрғындарды еңбекпен толығымен қамтамасыз етуге, сөйтіп халқымыздың өмір деңгейінің өсуіне мүмкіндік береді.

Д. Нарықтық қатынастар талабына сай клиенттермен жұмыс істеу мүмкіндігін береді.

6. «Сылап-бітеу» (замазкалау) деген принципті қалай түсінесіз?

А. Инвестициялық жобаларды сылап-бітеу арқылы капиталды сіңіру.

В. Инвестициялық жобаларды іске асыруға қимыл-әрекеттерге барып, сылап-бітеу процесіне барып өткізіп жіберу.

С. Инвестициялық жобаларды дилерлердің көмегімен сылап-бітеу процесін жүзеге асыру.

Д. Сылап-бітеу процесінен шыға алмай, байланысың да қаласың, өйткені инвестициялық жоба күшіне еніп алғаннан кейін еркін қимыл-әрекеттерге баруың шектеулі болып қалады.

7. Үйренушілік шығындар деген не?

А. Бұл - жаңа инвестициялық мақсатқа байланысты болған барлық шығындар. Бұларды қайта жөндеуден және кадрларға төленген еңбекақымен өлшенеді,

жаңа жабдықтар сатқанда, оны конъюнктура өзгеруіне қарай, қайтадан өзгертіп, сату керек болады.

В. Бұл - жаңа инвестициялық ортаға үйренуге байланысты болған барлық шығындар. Бұларды қайта құрудан және кадрларды қайта даярлаудан жоғалтқан өнім шығарумен өлшенеді, жаңа жабдықтар қойылғанда, оны конъюнктура өзгеруіне қарай, қайтадан өзгертіп, құрастыру керек болады.

С. Бұл – жаңадан сатып алынған инвестицияға байланысты болған барлық шығындар. Бұлар қайта ақауларын жөндеуден және мамандарға төленген еңбекақымен өлшенеді, жаңа жабдықтарды жөндегенде, оны конъюнктура өзгеруіне қарай, қайтадан өзгертіп, жөндеу керек болады.

Д. Бұл – жаңадан сатуға байланысты инвестицияда болған барлық шығындар. Бұларды қайта орнатуға және кадрларға төленген еңбекақымен өлшенеді, жаңа жабдықтарды орнатқанда, оны конъюнктура өзгеруіне қарай, қайтадан өзгертіп, орнату керек болады.

8. Мультипликаторлық (көбейткіш) принципі деген бұл:

А. Мультипликаторлық принцип - салалардың өзара байланыстылығына сүйенеді. Бұл дегенің, мәселен, автомобильге деген сұраным өзінен өзі келеді де оның технологиялық істеріне керек тауарларға да сұранымды арттырады: металдар, пластмасса, резина және тағы басқалар.

В. Мультипликаторлық принцип салалардың өзара даралығына сүйенеді. Бұл дегенің, мәселен, автомобильден түсетін түсім өзінен өзі келеді де оның технологиялық істеріне керек тауарлар қымбаттайды да сұранымды арттырады: металдар, пластмасса, резина және тағы басқалар.

С. Мультипликаторлық принцип салалардың өзара жіктелуіне сүйенеді. Бұл дегенің, мәселен, автомобильге деген бөлшектер өзінен өзі келеді де оның технологиялық істеріне керек тауарларға да бөлшектерді арттырады: металдар, пластмасса, резина және тағы басқалар.

Д. Мультипликаторлық принцип салалардың өзара бәсекелестігіне сүйенеді. Бұл дегенің, мәселен, автомобильге деген бензин өзінен өзі келеді де оның технологиялық істеріне керек тауарларға да жанар-жағар майды арттырады: металдар, пластмасса, резина және тағы басқалар.

9. Инвестициялық банктердің негізгі қызметін қалай түсінесіз?

А. Ұзақ мерзімді ссудалық капиталға негізгі құралдарды және оны сатып алушыларға акцияларын, облигацияларын орналастыру арқылы, қарыздық ұтыстың басқа түрлері арқылы беру.

В. Ұзақ мерзімді ссудалық капиталды сатып алу және оны қарыз берушілерден акцияларды, облигацияларды және орналастыру арқылы, қарыздық міндеттемелердің басқа түрлері арқылы сатып алу.

С. Ұзақ мерзімді ссудалық капиталды мобилизациялау және оны қарыз алушыларға акцияларды, облигацияларды орналастыру арқылы, қарыздық міндеттемелердің басқа түрлері арқылы беру.

Д. Ұзақ мерзімді ссудалық капиталды арзанға сату және оны қарыз алушыларға акцияларды, облигацияларды орналастыру арқылы, қарыздық қымбаттатудың басқа түрлері арқылы беру.

10. Аннуитет дегенді қалай түсінесіз?

А. Жеке адамның тауып алған инвестициясы. Бұл зейнеткер болып кеткеннен кейін, кейбір аралықтарда оған үнемі белгілі болған иесі келіп беріп тұратын салымы.

В. Жеке адамның салған инвестициясы. Бұл зейнеткер болып кеткеннен кейін, кейбір аралықтарда оған үнемі белгілі кіріс әкеліп тұратын салымы.

С. Жеке адамның сатып алған инвестициясы. Бұл зейнеткер болып кеткеннен кейін, кейбір аралықтарда оған үнемі белгілі зиян әкеліп тұратын салымы.

Д. Жеке адамның ұтып алған инвестициясы. Бұл зейнеткер болып кеткеннен кейін, кейбір аралықтарда оған үнемі белгілі ұтыс әкеліп тұратын салымы.

11. Инвестицияның көзі болып нелер саналады?

А. Жаңадан қалыптасқан баланс немесе таза шоттардың жинақталған бөлігі саналады.

В. Жаңадан қалыптасқан кәсіпорын немесе таза жеке тұлғалардың жинақталған бөлігі саналады.

С. Жаңадан қалыптасқан қағаз немесе таза барақтардың жинақталған бөлігі саналады.

Д. Жаңадан қалыптасқан құн немесе таза табыстың жинақталған бөлігі саналады.

12. Нақты инвестициялар дегеніміз не?

А. Бұл кәсіпорынның негізгі отындарын және жағар–жанар май қорын кемітуге салынатын салымдар.

В. Бұл кәсіпорынның негізгі шоттары және есеп-шоттар қорын алуға салынатын салымдар.

С. Бұл кәсіпорынның негізгі капиталын және материалдық - өндірістік қорын өсіруге салынатын салымдар.

Д. Бұл кәсіпорынның негізгі босалқы бөлшектерін және жартылай фабрикаттар қорын өсіруге салынатын салымдар.

13. Атаулы бағалы қағаздар дегеніміз қалай түсінесіз?

А. Атаулы бағалы қағаздар бойынша құқық беретін адам соған сәйкес келетін талаптарды орындамау керек, ондағы тиесілі талаптың заңды еместігіне жауап бермейді.

В. Атаулы бағалы қағаздар бойынша құқық беретін адам соған сәйкес келетін талаптардың орындалуы емес, ондағы тиесілі талаптың заңды еместігіне жауап береді.

С. Атаулы бағалы қағаздар бойынша құқық беретін адам соған сәйкес келетін жобалардың орындалуы емес, ондағы тиесілі жобаның заңды еместігін білмейді.

Д. Атаулы бағалы қағаздар бойынша құқық беретін адам соған сәйкес келетін талаптардың көптігі емес, ондағы тиесілі талаптың аз болуына жауап береді.

14. Муниципалдық бағалы қағаз – ол:

А. Жергілікті атқарушы органдардың пассив және сыртқы қарыз міндеттемесі.

В. Жергілікті атқарушы органдардың ішкі және сыртқы қарыз міндеттемесі.

С. Жергілікті атқарушы органдардың ішкі және сыртқы жарғылық капитал туралы міндеттемесі.

Д. Жергілікті атқарушы органдардың қарыз міндеттемесі, ол жергілікті бюджетпен және коммуналдық меншікпен кепілдік береді.

15. ҚР Үкіметінің атынан шығарылған бағалы қағаз:

А. Ол мемлекеттік қарыз көлемінде нақты өндірістік жобаларды қаржыландыру мақсатына инфляциялық емес үлесін толтыруға шығарылатын бағалы қағаз.

В. Ол жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қарыз көлеміндегі қарыз міндеттемесі.

С. Ол жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қарыз көлеміндегі сатып алынған бағалы қағазы.

Д. Ол мемлекеттік қарыз көлемінде республикалық спорт тапшылығын инфляциялық емес үлесін толтыру мақсатында шығарылатын бағалы қағаз.

16. Инвесторлар – ол:

А. Субъектілердің ұзақ мерзімді активтерін қалыптастыру, меншігіндегі қаражаттарын инфляциядан сақтау, акциялардан дивиденттер, облигациялардан пайыз түрінде табыс табу ісін жүзеге асыру үшін бағалы қағаздарға өз қаражаттарын салу.

В. Субъектінің заңға сәйкес резервтік капиталдарын қалыптастыру немесе шаруашылық қызметтерін жүзеге асыруға қажет қаражаттарды тарту мақсатына шығарылатын бағалы қағаз.

С. Жергілікті атқарушы органдардың ішкі және сыртқы қарыз міндеттемесі үшін бағалы қағаздарға өз қаражаттарын салу.

Д. Субъектілердің ұзақ мерзімді несиелерін қалыптастыру, меншігіндегі қаражаттарын инфляциядан сақтау үшін жергілікті атқарушы органдардың ішкі және сыртқы қарыз міндеттемесіне өз қаражаттарын салу.

17. Корпоративтік бағалы қағаздар – ол:

А. Субъектінің заңға сәйкес балансын қалыптастыру немесе шаруашылық қызметін іске асыру үшін пайда және зиян есебін тарту мақсатында шығарылатын бағалы қағаздары.

В. Субъектінің заңға сәйкес жанар-жағар май қорын қалыптастыру немесе шаруашылық қызметін іске асыру үшін несие тарту мақсатында шығарылатын бағалы қағаздары.

С. Субъектінің заңға сәйкес жарғылық капиталды қалыптастыру немесе шаруашылық қызметін іске асыру үшін қаражаттарды тарту мақсатында шығарылатын бағалы қағаздары.

Д. Субъектінің заңға сәйкес пайда және зиян есебін қалыптастыру немесе шаруашылық қызметін іске асыру үшін жұмысшыларды тарту мақсатында шығарылатын бағалы қағаздары.

18. Ақша нарығы дегенімізді қалай түсінесіз?

А. Қысқа мерзімді жазу қағаздардың алынуы мен сатылуын көрсетеді және ол ағымдағы нарықтың бір бөлігі.

В. Қысқа мерзімді бағалы қағаздардың алынуы мен сатылуын көрсетеді және ол қаржылық нарықтың бір бөлігі.

С. Қысқа мерзімді тұс қағаздардың алынуы мен сатылуын көрсетеді және ол құрылыстық нарықтың бір бөлігі.

Д. Қысқа мерзімді ақша резервтің алынуы мен сатылуын көрсетеді және ол активті нарықтың бір бөлігі.

19. Қоржындық (портфельдік) инвестициялау-ол:

А. Қоржындық (портфельдік) инвестициялаудың объектілері ретінде әр түрлі қорлар: инвестициялық, зейнетақы, және басқада шартты түрдегі қоғамдар әрекет етеді.

В. Қоржындық (портфельдік) инвестициялаудың объектілері ретінде әр түрлі елдер: Америка, Германия, және басқада елдер шартты түрлерде әрекет етеді.

С. Қоржындық (портфельдік) инвестициялаудың объектілері ретінде әр түрлі тауарлар: өндірістік тауарлар, импорттық тауарлар, және шартты түрдегі тауарлар әрекет етеді.

Д. Қоржындық (портфельдік) инвестициялаудың объектілері ретінде әр түрлі бағалы қағаздар: акциялар, облигациялар, бағалы қағаздардың шартты түрлері әрекет етеді.

20. Ақша нарығының қоржындары (портфелі)-ол:

А. Ақша нарығының қоржындары (портфелі) зейнетақыны толық сақтау мақсатынан тұрады. Оның құрамына жеке тұлғалардың қаражаттары мен тез сатылатын активтер кіреді.

В. Ақша нарығының қоржындары (портфелі) капиталды толық сақтау мақсатынан тұрады. Оның құрамына ақшалай қаражат пен тез сатылатын активтер кіреді.

С. Ақша нарығының қоржындары (портфелі) тауарлық биржаны толық сақтау мақсатынан тұрады. Оның құрамына тауарлар мен тез сатылатын активтер кіреді.

Д. Ақша нарығының қоржындары (портфелі) капиталды толық сату мақсатынан тұрады. Оның құрамына ақшалай қаражат пен тез сатылатын машиналар кіреді.

2. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАР ЕСЕБІ

2.1 Инвестицияның анықтамасы

2.2 Акцияларды шығару және орналастыру есебі

2.3 Бағалы қағаздарды сатып алу есебі

2.4 Бірлесіп бақыланатын шаруашылық серіктестіктердің, еншілестердің және тәуелді серіктестіктердің инвестициясының есебі

2.5.Брокерлік және дилерлік ұйымдардың есебі

2.1 Инвестицияның анықтамасы

Инвестициялық қорлар (ИҚ) – жеке және ұжымдық тұлғалар ақша қаражаттарын немесе активтерін басқару үшін кәсіпқой инвестициялық менеджерлерге беруге мүмкіндік беретін механизм. Мыңдаған инвесторлардың инвестициялық қорларға салған салымдары бір портфель ретінде басқарылып, әр инвестордың инвестициялық қорларға қосқан инвестициясына пропорционалды үлестері болады. Бұл келесідей артылықшылықтар береді:

- *Кәсіби басқару* - акцияларды таңдау процедурасы мен қорлар қор нарығындағы жұмысқа ұсақ жеке инвесторлардың не білімі, не уақыты жетісе бермейді, бірақ олар акциялар мен облигацияларға салынған қаражаттан артықшылық алғылары келеді;

- *Диверсификация* – портфельді басқаруда диверсификация қауіптілікті төмендетеді, бірақ ұсақ инвесторлар операцияны өткізудің шығыны көп болуына байланысты және аз акция санымен бұған экономикалық жолмен қол жеткізе алмайды;

- *Шығындарды төмендету* – көп санды ұсақ инвестицияны бір үлкен портфель ретінде басқарғанда операциялардың ауқымының азаю есебінен үнемге жетуге болады, осыдан ұсақ инвесторлар басқару төлемінің аздығынан тиімділікке қол жеткізулеріне болады;

- *Сенімділік*- барлық елдерде іс жүзінде инвестициялық қорлар ұсақ инвесторлардың мүдделерін қорғауға бағытталған заңмен реттеудің объектісі болып табылғандықтан, инвестор өз қаражаттарының дұрыс деңгейде басқарылып, айтарлықтай дәрежеде қорғалатынына сенімді болуы керек.

Инвестициялық қорлар бағалы қағаздар нарығына оң әсерін тигізеді. Халықтың, институтталынған инвесторлардың, жарналық қорлардың уақытша бос ақша қаражаттары инвестициялық сұранысты көбейтіп бағалы қағаздардың айналымын ынталандырып, ақырында инвестициялық ресурстардың өндіріске құйылуына мүмкіндік туғызады. Инвестициялық қорлардың қызметі «Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қорлар туралы» Заңымен реттелініп, инвестициялық қорларды ұйымдастырудың негізгі принциптерін белгілеп, бағалы қағаздар уәкілетті органның нормативтік актілерімен реттеледі. Инвестициялық қорлар ашық акционерлік қоғам түрінде құрылады және қаражаттарын болашақта бағалы қағаздарға инвестициялау мақсатында өз акцияларын шығарып, оны ашық орналастырып ақшалай қаражаттарды тарту арқылы ерекше қызметті жүзеге асырады. Инвестициялық қорлар бағалы қағаздардың басқа түрлерін шығара алмайды. Акционерлермен өзара қарым-қатынасына байланысты инвестициялық қорлар төмендегідей болады:

-өзара инвестициялық қорлар (ӨИК) –бұл ашық инвестициялық қорлар, олар өздерінің эмитенттелінетін акцияларын заңмен белгіленген бағамен кері сатып алуға міндетті. Олар дамыған елдерде кең тараған, ол соңғы жылдары неғұрлым динамикалық жолмен дамитын қаржылық институттар болып табылады.

- инвестициялық компаниялар (ИК) – бұл жабық инвестициялық қорлар, акционерлер қорынан өзі эмиссияланған акцияларды кері сатып алуға міндетті емес.

Инвестициялық қорлар типі қорлардың жарғысында көрсетілуі тиіс. Инвестициялық қорлардың типтерінің өзгеруі заңға сәйкес уәкілетті органға тіркеледі. Инвестициялық қорлардың құрылуы мен қызметі ашық акционерлік қоғам құруға арналған заңдамамен және «Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қорлар туралы» Заң ережелерін есепке ала отырып реттеледі. Инвестициялық қорлардан портфельінде акциялары бар, акционерлік қоғамдар оны басқаруға қатысуға құқығы бар. Бұл құқықтарды шектеу заңға сәйкес жауапкершілікке тартылады. Инвестициялық қорлардың акционерлері кез келген тұлға бола алады.

Инвестициялық қордың құрылтайшылар жиналысында міндетті түрде инвестициялаудың мақсатын, стратегиясын, бағытын, бағалы қағаздар портфельінің диверсификациялау нормаларын және басқа да шектеулерді анықтайтын инвестициялық декларация (ИД) бекітіледі. Өзара қорлардың

инвестициялық декларациясында портфелінің бағалы қағаз өтімділігі жөнінде шектеулер жазылады. Өзара қордың бағалы қағаздар портфеліне тиісті мәміле жасалар кезде орын алып отырған бағасы, олардың нарықтық құнының он пайызынан аспайтын мөлшерде төмендеген кезде, он күннен аспайтын мерзімде сатуға болатын бағалы қағаздар ғана енгізілуі мүмкін. Инвестициялық қорлардың қызметі қатаң шектеледі және бақыланады.

Инвестициялық қордың ол шектеулері:

- инвестициялық қордың еншілес кәсіпорындарын құруға және осы қордың аффилирлендірілген тұлғалармен мәміле жасауға;

- алты айдан артық мерзімге қарыз (заем) қаржаттарын тартуға;

- инвестициялық қорлардың акциясы бойынша табысты, сонымен қатар портфельдегі бағалы қағаздардың өтімділігін шектейтін, инвестициялық қорлардың жарғысына және Қазақстан Республикасы заңдарына қайшы келетін міндеттемелерді өзіне қабылдауға;

- бағалы қағаздардың портфелінде өзара қорлар үшін 10% және инвестициялық компаниялар үшін 20%- дан аспайтын бір элементтің бар болуына;

- инвестициялық қорлардың, аффилирлендірілген тұлғалардың, өздерінің кастодиалдары мен тіркеушілерінен бағалы қағазды алуға;

- меншік акцияларды сату және сатып алудың пирамидалық жүйесін құруға;

- таза активтердің 10%-нан артық мөлшерде кепіл зат мәмілесін жасауға және кез келген кепілдіктер мен басқа да шектеулер беруге.

Портфельді басқару – бұл инвестициялық қорлардың инвестициялық декларациясына сәйкес компания басшысының нысаналы қызметі. Компанияның басшысы бағалы қағаздардың ұлттық уәкілетті органдарының берген лицензиясы бар және инвестициялық қормен оны басқару туралы жасалған шарт негізінде жұмыс істейтін заңды тұлға болуы мүмкін.

Қаржы нарығының ажырамас бөлігінің бірі бағалы қағаздар нарығы (БҚН) болып табылады. Инвестицияны (бағалы қағаздарды – БҚ) есепке алуды қарастырмастан бұрын инвестиция, инвестор, эмитент т.с.с. түсініктерді анықтап алу қажет.

Эмитенттер – бұл нақты өндірістік немесе әлеуметтік жобаларды қаржыландыру үшін қаражаттарды тарту мақсатында бағалы қағаздар шығаратын және бағалы қағаздардың иеленушілерінің алдында өз атына міндеттемелер алатын субъектілер.

Бағалы қағаздар акциялар, облигациялар, туынды бағалы қағаздар, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңына сәйкес бағалы қағаздардың статусы бар ипотекалық куәліктер, коносаменттер және құжаттардың басқа да түрлері болып табылады.

Мемлекеттік бағалы қағаздар – бұл Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің (ҰБ) ішкі және сыртқы борыштық міндеттемелері. Үкімет Қаржы Министрлігінің атынан бюджет тапшылығын инфляциялық емес жабу мақсатында мемлекеттік борыш шегінде бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асырады. Ұлттық Банк айналыстағы ақша массасын реттеу мақсатында бағалы қағаздарды эмиссиялайды.

Қазіргі уақытта Қаржы Министрлігі мемлекеттік ішкі заемның ұлттық жинақ облигацияларын, айналыс мерзімі 3, 6, 9, 12 айлық мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелер, айналыс мерзімі 1 жыл және одан жоғары индекстелген қазынашылық міндеттемелерін, айналыс мерзімі 5 жылдық арнайы мемлекеттік валюталық облигацияларын, Ұлттық Банк – қысқа мерзімді валюталық ноталар, айналыс мерзімді ноталар шығарады.

Муниципалдық бағалы қағаздар – бұл жеткілікті атқарушы органдардың қарыз міндеттемесі, ол жергілікті бюджетпен және коммуналдық меншікпен кепілдік береді. Муниципалдық бағалы қағаз аймақтық әлеуметтік бағдарламаны орындау мақсатында шығарылады. Ол құрылыс, ауруханалар мен бала-бақшаласын және үйлер мен мектептерді, жолдарды жөндеу, керекті мүліктер сатып алу т.б. үшін пайдаланылады.

Корпоративтік бағалы қағаздар – субъектінің заңға сәйкес жарғылық капиталды қалыптастыру немесе шаруашылық қызметін іске асыру үшін қаражаттарды тарту мақсатында шығарылатын бағалы қағаздары.

Инвесторлар – ұзақ мерзімді пайдаланылатын активтер құру, өз қаражаттарын инфляциядан сақтау мен акциядан дивиденд түрінде, облигациялардан сыйақы түрінде табыс алу мақсаттында өз қаражаттарын бағалы қағаздарға салатын субъектілер.

Егер эмитенттер – меншік және айналысатын қызметімен сала түрлеріне қарамастан әр уақытта тек заңды тұлғалар болса, инвесторлар өз алдына екі топқа бөлінеді:

- жеке инвесторлар, яғни жеке және заңды тұлғалар;
- институттандырылған инвесторлар, былайша айтқанда қаржы институттары, инвестициялық және мемлекеттік емес зейнетақы қорлары, сақтандыру ұйымдары т.б.

Инвестициялық мақсаттарын шешуге байланысты венчурлік, төте және портфельдік инвесторларға ажыратылады.

Венчурлік инвесторлар – қауіпті тәуекелге байланысты және тез қайтарымды күрделі салым инвесторлары. Бұл жаңа құрылып жатқан мұнай және газ компанияларына, жаңа компьютерлік жүйелер мен бағдарламалық өнімдерге, технологияларға т.б. салынатын салымдар.

Төте (тура) инвесторлар – белсенді басқару және табыс табу мақсатымен шаруашылық субъектісінің жарғылық капиталына қаражаттарын тура (төте) салатын инвесторлар.

Портфельдік инвестициялар – қауіпті тәуекелділік жағдайында өте жоғары табыс алуды қамтамасыз ету немесе төменгі тәуекелділікпен белгіленген нормадағы табыс алу мақсатында активтерін тиімді үйлестіре отырып орналастыру, яғни әр түрлі санды инвестицияларға иемдене отырып оптималды табыс табу.

Инвестициялар – бұл ұйымның табыс алу (мысалы, сыйақы (мүдде), роялти, дивидендтер мен жал төлемі), инвестицияланған капиталды өсіру немесе басқа да (мысалы, коммерциялық қатынастар нәтижесінде) мақсатында иеленетін активтері. Инвестицияларға сонымен қатар қолданылмай тұрған қозғалмайтын мүлікте жатады. Одан басқа да тиімді инвестицияға инвестор өзі шығарып өндіретін өнімге қажет шикізат алатын жабдықтаушы кәсіпорындардың

акциясына сатып алу жатады. Мұндай салым инвестордың өндіріс процесін бұзылудан, тоқтап қалудан сақтайды. Инвестициялар (И) бухгалтерлік есептің стандартына сәйкес иелену мерзіміне қарай қысқа (қ.м:) мерзімді және ұзақ мерзімді (ұ.м:) болып жіктеледі.

Инвестициялар үлестік және борыштық бағалы қағаздармен берілуі мүмкін.

Операцияларды есепке алу және Инвестицияның қолда бар болуы мен қозғалысы туралы ақпаратты кеңірек түсіну үшін типтік бухгалтерлік есептің шоттар жоспарының 1100 «Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар» бөлімшелерінің шоттары арналған.

Бухгалтерлік есеп стандартының инвестицияларды иелену мерзімдері туралы ақпараттарды ұсыну туралы талабы берілген бөлімшелердің шоттарына сәйкес субшоттардың ашылуымен орындалады. Үлестік бағалы қағаздар әдетте жай және артықшылығы бар акциялармен көрсетіледі. Бірақ үлестік бағалы қағаз ретінде акциядан басқа иелену мен мүліктегі үлесін сату құқығын растайтын кез келген қаржылық құрал болуы мүмкін (корпорация – эмитенттен шығарылып, кейіннен қайта сатып алынған облигациялар мен акциялардан, сонымен қатар өтелуге ұсыныла алатын артықшылығы бар акциялардан басқасы).

Борыштық бағалы қағаздар әдетте облигациялармен, қазынашылық вексельдермен, депозиттік сертификаттармен т.б.көрсетіледі.

Облигация – эмитенттің инвесторлар арасында орналастырылған қарыздың түрін білдіретін қаржылық құрал. Облигациялар белгілі бір мерзімде өтелуі керек және сыйақыны (мүддені) кезеңдік түрде төлеуін талап етеді.

Ұйымның иелігіндегі бағалы қағаздардың жиынтығы *инвестициялық портфель* деп аталады. Қысқа мерзімді инвестициялар тез өткізілуі мүмкін және бір жылдан көп сақталынбайды деп болжанатын инвестициялар.

Субъект өзінің есеп саясатында инвестицияны бағалау әдісін және қайта бағалау кезеңдерін белгілеулері керек. Олар есеп саясатын есеп беру кезеңдерінде басшылыққа алулары керек.

Кез келген қаржылық инвестицияны есепте сатып алу құнымен есепке алады. Сатып алу құнына тек жеке қаржылық инвестицияның құны ғана кірмейді. Оған комиссияндық және дилерге, брокерге, қор биржасына, тәуелсіз тіркеушілерге, т.б.төленетін сыйақылардан тұрады.

Комиссияндық сыйақы мөлшері келісім - шартта көрсетіліп айтылады. Мысалы, аукционнан мемлекеттік қысқа мерзімді қазыналық міндеттемені тек арнайы рұқсаты бар банк-дилер арқылы ғана сатып алуға болады. Ал комиссияндық сыйақының шарттары әр түрлі, біреулері мәміледе көрсетілген сомадан алса, екінші біреулері номиналдық құннан алады, ал үшінші біреу тиіс (мүмкін) табысынан алады т.б.

Болашақ алдағы уақыттағы қысқа мерзімді инвестициялар:

- 1) ағымдағы құны бойынша;
- 2) сатып алу құны мен ағымдағы құнының ішіндегі азы бойынша есептелуі мүмкін.

Ағымдағы құн – активті нарықта инвестициялық сатудан алынуы мүмкін сома. Ол жалпы экономикалық жағдай, инвесторлардың бұл компанияға көзқарасы компаниямен алынатын табыс тағы сол сияқты әр түрлі факторларға

байланысты. Егер ұйым қысқа мерзімді инвестицияларды ағымдағы құны бойынша есептейтін болса, онда құнның өзгеруін кезеңді түрде есептеп отыру қажет. Бұл жағдайда құнның өсуі табыс ретінде, ал кемуі шығыс ретінде танылады. Бұл табыс немесе шығыс сол пайда болған есеп беру кезеңіндегі табыс немесе шығыс болып есептелінеді. Мысалы, А компаниясы 200х жылы 30 қарашада сатып алу құны бойынша бір данасына 2000 теңге бағамен 100000 теңгеге акция түріндегі қысқа мерзімді инвестицияларды сатып алды. Осы жылдың 31 желтоқсанында қор биржасындағы котировканың мәліметтері бойынша бұл бағалы қағаздардың бағасы (бір данасы) 2050 теңге болды. Осы жылдағы қаржылық есеп беруде инвестицияның (акцияның) мәліметтері 102500 теңге құны бойынша көрсетіледі (2050х50 дана) ал 2500 сомасы табыс деп танылады.

2.2 Акцияларды шығару және орналастыру есебі

Мемлекеттік меншікті жекешелендірудің ұлттық бағдарламасын жүзеге асыру процесінде жаңа құқықтық субъектілер пайда болды – ол акционерлік қоғамдар. Қабылданған заңға сәйкес ҚР аумағында тек акционерлік қоғамдар ғана айналымға акциялар шығаруға құқы бар.

Бухгалтерлік есепте эмитент, яғни айналымға акция шығарған акционерлік қоғам, жарияланған, шығарылған және айналымда бар акциялар туралы ақпарат бухгалтерлік есеп шоттар жоспарының «Капитал және резервтер» тарауындағы шоттарында және баланстың пассивінде сипатталады.

Акционерлік қоғам эмиссияны тіркеу туралы куәліктің негізінде өзінің жарғылық капиталын жай және артықшылығы бар акцияларға бөледі, ол 5011 «Жай акциялар», және 5012 «Артықшылығы бар акциялар» шоттарындада жазылады, ондағы тіркелген жарғылық капитал номиналдық құн бойынша есептелінеді. Эмитент бухгалтериясы бұл операцияны 5020 «Төленбеген капитал» шотпен корреспонденцияда 5011 «Жай акциялар», 5012 «Артықшылығы бар акциялар» шоттарының кредитінде көрсетеді. Бұл жазу жарияланған акциялар туралы ақпараттарды сипаттайды.

Мысалы, «А» акционерлік қоғам өзінің акцияларының эмиссиясын 15 млн. тг. Жарғылық капиталға тіркейді, ол ақшамен қалыптасқан және оның келесі құрылымы бар: 100 теңгелік номиналдық құнмен жай акция – 9,0 млн. және артықшылығы бар – 6,0 млн. акциялар бар.

«А» акционерлік қоғам бухгалтериясы бұл операцияны келесі жазу арқылы сипаттайды:

Тіркеліп жарияланған капитал сомасына -

Дт 5020 «Төленбеген капитал» – 15 млн. теңге;

Кт 5011 «Жай акциялар» – 9 млн. теңге;

Кт 5012 «Артықшылығы бар акциялар» – 6 млн. теңге;

Төленген капитал сомасына -

Дт 1040,1010 «Ақша қаражаттары» – 15 млн. теңге;

Кт 5020 «Төленбеген капитал» – 15 млн. теңге;

Жарғылық капитал әрқашан ақша есебінен қалыптаспайды, бұл дегеніміз, өзінің акцияларының орнына эмитент келісімі бойынша кез келген активті

алуына болады. Акциялардың төленгенін растау үшін келесі құжаттар қабылданады:

1) барлық бастапқы құжаттары көрсетілген аты, нөмірі, күні жарғылық капиталды қалыптастыру туралы аудиторлық қортынды;

2) ақша салған кездегі – төлем құжаттарының көшірмесі;

3) материалдық және материалдық емес активтер түрінде салынған салымдарды қабылдау-өткізу актілері және т.б.

Бұл жағдайда жылжымайтын мүлік, көлік құралдары сияқты материалдық активтер түрінде салынған салымдарды міндетті түрде жекеменшік құқығын салушы акционер-инвестордан акционерлік қоғамға қайта тіркеу қажет. Жердің және жылжымайтын мүліктердің өту құқығын жерді және жылжымайтын мүліктің орналасқан жеріндегі органдар жер есебі бойынша жер кітабына тіркеу арқылы жүзеге асырылады. Көлік құралдарына меншік құқықтарының ауысуы техникалық төлқұжатқа жазған жазулар арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, «С» акционерлік қоғам 15 млн. теңге көлемінде эмиссиясын тіркеді, ол 500 теңге номиналымен 30000 акциядан тұрады. Эмиссия құрылымы келесідей:

- жалпы сомасы 3 млн. теңгелік 6000 артықшылығы бар акциялар;

- жалпы сомасы 12 млн. теңгелік 24 мың жай акция;

Сонымен қатар жай акциялар есебінен 6 млн. теңгеге ғимаратты, 2,5 млн. теңгеге шикізат пен материалдар және 1,5 млн. теңгеге тауарларды енгізу жоспарланып отыр, ал қалған жай және артықшылығы бар акциялар сомасы ақша есебінен орналастырылады, артықшылығы бар акциялар үшін төлеу касса арқылы, ал жай акциялар үшін – есеп айырысу шоты арқылы жүргізіледі:

«С» акционерлік қоғам бухгалтериясы оны былай көрсетеді:

Тіркеліп жарияланған капитал сомасына -

Дт 5020 «Төленбеген капитал» – 15 млн. теңге;

Кт 5011 «Жай акциялар» – 12 млн. теңге;

Кт 5012 «Артықшылығы бар акциялар» – 3 млн. теңге;

Төленген капитал сомасына -

Дт 2412 «Ғимараттар» – 6 млн. теңге – ғимарат сомасына;

Дт 1311 «Шикізаттар мен материалдар» – 2,5 млн. теңге – шикізат пен материал сомасына;

Дт 1330 «Тауарлар» – 1,5 млн. теңге – тауарлар сомасына;

Дт 1010 «Теңге түріндегі кассадағы ақша қаражаттары» – 3 млн. теңге – артықшылығы бар акция сомасына;

Кт 5020 «Төленбеген капитал» – 15 млн. теңге.

«С» акционерлік қоғам өзінің барлық жарияланған акцияларын толығымен шығарылғандықтан, 5020 «Төленбеген капитал» шоттың сальдосы нольдік болады. Сонымен қоса, акциялардың барлығы сатып-өткізілмеуі мүмкін, яғни акция жарияланды, бірақ айналымға шығарылмаған немесе орналаспаған. Шығарылмаған немесе орналаспаған акциялар санымен құны бойынша 5020 «Төленбеген капитал» шотта есепке алынады. Яғни шығарылған акциялар олар сатып-өткізіліп орналасқан акциялар, эмитент әрқашанда акциялар эмиссиясын инвесторлардың арасында толығымен орналастыра алмайды. Сатып-өткізілмеген акциялардың саны шығарылмаған акцияларға жатады. Бұл

акциялар ешқандай құқықтар мен артықшылықтармен қамтамасыз етілмейді. Сонымен, 5020 «Төленбеген капитал» шоттағы қалдықтың бар болуы кез келген акционерлік қоғамда не құрылтайшылардың біразы өзінің үлесін қоспағандығын, не біраз жарияланған акциялар инвесторларға сатып-өткізілмегендігін білдіреді. Мұндай жағдайда акционерлік қоғамның таза активтерін есептеу кезінде оның жарғылық капиталының көлемі әрқашан 5020 «Төленбеген капитал» шоттың дебеттік қалдық сомасына азайып отырады. Яғни таза активтердің құнын есептеуге тек қана нақты төленген сома алынады, ал 5020«Төленбеген капитал» шот 5011«Жай акциялар», 5012«Артықшылығы бар акциялар» шоттарға контрпассивті шот болып табылады. Мысалы, жоғарыда келтірілген мысалдың мәліметтерінің негізінде «С» акционерлік қоғам есеп беру кезеңінің аяғында айналымға (номиналдық құны – 500тг.) 18000 жай және 4000 артықшылығы бар акцияларды шығарады дейік. Онда келесі бухгалтерлік жазу жасалады:

Дт 2412«Ғимараттар» – 6 млн. теңге – ғимарат сомасына;

Дт 1330 «Тауарлар»– 1,5 млн. теңге – тауарлар сомасына;

Дт 1040 «Ақша қаражаттары» – 1,5 млн. теңге – жай акция сомасына;

Дт 1010«Теңге түріндегі кассадағы ақша қаражаттары» – 2 млн. теңге – артықшылығы бар акция сомасына;

Кт 5020«Төленбеген капитал» – 11 млн. теңге.

Егер біз «С» акционерлік қоғамның активтерінің таза құнын есеп беру кезеңінің аяғында есептесек, онда эмиссияы тіркеу кезінде жарияланған 15 млн. теңге емес, тек 11 млн. теңгені ғана есепке аламыз. Өйткені, 5020«Төленбеген капитал» шоттың дебетінде 4 млн. теңге (15 млн. – 11 млн.) сомаға қалдық бар.

Қарастырылмаған мысалдарда материалдарды тез игеру мақсатында акциялар номиналдық құн бойынша сатылады деп айтқанбыз. Осы арада іс жүзінде нарыққа алғаш түскен акциялар көпшілік жағдайда номиналдан жоғары баға бойынша сатылады.

Бұл айналымға акцияларын шығарған акционерлік қоғамға жоспар бойынша акцияны сатудан түсетін қаражатқа қарағанда көбірек қаражат алуларына мүмкіндік туғызады. Егер олар оған жететін болса, онда жарияланған жарғылық капитал мен нақты алынған қаражаттардың арасындағы айырмаға меншікті капитал 5110 «Эмиссиялық табыс» шотына апарылған бөлігіне көбейеді.

Мысалы: «В» акционерлік қоғам 2 - эмиссияны 8 млн. теңге көлемінде тіркейді, айналымға 6000 жай акция, 2000 артықшылығы бар акцияларды 1000 теңгелік номиналымен шығарады. Эмиссияны мемлекеттік тіркеуден кейін 30 күннен соң «В» акционерлік қоғам барлық акцияларды «У» андеррайтеріне әрбір акцияны 1001 теңгеден өткізген В акционерлік қоғамның бухгалтериясы мұны былай сипаттайды:

Дт1040 «Ақша қаражаттары» 8000 дана x 1001 тг. = 8008000 теңге;

Кт 5020«Төленбеген капитал» 8000000 теңге;

Кт 5110«Эмиссиялық табыс» 8000 теңге;

Қосымша төленген капитал «В» АҚ-ның меншік капиталының бөлігі болып табылады, бірақ «У» андеррайтердің меншігі емес. «У» андеррайтердің меншігі болып 8008000 тг. емес, оның 8000000 тг. көлеміндегі салымы танылады.

Жарғылық капиталды айналымға жаңа акцияларды шығару есебінен немесе акциялардың номиналдық құнын өсіру есебінен жоғарылатуға болады. Бірінші нұсқа эмитенттің көзқарасы бойынша айтарлықтай тиімді, себебі нақты ақшаларды және өзінің акцияларына басқа активтер тартуға мүмкіндік береді. Екіншісі 1995 жылы акционерлік қоғамдар арасында кеңінен таралған, ол кезде негізгі құралдарды қайта бағалаудан алынған сомалар есебінен жарғылық капиталды жоғарлатуға рұқсат етілген. Екінші нұсқанның нәтижесінде акционерлік қоғам ақшалай және басқа қаражаттарды алмағанымен қоймай, оған қоса эмиссияны мемлекеттік тіркеуге байланысты ұйымдастырушылық шығындарды шеккен.

2.3 Бағалы қағаздарды сатып алу есебі

Бағалы қағаздарды сатып алу бухгалтерлік есепте сатып алу шығындарын есепке ала отырып сатып алу құнымен қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар шоттарының дебеті бойынша көрсетіледі. Сатып алу шығындарына қор биржасының комиссиялық қызметтері, брокер немесе дилердің, тәуекелсіз тіркеушінің комиссиялық сыйақысы, алымдар, т.б. жатады.

Комиссиондық сыйақының сомасы сатып алушымен брокер, дилер арасындағы келісім-шартта келісіледі.

Мысалы, «А» инвесторы брокер арқылы «Б» эмитентінің 1000 акциясын 300 теңгелік бағамен сатып алуды ұйғарады. «Б» эмитентінің реестрінде 300 акционер бар, брокердің комиссиялық сыйақысы әрбір жақтан жеке-жеке мәміле сомасының 1% шамасында беріледі. Бұл берілген жағдайда «А» инвесторы теңгемен мынадай бухгалтерлік жазулар жасайды.

Дт 1130 «Өтелуіне дейін ұсталынатын қысқа мерзімді инвестициялар»- «Акциялар» 303000;

Кт 1040 «Ақша қаражаттары» - 303000.

Мұндағы 303000 инвестицияның құнына брокерге төленген 3000 теңге (300x1000x1:100) сомасы кірді. Б эмитентінің реестріндегі акционерлер саны 300 болғандықтан тіркеушілердің қызметіне ақы төлеудің қажеті жоқ (заңға сәйкес эмитент өзінің шығарған бағалы қағаздарының ұсынушыларының саны 500-ден аспаған жағдайда ұстаушылардың реестрін өзі жүргізе алады). Бұл жоғарыдағы берілген жағдайда акцияның мемлекеттік емес пакеті сатылып алынғандықтан мемлекеттік баж төленбейді.

Инвестицияны сатып алу бойынша операциялардың есебін жүргізген кезде облигация түріндегі инвестицияларды сатып алуды есепке алғанда олардың өз ерекшеліктері бар екенін есте сақтау керек. Сонымен бірге, эмиссия проспектісінде жарияланған облигацияларды шығару кезіндегі олар бойынша сыйақы нарықта айналымда жүрген осындай облигациялардың сыйақысымен сәйкес келмеуі мүмкін. Сондықтан номиналды және нарықтық пайыздық мөлшерлеме деген түсініктерді ажырата білу қажет.

Номиналды пайыздық мөлшерлеме – облигацияны ұстаушы мен төленетін облигацияның номиналдық құнына негізделген сыйақы мөлшерлемесі.

Нарықтық пайыздық мөлшерлеме – инвестициялық нарықтағы заем мен тәуекелділік шарттары ұқсас облигациялар бойынша төленген сомаларға

негізделген мөлшерлеме. Нарықтық пайыздық мөлшерлемелер күннен-күнге өзгеріп отырады. Компания нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді бақылап отырмайтындықтан облигацияның шығарылуы күнінде нарықтық және номиналдық пайыздық мөлшерлемелер арасында айырмашылық өте жиі пайда болады.

Егер нарықтық мөлшерлемеле номиналдық мөлшерлемеден жоғары болса, онда облигацияның шығарылу құны оның номиналдық құнынан төмен болады. Бұл жағдайда облигация жеңілдікпен шығарылады. Егер де нарықтық пайыздық мөлшерлеме номиналдық мөлшерлемеден төмен болса, онда облигацияның шығарылу құны номиналдық құнынан жоғары болады. Бұл жағдайда облигациялар сыйақымен шығарылады.

Облигация түріндегі инвестицияны сатып алуды бухгалтерлік есепте көрсетілуін қарастырайық.

Егер инвестор сатып алу кезіне дейінгі аралықта сыйақысы бар инвестициялар сатып алса, онда сыйақы төлеу күндерімен сәйкес келмейтін күндерді сатып алу кезінде сатып алушы мен сатушы берген нақты инвестиция бойынша сыйақыдан түскен табыс сомасын өзара бөлісу керек. Сатып алушы сатушыға инвестицияның құнынан бөлек соңғы төленген уақыттан кейінгі өткен кезең үшін тиісті сыйақы сомасын қоса төлейді. Сыйақыны төлеудің кезекті мерзімі келген жағдайда сатып алушы барлық кезең үшін тиісті сыйақының бүкіл сомасын алады. Алынған сыйақы сомасы екі бөлікке бөлінеді – сатушыға төленген және жеке меншігіндегі бөлігі. Сатушыға төленген сыйақы бөлігі инвестицияның құнын төмендетеді. Бағалы қағаздардың сатып алу құны мен өтелу құнының арасындағы айырма (жеңілдік немесе сыйақы) бағалы қағазды иелену уақыты бойында амортизацияланады.

Мысалы, «С» инвесторы 31 тамызда номиналдық құны 1000 теңге, жарияланған жылдық мөлшерлемесі 12 пайыз, жылына 2 рет – 30 маусым мен 31 желтоқсанда төленетін облигацияның 100 данасын сатып алуға шешім қабылдайды. Төленуге тиісті сома 108000 теңгені құрайды ($1000 \times 100 + 1000 \times 100 \times 12\% / 12 \text{ ай} \times 8 \text{ ай} / 100\%$), оның ішіндегі 100000 теңгесін инвестор инвестиция шотында, ал 8000 теңгесін есеп айырысу шоттарында көрсетеді. Есепті жылдың 31 желтоқсанында «С» компаниясы осы облигацияларды өтеу кезінде эмитенттен 112000 теңге алады, табыстың сомасын 4000 теңге деп көрсетеді.

Бухгалтерлік есеп шоттарында келесі жазулар болады:

31 тамыз -

Дт1150 «Қысқа мерзімді басқалай қаржылық инвестициялар» «Облигациялар» – 100000;

Дт1280 «Қысқа мерзімді басқалай дебиторлық қарызы» – 8000 (сәйкес субшот);

Кт1040 «Ақша қаражаттары» – 108000.

30 қыркүйек, 31 қазан, 30 қараша, 31 желтоқсан айларында -

Дт1270 «Алынатын қысқа мерзімді сыйақылар» -1000;

Кт6120 «Дивидендтер бойынша түскен табыстар» – 1000.

31 желтоқсан айында -

Дт1040 «Ақша қаражаттары» – 112000;

Кт1150 «Қысқа мерзімді басқалай қаржылық

инвестициялар» «Облигациялар»– 100000;

Кт1280 «Қысқа мерзімді басқадай дебиторлық қарызы»– 8000 (сәйкес субшот);

Кт1270«Алынатын қысқа мерзімді сыйақылар»– 4000.

Сатып алу құны номиналдық жоғары инвестициялар бойынша тиесілі табысты тіркеген сайын сату құны номиналдық құнның арасындағы айырманың бір бөлігін есептен шығарып отырады. Мысалы, «С» компаниясы номиналдық құны 1000 теңге облигацияны әрқайсысын 1200 теңгеден сатып алды. Облигациялар 5 жыл мерзімге 20 % мөлшерлемемен жылы 1 рет төлеу шартымен шығарылған. С компаниясы сатып алған кезінде облигацияның құнын сатып алу құны бойынша көрсетеді – 1200тг., оны иеленудің бірінші жылы 200тг. сомада табысты көрсетеді және облигацияның құнын 40 теңгеге (1200-1000:5 жыл) кемітеді. Егер «С» компаниясы облигацияны 5 жыл бойы ұстаса, онда бухгалтерия әр жылы табысты есепке алған кезде облигацияның құнын 40 теңгеге кемітіп отырады және 5-жылдың аяғында инвестиция шотында облигация 1000тг.бойынша есептеледі (номиналдық құнмен), ал инвестицияны иелену нәтижесіндегі алынған табыс әр облигациядан 800 теңгеге тең болады (1000х20:100х5-(1200-1000).)

Сатып алу құны номиналдық құннан төмен облигациялар бойынша тиесілі табысты тіркеген сайын сатып алу құны мен номиналдық құнның арасындағы айырманы қоса есепке алып отырады. Осылайша, инвестордың қандай облигацияны сатып алуына байланыссыз (жеңілдікпен бе әлде сыйақымен бе) сатып алу құны мен номиналдық құны арасындағы айырма бүкіл айналыс кезеңінде амортизацияланады және облигацияны өтеу кезінде бұл айырма нольге, ал инвестицияның құны номиналдық құнына тең болуы керек, өйткені эмитент облигацияны номиналдық құн бойынша өтейді.

Нарықтық мөлшерлеме бойынша шығарылатын облигацияның есебін жүргізуді эмитенттің де, сатып алушының да көзқарасынан қарастырайық.

Облигацияларды сатып алу жолдары. Бағалы қағаздарды сатып алушы әрбір адам өз болашағын қаржыландырады демек. Бұл істі ол неғұрлым ерте бастаса, соғұрлым көп пайда түсіреді. Көбінесе кәрілік шақ зейнетақы жинақтарымен қамтамасыз етіледі. Дегенмен, артық қаражатыңыз болса, қандай да бір зат немесе автокөлік алудан бұрын, қазақстандық дамыған компаниялар акциялары мен облигацияларын сатып алғаныңыз жөн. Кез-келген бұйым уақыт өте келе жарамсыз халге түсіп, үнемі жөндеуді талап етеді. Ал бағалы қағаздар күн өткен сайын құны артып, өз иесі мен оның отбасына үлкен кіріс түсіреді. Бағалы қағаздар үлестік (акциялар) және борыштық (облигациялар) болып екі негізгі топқа бөлінеді.

Облигация — эмитенттің инвестордан алған соманы қайтару жөніндегі міндеттемесі мен белгілі уақыт аралығында пайыздық төлем төлеуі туралы келісімшарт. Облигация — сатуға және сатып алуға болатын, қарыздың барлығын дәлелдейтін құжат.

Облигация борыштық бағалы қағаз түрі болып саналады. Облигацияны сатып алу барысында сіз эмитентке қарыз ақша бересіз. Облигация шектеулі мерзімге шығарылады, облигация айналымы барысында эмитент облигация ұстаушысына оның номиналдық құнынан міндетті, тағайындалған пайызын

төлеп тұрады. Акциямен салыстырғанда облигация құны жылдам ауытқусыз. Облигация ұстаушысы өз инвестициясынан пайыздық үлгідегі бекітілген кірісті табуға сенім артады.

Облигациялардың акциялардан айырмашылығы:

Бұған дейін атап өткендей, облигациялар акцияларға қарағанда аз тәуекелді. Өткені, облигацияларда төлем ағыны алдын ала белгілі: төлем мерзімі мен оның мөлшері нақты белгіленген. Осылайша, инвесторға белгіленген кірістің берілуі мен белгілі уақыт ішінде ақшалай мүліктің қайтарылымы кепілдікке алынады.

Екіншіден, инвестор, облигацияны сатып алу барысында банкроттыққа апарар апаттық тәуекелден басқа (мұндай жағдай өте сирек кездеседі) компания-эмитенттің бизнес-тәуекелін өз мойнына алмайды. Мұнымен қоса, облигациялар бойынша төлемдер эмитент кірісінің үлкендігіне, салалар мен экономиканы дамыту перспективаларына еш қатыссыз.

Әрбір компания жұмыс қортындысынан басқа өзі шығарған облигациялар бойынша толық түрде төлемдер жүргізуге міндетті. Ал акциялар ұстаушылары дивидендті әр уақытта ала бермейді. Егер қандай да бір нақты акциялар бойынша дивидендтер төленбесе, онда олардың құны төмендеп, үлкен шығынға аарады.

Үшіншіден, инвесторлар облигацияларға қатысты нарықтық құн өсімі бойынша қосымша кіріс ала алады. Егер, нарықтық құн артса, инвестор қағаздарды сатып, қосымша пайда табады.

Облигациялар — тәуекелге бармастан, пайда табуды көздеген инвесторлар үшін тамаша мүмкіндік. Облигациялар нарығы — қаражатты инфляциядан сақтап қана қоймай, едәуір көлемде кіріс түсіретін өзіндік «тыныш айла».

Облигация өтем мерзімін күткісі келмеген инвесторлар үшін қалыпты мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігі бар облигациялар тиімді. Компания — эмитент сатып алу құнын алдын ала хабарлайды (оферта жариялайды). Инвестор өзінің әлеуетті кірісін есептеп, офертаны қолдану қажет пе екендігін немесе облигацияларын өз инвестициялық портфелінде қалдыру керек пе екендігін анықтайды.

Облигацияларды қалай сатып алуға болады?

Бағалы қағаздардың басқа түрлері секілді облигациялар электрондық жазба түрінде кездеседі. Ал оларды сату не сатып алуға брокер жәрдем көрсетеді. Брокер өтінішті биржаға тапсырады, кезекті облигация өз иесін өзгертеді.

Сонымен, сіз брокермен қызмет көрсету келісімшартын жасасып, екі түрлі шот ашасыз. Алғашқысына сіз облигацияны сатып алуға қажетті қаражатты саласыз. Ал екіншісінде (депо шоты) облигациялардың өздері жатады. Егер инвестор бұған дейін бағалы қағаздардың басқа түрлерімен жұмыс жасаған болса, аталған шоттың екі түрі де онда бар демек.

Сіздің облигацияны сатып алғандығыңыз жайлы мәлімет брокер мен депозитариде тіркеледі. Атаулы шотыңызда сатып алынған облигациялар жатады. Брокерлердің өз қағаздары бөлек шотта сақталынады, демек сіздің шотыңыздан қандай да бір қағазды сату не сатып алу мүмкін емес.

Депозитариде облигацияларыңыздың қандай да бір брокер арқылы сатып алғандығы туралы мәлімет белгіленеді. Сіздің брокеріңіз сіздің қағаздарыңыздың номиналды ұстаушылары болып табылады. Алайда облигациялардың нақты иесі тек сізсіз.

Жеңілдікпен шығарылған облигациялар. «Х» компаниясы 200х жылы 1 тамызда үш жыл мерзімге, жылына екі рет 1 наурыз және 1 қыркүйекте 24% төлем төленетін міндеттемемен номиналды 1000 теңгелік 8000 дана облигацияны айналымға шығаруға шешім қабылдады. Облигация 200х жылы 1 қыркүйекте нақтылы айналымға жылдық пайыздық мөлшерлемесі 27% болғанда шығарылады. Эмитент «Х» әрбір облигацияға 32 теңгеге жеңілдікпен сатуға шешім қабылдады. Бұл облигацияның әрқайсысын инвестор 1000 теңгеден емес 968 теңгеден сатып алады деген сөз. Яғни, инвестор әрбір облигацияға жарияланған номиналынан 32 тг. аз төлейді. Эмитент «Х» нарықтық орташа пайыздан төмен сатқанымен, ұтылмай табыс алатындарына сенімді.

Эмитент «Х» бұл операцияны 200х жылы 1 қыркүйекте бухгалтерияда былай көрсетеді. Алдымен айналымға шығарылған облигацияның ағымдағы құнын анықтайды:

а) облигацияның номиналдық құны—8000 дана x 1000 теңге = 8000000 теңге;

ә) жеңілдік құны – 8000 дана x 32 теңге = 256000 теңге;

б) облигацияның ағымдағы құны – 8000000 – 256000 = 7744000 теңге;

Дт 1040 «Ақша қаражаттары» – 7744000 теңге;

Дт4170 «Ұзақ мерзімді басқалай кредиторлық қарыздар» «облигациялардың төленбеген жеңілдігі» — 256000 теңге;

Кт4030 «Ұзақ мерзімді басқалай қаржылық инвестициялар» субшот-төлеуге тиіс облигациялар»– 8000000 теңге;

«Х» компаниясы облигацияны жеңілдікпен шығарғанда саналы түрде қосымша пайыздық шығыс шеге отырып, барлық айналым мерзіміне пайыздық төлем шығысын бірқалыпты өсіре отырып есептен шығаруы керек.

Жеңілдік көлемі қанша аз қалса, сонша ағымдағы құн номиналдық құнға жақындайды. Облигацияның айналым мерзімі бітіп күшін жою кезінде ағымдағы құны номиналдық құнға теңеліп, жеңілдік сома түгелімен есептен шығарылады. Сонымен «Х» компания облигацияның айналым мерзімі біткен соң, оны номиналдық құнымен инвестордан кері қайтарып алады.

Біздің мысалымыздағы жеңілдік сомасы 256000 теңгені құрайды. Яғни, «Х» компаниясы осы сомаға пайыздық төлем шығысын көбейтеді, бұрынғы 5760000 теңгеге = 8000000 x 24 % x 3 ж пайыздық төлем орнына 6016000 теңге = 576000 +256000 болады. Әрмен қарай «Х» компаниясы облигацияға жасалынған жеңілдік сомасын есептен шығару керек. Жеңілдікті компания түзу сызықты әдіспен, яғни инвесторға пайыздық төлем төлеген сайын тең бөлікпен есептен шығаруы керек. Облигация үш жыл айналымға шығып, жылына екі рет пайыздық төлем төлеуге міндеттеме қабылдаған. Сонда облигацияның айналу мерзімде:

2 рет x 3 жыл = 6 төлем.

Егер пайыздық төлем 6, жеңілдік сомасы 256000 теңгеге тең болса, онда бір төлемге қанша жеңілдік сомасы келетінін есептеу қиынға соқпайды:

256000 теңге : 6 = 42667 теңге.

«Х» компаниясы әрбір төлемді номиналдық пайыздық мөлшерлемен төлегенде 960000 теңге ($8000000 \times 24 \% : 100 \% : 2$) төлеуі керек. Бірақ облигация жеңілдікпен сатылғандықтан әр төлем сайын пайыздық төлем шығыстары 42667 теңгеге көбейіп отыруы керек. Компанияның пайыздық төлем шығыс сомасы 960000 теңгенің орнына 1002667 теңге ($960000 + 42667$) болуы керек. Бірінші пайыз төлемін төлегенде (20X1 ж.1.03) мына төмендегі бухгалтерлік жазумен көрсетіледі:

Дт 7310 «Сыйақылар жөніндегі шығындар» – 1002667 теңге;

Кт4170«Ұзақ мерзімді басқалай кредиторлық қарыздар» «Облигацияның төленбеген жеңілдігі» - 42667 теңге;

Кт1040 «Ақша қаражаттары» - 960000 теңге.

Мысалдан көріп отырғанымыздай нақтылы пайыздық шығыс сомасы 1002667 теңгені құрайды, бірақ инвесторға номиналдық мөлшерлеме көлемінде – 960000 теңге төленіп отыр. Сонымен бірге 4170 «Облигацияның төленбеген жеңілдігі» субшотының кредитіндегі 42667 теңге «Х» компаниясының облигациясының ағымдағы құнын көбейтеді, $7744000 + 42667 = 7786667$ теңге. Осындай жазуды 20X1 ж. 1.09, 20X2 ж.1.03 және 20X3 ж. 1.03 және 1.09 жасайды.

Сонымен «Х» компаниясы 20X3 жылы 1 қыркүйекте инвесторға облигацияның пайыздық төлемімен қоса номиналдық құнын толық төлеп шығады. Оны солай былай көрсетеді:

Дт4030 «Ұзақ мерзімді басқалай қаржылық инвестициялар» (төленуге тиіс облигациялар) – 8000000

Кт 1040«Ақша қаражаттары» -8000000.

Сыйақымен шығарылған облигациялар. «Z» компаниясы 200х жылы 1 тамызда екі жыл мерзімге, жылына екі рет 1 наурыз және 1 қыркүйек 30 % төлем төлейтін міндеттемемен номиналды 100 теңгелік 6000 дана облигацияны айналымға шешім қабылдады. Облигация 200х жылы 1 қыркүйекте айналымға шықты. Бұл облигацияның нарықтық жылдық пайыздық мөлшерлемесі 28 %. Инвестор нарықтан бұл облигацияның әрқайсын 103 теңгеден сатып алады. Яғни әрбір облигацияны жарияланған номиналынан 3 теңгеге артық төлеп алады. Болашақта инвестор ұтылмай табыс алады, себебі эмитент пайыздық төлемді орташа нарықтық пайыздан жоғары төлейтіндігін жарияланған.

Бұны «Z» компаниясы бухгалтерияда 200х жылы 1 қыркүйекте мынандай жазумен көрсетіледі:

а) облигацияның номиналдық құны – 6000 дана $\times$ 100 теңге = 600000 теңге;

ә) сыйақы құны – 3 теңге $\times$ 6000 дана = 18000 теңге;

б) облигацияның ағымдағы құны – 600000 теңге + 18000 теңге = 6180000 теңге;

Дт1040«Ақша қаражаттары» - 618000 теңге;

Кт4030«Ұзақ мерзімді басқалай қаржылық инвестициялар» (төленуге тиіс облигациялар) – 600000 теңге;

Кт4170«Ұзақ мерзімді басқалай кредиторлық қарыздар» «Облигацияның өтелмеген сыйақысы» - 18000 теңге;

Сыйақы облигацияның өтелу мерзімі келген кезде инвесторға қайтарылмайды. Оны облигацияның айналу мерзімі ішінде пайыз төлеу шығысынан бірқалыпты кемітіп, есептен шығарып отырады. Сыйақы мөлшері неғұрлым аз қалса, солғұрлым ағымдағы облигация құны номиналды құнына жақын болады. Облигацияның өтелу мерзімі біткен уақытта, оның ағымдағы құны номиналдық құнына тең болады да сыйақы сомасы толық есептен шығарылады. Есепте бұл өте маңызды, себебі «Z» компаниясы облигациясының айналым мерзімі біткен кезде номиналдық құнымен төлеуі керек.

Біздің мысалымызда сыйақы 18000 теңге – бұл сома «Z» компаниясының пайыздық төлем шығысын кемітеді. Жобаланған 360000 теңгенің орнына пайыздық төлем шығысы 342000 теңге болады.

$600000 \text{ теңге} \times 30 \% : 100\% \times 2 \text{ жыл} = 360000 \text{ теңге};$

$360000 \text{ теңге} - 18000 \text{ теңге} = 342000 \text{ теңге}.$

«Z» компаниясы облигациядан алған сыйақыны есептен шығаруы керек. Есептен шығаруды компания түзу сызықты әдіспен, инвесторға әрбір пайыз төлемін төлегенде бірқалыпты бөлікпен есептен шығарады. Біздің «Z» компаниямыз облигацияны екі жылдық айналымға және жылына екі рет төлем төлейтіндігін білеміз. Сонда жылына облигацияның айналым мерзіміндегі төлем саны - 4

$2 \text{ жыл} \times 2 \text{ рет} = 4 \text{ төлем}.$

Егер пайыздық төлем 4 рет төленетін болса, сыйақы сомасы 18000 теңгеге тең болса, сонда бір төлегенде қанша сыйақы төлеуді есептеуге болады. $18000 \text{ теңге} : 4 = 4500 \text{ теңге}.$

«Z» компаниясы номиналдық пайыздық мөлшерлеме бойынша әрбір төлемде 90000 теңге төлеуі керек ($600000 \text{ теңге} \times 30 \% : 100\% : 2 \text{ рет}$). Облигация сыйақымен сатылған, сондықтан әрбір пайыздық төлем шығысына 4500 теңгеден кемітіп отыруы керек. «Z» компания нақтылы 90000 теңгенің орнына 85500 теңге шығарып отырады.

$90000 \text{ теңге} - 4500 \text{ теңге} = 85500 \text{ теңге}.$

Бірінші пайыздық төлемді төлегенде мына жазумен көрсетіледі:

Дт 7310 «Сыйақылар жөніндегі шығындар» – 85500 теңге;

Дт 4170 «Ұзақ мерзімді басқалай кредиторлық қарыздар»
«Облигацияның өтелмеген сыйақысы» - 4500 теңге;

Кт 1040 «Ақша қаражаттары» - 90000 теңге.

Көріп отырғанымыздай нақтылы пайыздық шығыс 85500 теңгені құрайды, ал бірақ инвесторға номиналдық пайыздық мөлшерлеме мөлшерінде төленіп отыр, яғни 90000 теңге. Сонымен бірге 4170 «Облигацияның өтелмеген сыйақысы» субшотындағы қалдығы 18000 теңгеден 13500 ($18000 - 4500$) теңгеге азаяды, ал облигацияның 618000 теңгелік ағымдағы құнын 613500 теңгеге азайтады ($618000 - 4500$).

Осындай жазу 20x1 жылы 1 қыркүйекте, 20x2 жылы 1 наурызда жазылуы керек.

20x1 жылы 1 қыркүйекте төленген пайыз сомасынан соң облигацияның ағымдағы құны 609000 теңгеге ($613500 - 4500$) төмендейді.

20x1 жылы 1 наурызда төленген пайыз сомасынан кейін облигацияның ағымдағы құны 604500 теңге ($609000 - 4500$) болады.

20х2 жылы 1 қыркүйекте төленген пайыз төлемінен кейін облигацияның ағындағы құны номиналдық құнға тең болады, яғни 600000 теңге (604500-4500) .

З» компаниясы облигацияның айналым мерзімі біткен соң мына жазу арқылы көрсетіледі:

Дт 4030«Ұзақ мерзімді басқалай қаржылық инвестициялар» - 600000 теңге; Кт1040«Ақша қаражаттары» - 600000 теңге.

Акциялар мен облигациялар бойынша табыстарды төлеу тәртібі ҚР заңымен реттеледі. Дивиденд болып қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысынан шешіміне сәйкес оларға тиесілі акциялар бойынша төленетін сыйақы болып табылады. Дивидендтерді төлеу ақшалай, сонымен қатар акционерлердің келісімен сол қоғамның бағалы қағаздарымен жүргізіледі. Бір акцияға есептелетін дивидендтердің мөлшері қоғамның директорлар кеңесімен белгіленеді.

Қоғам дивидендтерді төлеуді әр тоқсан сайын, жарты жылда бір немесе жылдық қорытынды бойынша жүргізуі мүмкін.

Дивидендтерді төлеу туралы келісімдерде келесі жағдайлар туралы ақпараттар болу керек:

- дивидендтердің мөлшерімен нақтылы төлеу жасау күні, бұл күнді жарияланған кезден бастап қоғамның дивидендтерді төлегені үшін акционерлер алдындағы жауапкершілігі басталады;
- дивидендтер алуға құқығы бар акционерлерді тіреудің соңғы күні;
- қоғамның жарғысына сәйкес анықталған төлем жасау тәсілін (қолма-қол ақшамен немесе акционерлердің өтінішіне сәйкес қолма-қолсыз түрде) .

Дивидендтерді төлеу кезінде бірінші кезекте дивидендтер артықшылығы бар акциялар бойынша, сонан соң жәй акциялар бойынша төленеді.

Қоғамның меншікті капиталы теріс жағдайда болғанда немесе банкроттық туралы заңға сәйкес қоғам төлем қабілетсіздігіне немесе тұрақсыздық сипаттамаларына сай келсе, әлде мұндай сипатты қоғам дивидендтерді жариялаумен төлеуінен кейін пайда болатын болса, келесі жылы акционерлерге дивидендтері бойынша төлемдер жүргізуге заңмен тиым салынады.

Қоғаммен шығарылған облигациялар бойынша сыйақы (мүдде) облигацияның шығарылу шарттарына сәйкес оның өтелу мерзіміне дейін (өтелу кезі)төленетін бір реттік немесе кезеңдік төлем түрінде белгіленеді. Дисконтты облигациялар бойынша сыйақы (мүдде) сомасы (дисконтты облигация болып номиналдық құнынан төмен орналастыратын және оның ұстаушысының көзделген өтелу мерзімінде облигацияның номиналдық құнын алуына құқығын растайтын облигациялар болып табылады) облигацияның орналастыру бағасы мен номиналдық құн арасындағы айырма болып табылады.

Инвестор акциялары бойынша дивидендтермен сыйақы түрінде алынған табыстарын 6120 «Дивидендтер бойынша түскен табыстар» шотының кредитінде 2180 «Ұзақ мерзімді басқадай дебиторлық қарыздар», 2170 «Алынатын ұзақ мерзімді сыйақылар», ақша қаражаттарын есепке алу шоттарымен корреспонденцияда көрсетеді.

2.4 Бірлесіп бақыланатын шаруашылық серіктестіктердің, еншілестердің және тәуелді серіктестіктердің инвестициясының есебі

Заңды тұлға басқа кәсіпорындардың пакет акциясын, қатысу үлесін алу арқылы қаржылық салымдарын жүзеге асыруы мүмкін. Салынған қаржылық салымдардың деңгейіне байланысты олар: не бақылаушы, не қаржылық немесе субъектінің басқа да саясатына едәуір әсер ететін болып белгіленеді.

Егер де инвестордың қатысу үлесі 50% және одан да көп болса немесе 50% және одан да көп дауыс беру құқы бар акциясы болса, онда ол қаржыландырылатын объекті бойынша оның бақылауында болатын және еншілес серіктестігі болып табылады.

Егер де инвестордың қатысу үлесі 20%-дан астам болса, бірақ оның дауыс беруге құқы бар акциясы 50%-дан аспаса, онда ол қаржыландырылатын объекті бойынша оның едәуір әсер етуінде болатын және тәуелді серіктестік болып табылады.

Егер де инвестордың қатысу үлесі 20% акциясынан аспаса, онда ол бірлесіп бақыланатын заңды тұлға болып табылады.

Инвестицияның есебі 22 "Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар" бөлімшесінің шоттарында жүргізіледі, оның құрамына мынадай синтетикалық шоттар кіреді: 2200 Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар .

Бұл бөлімнің шоттары еншілес, тәуелді серіктестіктер мен бірлесіп бақыланатын заңды тұлғалардың акциялары мен жарналарындағы инвестициялардың нақты бары мен қозғалысы туралы мәліметті талдап қорытындылауға бағытталған.

2200-2300 Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар және жылжымайтын мүлікке инвестициялар шоттары активті және күрделі болып келеді. Талдамалы(аналитикалық) есеп инвестицияланған кәсіпорындар мен инвестициялар түрлері бойынша жүргізіледі. Инвестицияларды есепке алу Бухгалтерлік есептің "Тәуелді шаруашылық серіктестіктерінің инвестициялық есебі" деп аталатын стандарты бойынша реттеледі.

Тәуелді шаруашылық серіктестіктердің инвестициялық есебі. Тәуелді серіктестік инвесторлардың едәуір ықпал етуінде болады және ол еншілес шаруашылық серіктестігі де, бірлесіп бақыланатын заңды тұлғасы да болмайды. Субъектінің инвесторы едәуір ықпал етеді, оның тек 20%-дан астам ғана дауыс беруші акциясы болса да. Тәуелді серіктестіктер өз инвестициясын жүзеге асыру үшін мына екі әдістің бірін пайдаланады:

- үлестік қатысу әдісі;
- құндық әдіс немесе құн әдісі

Үлестік қатысу әдісі- инвестицияларды иеленген мезетте сатып алу құнымен көрсетіп, кейінірек тәуелді шаруашылық серіктестерінің таза активтерінің өзгерістерде инвестордың үлесі мойындалуына байланысты олардың құнының өсуін (кемуі) есепке алу әдісі. Тәуелді шаруашылық серіктестерінің таза кірісінде (шығысында) инвестор үлесінің өзгеруі қаржылық-шаруашылық қызмет туралы есептегі табысқа (шығынға) жатқызылады.

Тәуелді шаруашылық серіктестерінің жинақталған таза табысының жалпы сомасынан тиісті дивиденттер инвестициялардың баланстық құнын көтереді (кемітеді) және ол меншік капиталының бөлімшесінде көрсетіледі.

Инвестор өзінің тәуелді шаруашылық серіктестігінің таза табысында үлестік қатысын қайта жаңғырту үшін таза табыс пен шығындар тең болуы керек.

Егер де тәуелді серіктестіктердің активтері қайта бағаланса, онда олардың баланстық құны да өзгереді. Баланстық құнның өсуі меншік капиталындағы төленбеген қосымша капиталда көрініс табады, ал егер де ол азайса, онда сол төленбеген қосымша капиталды азайтады.

Мысал. “Ш” АҚ қоғамы “Т” АҚ-ның 33% және “Ц” АҚ-ның 28% акциясын сатып алған, сол сатып алғаннан акцияға сәйкес олардың құны: 3110 мың теңге және 4600 мың теңге құраған.

“Ш” АҚ сатып алғаннан кейін, бір жылдан соң, “Т” АҚ 9900 мың теңге зиян шексе, ал “Ш” АҚ 5000 мың таза табыс тауып, 2000 мың теңге деңгейіде дивиденті жария еткен. Ал келесі жылы “Т” АҚ кейбір негізгі құралдарының бағасын 410 мың теңгеге түсірген, ал “Ц” АҚ керісінше, 500 мың теңгеге көтерген.

Екінші жылдың қорытындысы бойынша “Т” АҚ 1000 мың теңге таза табыс тауып, 200 мың теңгеге дивиденті жария еткен, ал “Ц” АҚ – 1500 мың теңге деңгейінде зиян шеккен.

Енді осы жасалған операцияларымен байланысты шоттар корреспонденциясын қарастырып көрейік.

Қатар №	Шаруашылық операцияларының мазмұны	Сомасы, теңге	Шоттар корреспонденциясы	
			дебет	кредит
1	2	3	4	5
1.	Заңды тұлғалардан қалыптасқан (немесе олардан алынған) баға бойынша акциялары сатып алынды: - “Т” АҚ-ның 33% - “Ц” АҚ-ның 28% айналыстағы акциясы	3110000 4600000	2210	4110
	Жиыны	7710000		
Бірінші жылы				
2.	“Т” АҚ өзінің кейбір негізгі құралдарының объектерін қайта бағалаудың нәтижесінде үлестік қатысу сомасы артып, инвестицияның құны өскен. “Ш” АҚ үлестік қатысу сомасы қайта бағаланған сомаға өсіп, ол 99000 теңге құраған (300000*33%)	99000	2210	5320
3.	Бірінші жылдық нәтижесі бойынша:- инвестицияның құнының өсуімен бірге “Ш” АҚ үлесі де өскен, өйткені “Ш” АҚ үлесі 1400000 теңге құраған(5000000*28%)			

	-“Т” АҚ зиян шеккендіктен “Ш” АҚ инвестициясының құны да азайған. “Т” АҚ зиян шеккендіктен “Ш” АҚ-ны тиесілі 3267000(9900000*33%) 320900тенге құраған. (Шеккен зиянның үлесі инвестицияның құнынан асып түскендіктен, инвестицияның құны нөлдік деңгейге дейін жеткізіп, ал қалған 58000 теңге сомасы баланстан тыс шотта есепке алынған(3267000-3110000-99000)) -“Ц” АҚ-нан “Ш” АҚ –на тиесілі, дивиденд сомасына инвестиция құны азаяды, “Ш” АҚ-ның алынатын дивиденд сомасы 560000 теңге құраған(2000000*28%)	1400000 3267000 58000 560000	2210 7610 011 1240	7610 2210 2210
4.	Бірінші жылдың нәтижесі бойынша “Ш” АҚ өз балансында, “Ц” АҚ 5440000 теңге сомасындағы инвестицияны ғана көрсеткен(4600000+1400000-560000)			
Екінші жыл				
5.	“Ш” АҚ-ында инвестициясының құны азайған, өйткені “Т” АҚ өзінің кейбір негізгі құралдарының құнын арзандатқан. -бұрындары жасалған қайта бағаланған сомасының шегінде - бұрындары артық жасалған сомасының шегінде 36300 теңге (135300-99000)	99000 36300	5320 7450	2210 2210
6.	“Ц” АҚ өзінің негізгі құралдарын қайта бағалаудың нәтижесінде, “Ш” АҚ-ның қатысу үлестік құны, яғни инвестициясының құны өскен	140000	2210	5320
7.	Екінші жылдың нәтижесі бойынша: -“Т” АҚ таза табысында“Ш” АҚ қатыстық үлесі өсуіне байланысты инвестицияның құны өскен. Қатысу үлесі 330000 теңге құраған (1000000*33%). Өткен кезеңде зиян шеккендіктен, осы ағымдағы кезеңдегі инвестицияның өскен құны 001-баланстан тыс шоттағы есепке алынған, сол зиян сомасы ескерілген соң барып, өскен құны көрсетіледі. (272000(330000-58000)). -“Т” АҚ-нан “Ш” АҚ-ның алынатын дивиденд сомасына инвестицияның құны азайтылды 660000теңге (200000*33%). -“Ц “ АҚ зиян шеккендіктен ондағы	272000 58000 66000	2210 1240	7610 011 2210

	“Ш” АҚ-ның үлесі азаюына байланысты инвестицияның құны азайтылды.	420000	7610	2210
--	---	--------	------	------

Құн әдісі- инвестицияны алу кезінде сатып алу құны бойынша көрсетілетін есептік әдіс. Инвестордың қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есепте инвестиция табысы тәуелді шаруашылық серіктестігінің жинақталған жалпы таза табысының сомасынан тиісті дивиденттердің мөлшері алынғаннан кейін барып мойындалады.

Инвестиция сатып алу құны бойынша есептелінеді, егер де инвестицияны жақын арада сату мақсатында алса немесе инвестицияланған кәсіпорын қатаң ұзақ мерзімді шектеулі жағдайында әрекет ететін болса, бұл соңғы инвесторға табысты беру қабілетін біршама төмендетеді. Мұндай шектеулерді тудыратын себептерінің қатарына: реттеуші органның бақылауында болса, сондай-ақ олар кәсіпорындағы дивиденттерді бөлудің саясатына араласса кәсіпорын өз қызметін, дивиденттерді (табыстарды) аударуға шек қойылған елдерде жүргізуі мүмкін. Сондай-ақ, саяси хал-ахуалдың өзгеруі кәсіпорынның шаруашылық қызметін жүзеге асыру туралы келісімдерде қарастырылған дивиденттерді төлеуге шектеулердің күшіне енуі және басқа да кедергілердің болуы мүмкін.

Егер де дивидент инвестицияны алғанға дейін алынса, онда ол капиталды қайтарған болып саналады және инвестордың балансы сол сомаға азаяды.

Еншілес шаруашылық серіктестіктің инвестициясының есебі. Еншілес шаруашылық серіктестік - негізгі серіктестіктің бақылауында болатын серіктестік. Бұндай бақылау қаржыландыратын объектінің 50% астам акциясын тікелей немесе емденсе жүзеге асуы мүмкін. Еншілес серіктестіктің көрсеткіштері негізгі серіктестің қаржылық есеп беруінде, біріктірілген (консолидалынған) есеп беруінде көрсетіледі, бірақ онда қабылданған есептік саясаты ескеріледі, сондықтан олар мына екі әдістің бірін пайдалануы мүмкін:

- үлестік қатысу әдісі;
- ұзақ мерзімді инвестицияны есептеу әдісі.

Негізгі серіктестік өзінің еншілес серіктестігіне инвестициясын бөліп, біріктірілген (консолидалынған) қаржылық есеп беруін жасайды, ол кезде барлық жергілікті және шетелдік еншілес серіктестіктерді өзіне енгізеді, тек ондағы мына жағдайларды қоспағанда:

- егер еншілес серіктестік жақын келешекте сату мақсатында алынған болса, онда олар оның уақытша бақылауында;
- егер де еншілес серіктестік ұзақ мерзімді қатаң шектелген жағдайында әрекет ететін болса, бірақ бұл соңғы жағдай негізгі серіктестіктің қаражатын қайтару қабілетін төмендетеді.

Негізгі серіктестіктің біріктірілген есебіне енбей қалған жағдайда қаржылық инвестициясының есебі бойынша ескеріледі.

Бірлесіп бақыланатын серіктестіктің инвестициясының есебі. Бірлесіп бақыланатын шаруашылық серіктестіктің инвестицияны жүзеге асыруы–бірлесіп жасайтын қызметтің бір нысаны, онда бірлескен бақылау қызметін бекіткен кезде әрбір қатысушы шаруашылық серіктестікте өзінің қатысу үлесі бойынша топшылаған келісім- шартын жасайды. Бірлесіп бақыланатын

заңды тұлғалар активтерді бірігіп алады, жасалған шығындарды таниды және алынған табысты анықтайды. Олардың әрқайсысы өз атынан мәміле жасай алады, өз қызметін қаржыландыру үшін капиталдарды тарта алады. Бұл кезде бірлескен қызметке қатысушылардың әрқайсысы қызмет нәтижесінде алынған олжадан өз үлесін алуға құқылы. Бірлесіп бақыланатын заңды тұлға басқа да бірлескен қызметтерді келесі нысанында жүзеге асыруына болады:

- бірлесіп бақылайтын өндіріс;
- бірлесіп бақылайтын активтер.

Бірлесіп бақылайтын өндіріс – заңды тұлғаны құрмай тұрып, қатысушылар өздерінің жалпы шаруашылық мақсатына жету үшін активтерлі пайдалануын топшылайды.

Әрбір қатысушы бірлесіп бақыланатын өндіріс бойынша өзіне тиесілі шығындарын алады және олар алдын ала өнімді сатудан алынған табысты таратудың тәсілін қарастырып қояды. Осы процестің барысында пайдаланған негізгі құралдардың, тауарлы - материалды запастардың және т.б. активтердің құнын, әр қатысушы өз балансында ескереді.

Бірлесіп бақылайтын активтер – жалпы мақсат үшін алынған немесе салынған активтерді қатысушылар бірлесіп иелік етуді топшылайды. Бұл арада олардың негізгі қызметі үшін салынған активті барлық қатысушылар теңдей пайдаланылады. Әрбір қатысушының табысы олардың кәсіпорын экономикасына қосқан үлесі арқылы анықталады. Әрбір қатысушы өзінің қосқан үлесін басқа қатысушыларға сатуға, тегін беруге құқылы.

Төменде еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын серіктестіктерге салынған инвестициялар бойынша шоттар корреспонденциясы келтірілген.

Қатар ы №	Шаруашылық операцияларының мазмұны	Сомасы, теңге	Шоттар корреспонденциясы	
			дебет	кредит
1	2	3	4	5
1.	Еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын серіктестіктердің мына игіліктерді салу арқылы инвестициялары жасалынды: -тауарлар, негізгі құралдар, материалдық емес активтер - ақша қаражаттары - есеп беретін адмдарға берілген соманың есебінен - еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын серіктестіктерден -заңды және жеке тұлғалардан	200000 300000 50000 600000 450000	2200,2310 2200,2310 2200,2310 2200,2310 2200,2310	1330,2410- 2416,2730, 1000-1050 1251-1254 3320-3330 3310,4170
	Жиыны	1600000		
2.	Заңды және жеке тұлғалардан тегін түскен инвестициялар	100000	2200,2310	6160,6220, 6260
3.	Тәуелді немесе еншілес			

	серіктестіктер активтерін қайта бағалаудың нәтижесінде үлестік қатысу сомасы инвестицияның құнын төмендеткен: -бұрындары жасалған қайта бағалау сомасының шегінде -бұрындары жасалған қайта бағалаудың артық жасалған сомасына	300000 150000	5320 7450,7470	2200,2310 2200,2310
5.	Тәуелді немесе еншілес серіктестіктердің таза табысында инвестордың үлесі өсуімен байланысты инвестицияның құны өскен	540000	2200,2310	7610
6.	Инвестицияны үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алған кезде инвестордың алатын дивидендтер сомасына инвестицияның құны азаяды.	140000	2120- 2130,1270	2200,2310
7.	Тәуелді немесе еншілес серіктестіктердің шеккен зияны инвестордың үлесін кемітуімен байланысты инвестицияның құны азаяды	2000000	7610	2200,2310
8.	Егер де инвестицияның баланстық құнынан зиян асып түссе, онда ол баланстан тыс шоттарда есепке алынады.	50000	011	
9.	Тәуелді немесе еншілес серіктестіктердің таза табысында инвестордың үлесі өсуімен байланысты инвестицияның құны өскен кезде бұрындары инвестиция құнын төмендету үшін есептен шығарылған құн қалпына келтіріледі, бұл кезде баланстан тыс шоттар жабылады.	300000	2200,2310	7610
10.	Еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын серіктестіктердің инвестициясы сатылды: - инвестицияның баланстық құнына - инвестицияның сатылған бағасы бойынша	300000 700000	7410,1210, 1260,2120- 2130	2200,2310,6210

2.4 Брокерлік және дилерлік ұйымдардың есебі

Брокер – дилер қаржылық инвестициялардың бағалы қағаздарын, сонымен бірге оларға қатынасы бар туындыларды есептейді. Олар бойынша мәміле ұйымдастырылған нарықта – ағымдағы құны бойынша жасалады, ал қаржылық құралдар бойынша мәмілелер ұйымдастырылмаған нарықта – бухгалтерлік есептің стандартына сәйкес жасалады (қаржылық, инвестициялардың есебі).

Қаржылық құралдардың ағымдағы құны нарықтық бағаларға сәйкес анықталады. Ал егер нарықтық баға болмаса, онда қаржылық құралдардың ағымдағы құнын брокер – дилер қаржылық құралдардың құнына әсер ететін факторлады ескеріп дербес анықтайды. Қаржылық құралдарды нарықтық баға негізінде бағалағанда ұйымдастырылған нарықта соңғы жарияланған сату бағасы бойынша бағалайды.

Егер қаржылық құралдар бірнеше қор биржаларының тізбесінде болса, онда қаржылық құралдардың ағымдағы құнын қор биржаларындағы котировкасын ескеріп анықтайды, онда осы қаржылық құрал бойынша саудаластық өтеді, немесе бұл қаржылық құралды брокер – дилер сатуды көздейді. Қаржылық құралдар саудаластығы көбінесе шетелдік қор биржаларын да, биржалық бағаларды ескере отырып шетел валютасында көрсетілген Қазақстан теңгесімен бағаланып жүргізіледі. Егер қаржылық құралдарды ақшалай нысанға көшіру қиындау болса, онда олар соңғы жарияланған нарықтық бағадан төмен болып бағаланады.

Мысалы: брокер – дилерде «Б» акционерлік қоғамның 3000 акциясы бар. Ол жалпы шығарылған акциялардың 80%-ын құрайды. «Б» акционерлік қоғамның қор биржаларында шамалы мөлшердегі акцияларының бір бірлігін 2000 теңгеден сатып-өткізген.

Бірақ, брокер – дилер сақтық принципімен 1 акцияның құнын 1800 теңгеден бағалаған.

Брокер –дилер қаржылық есептемеге жазған түсініктемесінде оны ашып көрсетуі керек:

1) «Б» акционерлік қоғамның акцияларының құны нарықтық баға негізінде 6 млн. теңгені құрайды (3000×2000);

2) «Б» акционерлік қоғамның акцияларының құны қаржылық есептемеде 5 млн. 400 мың теңге (3000×1800) мөлшерінде көрсетілген.

Бұл, акцияларды нарықта сату бағамының төмендеуіне соқтыру мүмкін деген ұсынысқа негізделген баға.

Нарықтың бағасы болмаған кездегі қаржылық құралдардың ағымдағы бағасы, олардың құнына әсер ететін факторларды ескеріп брокер – дилер анықтайды. Сонымен бірге брокер – дилер:

1) қаржылық құралдарға әсер ететін барлық факторлардың назарға алынғандығын;

2) қаржылық құралдардың ағымдағы құнын анықтайтын тәртіптің негізді және дәйекті орындалатынын;

3) ақпараттар және шешім қабылданғаны жөніндегі құжаттың рәсімделгеніне көздері жетуі керек.

Қаржылық құралдардың құнына әсер ететін факторларға жатқызылатындар (тек бұлармен шектелмейді):

- 1) эмитенттің қаржылық жағдайы;
- 2) эмитенттің бизнес – жоспары;
- 3) сатып алу күніндегі бағалы қағаздар құны;
- 4) брокер – дилердің үлес мөлшері және нарықтық өтімділігі;
- 5) бағалы қағазды сатудағы мүмкін болатын кез келген келісімге шектеулер жасау;

6) қайта ұйымдастырудағы кез келген аяқталмаған қызметтің (мысалы: қосылу туралы ұсыныс, сатып алу туралы, борыш құрылымын қайта қарау және конверсия) болмауы;

7) эмитенттің немесе салыстырмалы акционерлік қоғамның қаржылық құралдарының бағасы мен сауда – саттық көлемі және эмитентке әсер етуші экономикалық жағдайлардың өзгеруі;

8) брокер – дилердің соңғы сатып алуы немесе тізбекті қағаздардың сатылуы;

Одан басқа туынды бағалы қағаздардың ағымдағы құнын анықтағанда мынадай факторларды болашақтағы пайыздық мөлшерлемесін тұрақсыздықты, бағалы қағаздарды өтеу мерзімі және т.б. ескеру керек.

Брокер – дилер қаржы құралдарының ағымдағы құнын анықтағанда мыналарға негізделген әдіс қолдануларына болады:

- 1) белгілі математикалық формулаға негізделген әдіс;
- 2) табыстың мультипликациялануы;
- 3) дисконтке сәйкестелінген оңай өткізілетін бағалы қағаздар;
- 4) бағалы қағаздарды өтеу кезінде болатын табыс;
- 5) комбинацияланған әдістер;

Брокер – дилер үнемі, қолданып отырған әдістердің қаншалықты орынды екендігін қадағалап тексеріп отырулары керек. Қаржылық құралдардың құны дұрыс анықталғандығына сенімді болуы керек.

Брокер – дилермен жүзеге асырылатын операцияларды есепке алу. Табыс табу мақсатында брокер – дилер қаржы құралдарымен әр түрлі операцияларды жүзеге асырады, оларға жататындар:

- 1) бағалы қағаздарды және оларға қытысты туындыларды сатып алу – сату;
- 2) бағалы қағаздарды қарызға алу немесе қарызға беру;
- 3) репо немесе кері репо;
- 4) жаңа шығарылған бағалы қағаздарды орналастыру;

Брокер – дилер операцияларды қаржы құралдарымен өз атынан, сонымен бірге тапсырыскерлер атынан да жүзеге асырады. Қандайда болмасын операцияны орындау 2 күн алады.

Мәміле жасау күні - бұл қаржылық құралдарын сатып алу туралы шартқа қол қойған күн және онда барлық мәміленің маңызды аспектілері айтылады, оған қаржы құралдарының атауы, бағасы, саны, жеткізу шарты және т.б.

Есеп айырысу күні - бұл қаржылық құралдың сатып алушыға жеткізілген – шарт бойынша сатушымен есеп айырысқан немесе саудаластықты ұйымдастырушының белгіленген ережесі бойынша есеп айырысқан күн.

Мысалы брокер-дилер қор биржасынан қаржы құралдарын сатып алады. Мәміле 20XX жылы 15 қаңтардағы шартпен жасалған. Қор биржасында белгіленген ереже бойынша есеп айырысу 3 күнде жүзеге асырылуы керек. Сонда 15 қаңтар – мәміле жасасу күні, 18 қаңтар – есептесу күні.

Меншікті мәмілелер – ол брокер-дилер өз мүддесімен меншікті қаражат негізіндегі қызмет және де жүргізілген ол операциялардың нәтижелері брокер-дилердің қаржылық есептемесінде міндетті түрде көрсетіледі.

Бағалы қағаздарды сатып алу - сату және оған қатысты туындылар. Қаржы құралдарын сатып алу – сату операцияларын брокер-дилер мәміле жасаған күні көрсетеді, өйткені қаржы құралдарының құнында болатын өзгерістерге байланысты барлық тәуекелділікті және экономикалық пайданы өзіне алады.

Мысалы : 20XX шілдеде бағалы қағазды сатып-өткізу жөніндегі шартқа қол қойылады. Шартта операцияға байланысты барлық маңызды аспектілер айтылған, олар: қаржылық құралдардың аттары, бағасы, жеткізу шарттары, саны және т.б. шартқа сәйкес есеп айырысу 10 күнде орындалады. Бухгалтерлік есепте бағалы қағаздарды сатып алу-сату операцияларын 25 шілде күнгі жағдайға байланысты сатушының табыс шотына және алынуға тиіс шотында көрсетіледі, ал сатып алушы қаржылық инвестициялар шотында және төлеу шоттарында, яғни ақша қаражаттар шоттарында жазып көрсетеді.

Мәміле жүзеге аспағанда қауіп минималды болады, егер олар:

- 1) мәміле кепілдікпен қамтамасыз етілсе;
- 2) мәміле жасасу күні мен есеп айырысу күндер арасында кезең шамалы болса;
- 3) есеп айырысу клирингтік ұйым арқылы жүргізілсе.

Егер мәміле белгілі болса себепке байланысты орындалмаса, брокер-дилер есеп жазбалаларына осы операцияларға шегерулер жасайды.

Бағалы қағаздар брокер-дилер есебінде сатып алушымен сатушы мәміле жасаған күні белгіленген бағамен көрсетіледі. Бағалы қағаздарды ағымдағы құны бойынша есебін ұйымдастырғанда, ағымдағы құнының өзгеруінен болған табыс немесе зиян сол ағымдағы есеп беру кезеңінде мойындалады.

Мысалы: 20XX жылы 20 шілдеде брокер-дилер «К» акционерлік қоғамнан бағалы қағазды әрқайсысын 500 теңгеден 1000 данасын алу жөнінде шарт жасады және 20XX жылы 23 шілдеде сатушымен «К» акционерлік қоғамның бағалы қағаздарының бір бірлігінің саудаластық бағасы 550 теңгеге көбейеді, ал 23 шілдеде 450 теңгеге дейін төмендеді.

Есеп брокер-дилер көрсетеді:

1) 20 шілдеде – бағалы қағаздың 500 мың тг. келуі (1000x500) «қаржылық инвестиция» шотының дебетінде және төленуге тиіс шотының кредитінде (Дт 1100 Кт 3311);

2) 21 шілдеде – бағалы қағаздардың ағымдағы құнының өзгеруі 50 мың теңге (550-500) «қаржылық инвестиция» шотының дебетінде және «инвестициялық қызметтен түскен табыс шотының кредитінде (Дт 1100 Кт 6213);

3) 23 шілдеде – сатушы мен есеп айырысу 500 мың тг. төленуге тиіс шотының кредитінде (Дт 3311, Кт1040); және бағалы қағаздың ағымдағы

құнының өзгеруі 100 мың /тг. (450-550) «қаржылық инвестиция» шотының дебетінде және «инвестициялық қызыметтен түскен табыс» шотының кредитінде түзетпе қызылмен (сторно) көрсетіледі (Дт 1100 Кт 6213);

Туындылармен операциялар (форворд, опциондық шарт, фьючерес, своп шарттары) мәміле жасалған күні ағымдағы құнымен брокер – дилердің бухгалтерлік есебінде көрсетіледі. Шарт бойынша алынатын немесе төленетін сома брокер – дилердің қаржылық есептемесінде – негізгі сома ашылып көрсетілуі керек.

Мәміле затының ағымдағы құнының өзгеру нәтижесінде пайда болған табыс немесе зиян, тек сол есеп беру кезеңде мойындалады.

Мысалы: бокер – дилер наурыз айында 10 тонна бидайды 1 тоннасын 12 мың теңгеден алуға және оны 30 қазанда жеткізілуі керек фьючерстік шарт жасасады. Фьючерстік шартта жобаланған негізгі сомасы 120 мың теңге (10 x12). Ал фьючерстік шарттағы баға мәміле жасасқан кезде қор биржасында сондай болды делік. Маусым айында бидайдың бағасы 13 мың теңгеге дейін көтерілді. Осыған сәйкес фьючерстік шартта да баға 130 мың тг. өзгерді. Фьючерстік мәміле затының ағымдағы құны, фьючерстік шарттың баға айырмасы ретінде 10 мың теңгені құрды (130 -120).

Брокер – дилер есепте операцияны былай көрсетеді:

1) наурыз айында – қаржылық есептемеге түсініктеме хатта фьючерстік келісімдегі 120 мың теңге туралы ақпаратты көрсетеді (мәміле жасасқандағы ағымдағы құны нольге тең);

2) маусымда – мәміле заттың ағымдағы құнының өзгеруі 10 мың тг. (130 – 120 -0) алуға тиіс шотының дебетіне және табыс шотының кредитінде (ағымдағы құны 10 мың тг.) Дт 1211 Кт 6280 көрсетіледі;

3) қазанда – есепке алынған бидайдың 130 мың тг. «тауарлы – материалдық босалқылар» шотының дебетінде, 10 мың тг. «ақша қаражаттар» шотының және 120 мың тг. «ақша қаражаттар» шоттарының кредитімен корреспонденцияланады (мәміленің ағымдағы құны 10 мың тг. күйінде өзгеріссіз қалды);

Дт 1320 – 130,0;

Кт 1211 – 10,0;

Кт 1040 – 120,0;

Бағалы қағаздарды шеттен қарыз ала тұру және шетке қарыз бере тұру. Бағалы қағаздарды қарызға ала тұру және бере тұру операцияларды қамтамасыз етілген қарыз болып есептеледі, өйткені бұл бағалы қағазды қарызға алушы адамға кепілдік беру болып қарастырылады. Кепілдік зат болып ақша, бағалы қағаз және тағы басқа активтер болуы мүмкін, бірақ олардың құны қарызға алған бағалы қағаз құнынан жоғары болу керек.

Қарыз берушінің активі – кепілдік зат ретінде салынған, қарызға алынған сома ретінде қаралады, ал қарызға берілген бағалы қағаз – қарызға алынған соманың кепілдік заты болады. Көрсетілген қызмет үшін алынатын сыйақы уақытша қатынас ретінде табыс болып мойындалады, олар активпен болған нақты табыс.

Мысалы: «А» брокер – дилер басқа брокер – дилер «К» серіктестіктің 100 мың тг. акцияларын 4 айға қарызға береді. Кепілдік ретінде 110 мың тг. облигация берілген. Сыйақы сомасы 2 мың тг.

«А» брокер – дилер есепте операцияны былай көрсетеді:

1) 110 мың тг. есепке алынған облигация – «Облигация» шотының дебетінде және төленуге тиіс шотының кредитінде (Дт 1100 Кт 3311);

2) Есептелінген сыйақыны есепті кезең үшін 500 теңге (2000/4) – «Есептелінген пайыз» шотының дебетінде және «Акциядан дивиденд және пайыз түріндегі табыс» шотының кредитінде (Дт 2170 Кт 6120) көрсетеді;

Қарыз алушының кепілдік заты негізінде алынған бағалы қағазы кепілдік зат сомасына тең құнымен алу шарттарында көрсетіледі.

Көрсетілген қызмет үшін есептелінген сыйақы сомасы шығын ретінде танылады.

Мысалы: жоғарыдағы мысал бойынша брокер – дилер (бағалы қағазды қарыз алушы) мынандай жазу арқылы көрсетеді:

1) қарызға кепілдікке берілген бағалы қағаз 110 мың тг. облигация – алынуға тиіс шотының дебетінде және «облигация» шотының кредитінде (Дт 1211 Кт 1100);

2) есеп беру мерзімі үшін есептелінген берілуге тиіс сыйақы сомасы 500 тг. «Пайыз бойынша шығыс» шотының дебетінде және «Есептелінген пайыз» шотының кредитінде (Дт 7310 Кт 3380) көрсетіледі;

Репо және кері репо. Репо және кері репо сатып-өткізу операциялары болып есептеледі, өйткені меншік құқығы қоса беріледі. Егер меншік құқығы берілмесе, онда ол операция жоғарыда айтылғандай қамтамасыз етілген қарыз болып есептеледі.

Репо операцияларын жүзеге асырғанда брокер – дилер шартта келісілген сомадағы бағалы қағазды сатып алу міндеттерін ескереді.

Көрсетілген қызмет үшін сыйақы сомасы уақытша арақатынас негізінде шығын ретінде танылады.

Мысалы: «А» брокер – дилер 20XX жылы 1 мамырда «В» брокер – дилермен әрқайсысын 200 теңгеден 1000 дана акцияларды сатып - өткізуге және оларды 5 айдан кейін әрқайсысын 210 теңгеден қайта сатып алуға мәміле жасасты.

«А» брокер – дилер есепте операцияны былай көрсетеді.

1) мәміле жасасқан күні (1 мамыр) кері сатып алу шартына сәйкес сатып - өткізілетін бағалы қағаз сомасына – 200 мың теңге (200 x 1000) «Алуға тиіс» шотының және 10 мың тг. «Болашақ кезең шығысы» шотының дебетінде 210 мың тг. «Төленуге тиіс» шотымен корреспонденцияланады».

Дт 1211 – 200,0;

Дт 1620 – 10,0;

Кт 4030 – 210,0.

3) есеп айырысу күні алынған 200 мың тг. «Ақша қаражат» шотының дебетінде және алынуға тиіс шотының кредитінде (Дт 1040 Кт 1211);

4) әр ай сайын сыйақы бойынша есептелінген шығыс сомасы 2 мың тг. (210 – 200 : 5) «Пайыз бойынша шығыс» шотының дебетінде және «Болашақтағы кезең шығысы» шотының кредитінде (Дт 7310 Кт 1620) көрсетіледі.

Кері репо операцияларын жүзеге асырғанда брокер – дилер қайта қайтару шартындағы бағалы қағаздарды алуға тиіс шоттарында көрсетеді де шартта келісілген құнымен есепке алады.

Мысалы: жоғарыдағы келтірілген мысал бойынша:

«В» брокер – дилер есепте операцияны былай көрсетеді:

1) мәміле жасасқан күні – кері сатып алу шартына сәйкес сатып алынған 210 мың тг. бағалы қағазды алуға тиіс шотының дебетінде, 200 мың тг. төленуге тиіс шотының және 10 мың тг.

«Болашақ кезең табысы» шотының кредитінде

Дт 1211 – 210;

Кт 4030 – 200;

Кт 3520 – 10 көрсетіледі.

2) Есеп айырысу күні – 200 мың тг. сома «Төлеуге тиіс» шотының дебетінде және «Ақша қаражаттар» шотының кредитінде (Дт 4030 Кт 1040 – 200,0);

3) әр ай сайын – есептелінген 2 мың тг. $((210 - 200) : 5)$ сыйақы сомасы «Болашақ кезең табысы» шотының дебетінде және «Акциядан дивиденд және пайыз түріндегі табыс» шотының кредитінде (Дт 3520 Кт 6110724 – 2,0) көрсетіледі.

Қысқа сауда – саттық. Қысқа сауда – саттық операциясы брокер – дилер уақытша пайдалануға алған бағалы қағазды сатуды және де сол қарызға берген брокер – дилерге қайтаруды ұйғарады.

Қысқа сауда – саттық операциясын жүзеге асыру нәтижесінде пайда болған міндеттемелер, ағымдағы құны бойынша есептеледі. Ағымдағы құны өзгеру нәтижесінде болған табыс немесе зиян ол пайда болған есепті кезеңде мойындалады.

Көрсетілген қызмет үшін есептелінген сыйақы сомасы уақытша арақатынас негізінде шығыс ретінде мойындалады.

Мысалы: «А» брокер – дилер 25 мамырда «Б» акционерлік қоғамның бағалы қағазын сатты, оны ол басқа брокер – дилерден 200 данасын әрқайсын 1000 теңгеден қарызға алған. Бір аптадан кейін, яғни 1 маусымда бағалы қағаздың бағасы 900 тг. төмендейді «А» брокер-дилер 20 маусымда бағалы қағазды биржадан оларды қайтару мақсатында сатып алды (акция бағамы сол қалпында болады). Көрсетілген қызмет үшін «А» брокер-дилер былай көрсетеді:

1) 25 мамырда – бағалы қағаздардың сатылуы, соның иелігінде жоқ 200 мың тг. (200×1000) сомасы «Ақша қаражаттары» шотының дебетінде және төлеуге «Төлеуге тиіс» шотының кредитінде (Дт 1040 Кт4030);

2) 1 маусымда - міндеттеменің ағымдағы құнының өзгеруі 20 мың теңге сомада $(200 - 180)$ «Төленуге тиіс» шотының дебетінде және «Табыс» шотының кредитінде (Дт 4030 Кт6213);

3) 20 маусымда – бағалы қағазды сатып алу және оларды 180 мың теңге сомасын да қайтару, «Төленуге тиіс» шотының дебетінде және «Ақша қаражаттар» шотының кредитінде (Дт4030 Кт 1040);

4) Есеп беру есебін жасаған күні – есептелген төленуге тиіс сыйақы сомасын «Пайыз бойынша шығыс» шотының дебетінде 31 мамырда 1154 тг.

(50000:26.6) және 20 маусымда 3846 тг. (5000:25.20). «Төленуге арналған пайыз» шотының кредитінде (Дт 2180 Кт 4160).

Жаңа шыққан бағалы қағазды орналастыру. Жаңа шыққан бағалы қағазды егер брокер-дилер эмитенттен эмиссияланған бағалы қағаздың бір бөлігін немесе барлық сомасын өтеп алса, онда орналастыру операциясы меншікті мәмілеге жатқызылады.

Бұл жағдайда операция бағалы қағазды жоғарыда айтылғандай сатып алу-сату болып саналады.

Клиенттің тапсырмасы бойынша мәмілелер. Клиенттің тапсырысы бойынша мәмілелер – бұл брокер-дилер табыс алу мақсатында қаржы құралдармен клиент мүддесімен операцияларды жүзеге асырады және де ол операция нәтижелері брокер-дилердің қаржылық есептемесінде көрсетілмейді.

Брокер-дилер клиент тапсырыс бойынша мына операцияларды жүзеге асырады:

а) клиенттің шотын номиналды бағалы бағалы қағаз ұстаушы құқығымен жүргізіледі.

ә) клиенттің шотын жүргізуге құқығы жоқ.

Брокер-дилер номиналды бағалы қағаз ұстаушы қызыметін жүзеге асырғанда клиенттің есебімен активтердің сақталуын қамтамасыз етеді.

Клиентке тиісті ақшаны брокер-дилер меншікті өз ақшасынан бөлек қаржылық есептемесінде ашып көрсетеді.

Клиенттен түскен ақшаны брокер-дилер «Ақша қаражаттар» шотының дебетінде және «Төленуге тиіс» шотының кредитінде көрсетеді. Клиенттің ақшасын пайдалану – «Төленуге тиіс» шотының дебетінде және «Ақша қаражаттар» шотының кредитінде көрсетіледі.

Клиентке тиісті бағалы қағазды брокер-дилер бухгалтерлік баланста көрсетпей, ішкі регистор есебінде есептейді. Ішкі есеп жүргізу тәртібі бағалы қағаз нарығының кәсіпқой қатысушы ұйымының өзін-өзі реттеушілік ережелерімен және Қазақстан Республикасының заңымен жүзеге асырылады.

Брокерлік қызмет көрееткені үшін комиссияндық табыс мәміле жасасқан күні танылады, өйткені комиссияндық сыйақы алуға байланысты жұмыстар сонымен аяқталады.

Мысалы: брокер-дилер клиенттің тапсырмасын орындап, сатушыны табады және де клиентпен сатушы арасында 20 тамызда «Б» серіктестіктің акциясын сатып алу жөнінде шарт жасасады, олардың арасында есеп айырысу 1 қыркүйекте жасалынады. Брокер-дилердің комиссияндық табысы 20 тамызда танылады.

Клиенттің тапсырыстарын орындалғанда бірнеше мәміле жасау қажет болса (сол бағалы қағазды сатып алу-сату туралы), ал комиссияндық сыйақының жартысына тең сома бағалы қағазды сатып алу жөніндегі мәміле жасасқан күні табыс болып, ал қалған бөлігі бағалы қағазды сату жөнінде мәміле жүзеге асқан күні танылады.

Мысалы: клиент «К» серіктестіктің акциясын нарықтық құны көтеріледі деп ойлап белгілі акция мөлшерін сатып алуға және 1 айдан кейін оны сатуға тапсырыс береді. Сонымен бірге брокерлік қызмет шартында осы операцияны орындалғаны үшін 50 мың комиссияндық сыйақы төлеу ескерілген. Брокер-

дилер мәміле жасаған күні, яғни акцияларды сатып алған күні 25 мың тг. (50:2) комиссияндық сыйақы, ал сату жөніндегі мәміле жүзеге асқан уақытта қалған 25 мың тг. танылады.

Клиенттің тапсырмасы бойынша мәмілелер шарт бойынша белгіленген есептеу күні жүзеге асырылса, онда брокер-дилердің бухгалтерлік шотында көрсетілмейді, тек төлеу туралы проблема болған жағдайда ғана брокер-дилер өз шоттарында көрсетеді. Бұл жағдайда ол сома есеп айырысу күні клиент төлейтін дебиторлық қарыз болып көрсетіледі, өйткені брокер-дилер клиент атынан сатушыға өз ақшасын немесе қаржылық құралын береді.

Мысалы: брокер-дилер клиенттің тапсырмасы бойынша «А» серіктестіктің бір белгілі 1000 тг, тұратын 500 дана облигациясын сатып алады. Ал белгіленген комиссияндық сыйақы мәміленің жалпы сомасынан 1%. Бағалы қағазды сатып алу-сату туралы шарт 20XX жылы 1 шілдеде қол қойылған, айырбас тамызға дейін, яғни 1 ай ішінде өтуі керек. Клиенттің шотында ақшаның болмауына байланысты брокер-дилер 5 тамызда өз ақшасынан «А» серіктестігі мен есеп айырысады. Ал клиенттен ақша 20 қыркүйекте түседі.

Мәміле жасаған күні (яғни 1 шілде) брокер-дилер көрсеткен қызметі үшін 5 мың тг. (500x1000:100.1) комиссияндық және клиенттің дебиторлық комиссияндық сыйақы қарызын көрсетеді.

Есеп айырысу кезінде (яғни 5 тамызда) брокер-дилер 500 мың тг. серіктестік алдындағы кредиторлық қарызды өтейді.

Клиенттен ақша түскенде (20 қыркүйек) брокер-дилер 505 мың тенге клиенттің дебиторлық қарызын өшіреді (5 тг комиссияндық сыйақы және 500 ың тг. бағалы қағазды сатып алуға төленген сома).

Жаңа бағалы қағазды орналастыру операцияларын жүзеге асырғанда брокер-дилер басқарушы андеррайтер қызметін немесе эмиссиялық синдикат мүшесі қызметін атқара алады.

Басқарушы андеррайтер қызметін орындағанда брокер-дилер бағалы қағазды орналастырғаны үшін табыстан басқа бақыланған және эмиссиялық синдикаттың құжаттамасын жүргізгенге табыс алды.

Бағалы қағазды орналасқаны үшін комиссияндық табыс тек ҚР бағалы қағаз нарыған реттейтін орган құжаттарды бекіткеннен кейін, яғни эмиссиялаған бағалы қағаз орналасқанын дәлелдегеннен кейін ғана танылады.

Мысалы: брокер-дилер номиналды құны 1000 теңгеден 9000 дана бағалы қағазды орналастыру жөніндегі эмитентпен андеррайтингтік шарт жасасады. Шартта бағалы қағазды орналасқаны үшін броекр-дилерге бағадан 5% мөлшерлемемен жеңілдік берілген. Андррайтингтік қызмет бойынша тәуекелділікті азайту мақсатында брокер-дилер «К» эмиссиондық синдикаттың ұйымдастырушысы болады. »К» брокер-дилер арасындағы эмиссиондық шарт бойынша әрқайсысы 3000 дана бағалы қағаздан орналастыру қажет және орналасқандығы үшін әр брокер-дилерге төленетін жеңілдік 4%. 1 шілдеде «В» брокер-дилер – 2000 дана, «Д» брокер-дилер – 1000 дана, «К» брокер-дилер 2500 дана акция орналастырады. 30 қарашада барлық акциялар орналасты, 18 желтоқсанда ҚР арнайы органы эмиссиондық бағалы қағазды орналастырғанын дәлелдейтін құжатты бекітті.

1 шілде:

«В» брокер-дилердің комиссияндық сыйақысы 80 мың тг. құрайды. (2000x1000x4:100);

«Д» брокер-дилер – 40 мың тг. (1000x1000x4:100);

«К» брокер-дилер – 155 мың тг. (100000+55000), мұндағы 100 мың тг. орналастырғаны үшін комиссияндық сыйақы (2500.1000.4:100), ал 55 мың тг. – басқару қызметі үшін комиссияндық сыйақы ((2000+1000+2500)x1000x1:100).

Бухгалтерлік есепте брокер-дилер комиссияндық сыйақы алынуға тиіс шотының дебетінде және «Болашақтағы табыс» шотының кредитінде көрсетеді (Дт 1211Кт 3520).

30 қарашада:

«В» брокер-дилер комиссияндық сыйақы 40 мың тг. ((3000-2000)x4x100:100);

«Д» брокер-дилер – 80 мың тг. ((3000-1000)x4:100:100);

«К» брокер-дилер - 55 мың тг. (20000+35000) мұндағы 20 мың тг. орналастырғаны үшін комиссияндық сыйақы (3000-2500)x4:100x1000 және 35 мың тг. – басқарудағы қызмет үшін комиссияндық сыйақы ((9000-5500)x100x1:100).

Бухгалтерлік есепте брокер-дилер комиссияндық сыйақыны алынуға тиіс шотының дебетінде және «Болашақтағы табыс» шотының кредитінде көрсетеді (Дт 1211 Кт 3520).

18 желтоқсанда:

Барлық сыйақы сомасын брокер-дилер бухгалтерлік есепте «Табыстар» шотының кредитінде және «Болашақтағы табыстар» шотының дебетінде көрсетеді (Дт 3520 Кт 6213).

Орындайтын қызметіне (андеррайтерлік басқару немесе эмиссиялық синдикат мүшесі) байланысты брокер-дилердің әр түрлі шығыстары болады.

Андеррайтер басқару қызметін орындағанда бағалы қағазды сатып-өткізуден басқа орналастыру шығыстарына байланысты, жарнама, бағалы қағаздар нарығын тұрақтандыру т.б. шығыстары болады, бұдан басқа да брокер-дилердің құқықтық қызмет көрсеткендерге ақысын төлеу, эмиссиондық синдикатты ұйымдастыру қызметін жүзеге асыру сияқты шағындары болады. Айтылған шығыстар ағымдағы шығыстар ретінде тек осыған сәйкес табыс ескерілгенде ғана танылуы керек. Мысалы: «К», «В» және «Д» брокер-дилерді қарастырайық. 30 қарашада «В» брокер-дилердің бағалы қағазды орналастыруға байланысты шағындары 100 мың тг., «Д» брокер-дилер – 90 мың тг. және «К» брокер-дилер – 180 мың тг. құрайды.

30 қарашада брокер-дилердің бухгалтерлік есептерінде бұл сома болашақтағы шағындар шотында ескеріледі (343).

18 желтоқсанда «В» брокер-дилер 100 мың тг. сомадағы шығыны, «Д» брокер-дилердің – 90 мың тг., «К» брокер-дилердің 180 мың тг. болашақтағы шағын шотының кредитінен ағымдағы шығын шотының дебетіне жатқызылады (Дт 833 Кт 343).

Егер операцияның аяқталуы мүмкін болмаған жағдайда, ал бағалы қағаз тіркелген, онда бағалы қағазды орналастыруға қатысқан брокер-дилер көтерген шығындарын есепті кезең шығындарына жатқызады.

Мысалы: брокер-дилерлер жоғарыдағы келтірілген мысалдар бойынша барлық акцияларды орналастыра алмады делік, сонда 30 қарашада бағалы қағаздар эмиссиясы орындалмаған болып танылады. 30 қарашада брокер-дилер дебиторлық қарызды бағалы қағазды орналастыруға байланысты комиссияндық сыйақыны жояды және бағалы қағаздарды орналастыруға байланысты болған, шығындарды ағымдағы шығын деп таниды. Бухгалтерлік есепте комиссияндық сыйақы алынуға тиіс шотының кредитінде, «Болашақтағы табыс» шотының дебетінде бейнелейді, ал шағын сомасы («В» - 100 мың, «Д»-90 мың, «К» 180 мың) болашақтағы шығыс шотының кредитінде және «Токтатылған операциялардың табысы» шотының дебетінде бейнеленеді (Дт 3520 Кт 1211, Дт 7413 Кт 1620).

Тест түріндегі сұрақтар

1. Өзара инвестициялық қорлар (ӨИК) дегенімізді қалай түсінесіз?

- А. Бұл ашық инвестициялық қорлар, олар өздерінің эмитенттелінетін шоттарын заңмен белгіленген бағамен кері сатып алуға міндетті.
- В. Бұл ашық инвестициялық қорлар, олар өздерінің эмитенттелінетін баланстарын заңмен белгіленген бағамен кері сатып алуға міндетті.
- С. Бұл ашық инвестициялық қорлар, олар өздерінің эмитенттелінетін акцияларын заңмен белгіленген бағамен кері сатып алуға міндетті.
- Д. Бұл ашық инвестициялық қорлар, олар өздерінің эмитенттелінетін шикізаттарын заңмен белгіленген бағамен кері сатып алуға міндетті.

2. Венчурлік инвесторлар дегенімізді қалай түсінесіз?

- А. Қауіпті тәуекелге байланысты және тез сатылатын күрделі салым инвесторлары. Бұл жаңа құрылып жатқан мұнай және газ компанияларына, жаңа компьютерлік жүйелер мен бағдарламалық өнімдерге, технологияларға т.б.сатылатын сатылымдар.
- В. Қауіпті тәуекелге байланысты және тез қайтарымды күрделі салым инвесторлары. Бұл жаңа құрылып жатқан мұнай және газ компанияларына, жаңа компьютерлік жүйелер мен бағдарламалық өнімдерге, технологияларға т.б.сатылатын салымдар.
- С. Қауіпті тәуекелге байланысты және тез ұтып алатын күрделі салым инвесторлары. Бұл жаңа құрылып жатқан мұнай және газ компанияларына, жаңа компьютерлік жүйелер мен бағдарламалық өнімдерге, технологияларға т.б.ұтып алатын салымдар.
- Д. Қауіпті тәуекелге байланысты және тез ұтылып қалатын күрделі салым инвесторлары. Бұл жаңа құрылып жатқан мұнай және газ компанияларына, жаңа компьютерлік жүйелер мен бағдарламалық өнімдерге, технологияларға т.б.ұтылатын салымдар.

3. Төте (тура) инвесторларды қалай түсінесіз?

- А. Белсенді басқару және табыс табу мақсатымен шаруашылық субъектісінің жарғылық капиталына қаражаттарын тура (төте) банкрот жасайтын инвесторлар.
- В. Белсенді басқару және табыс табу мақсатымен шаруашылық субъектісінің жарғылық капиталына қаражаттарын тура (төте) сататын инвесторлар.

С. Белсенді басқару және табыс табу мақсатымен шаруашылық субъектісінің жарғылық капиталына қаражаттарын тура (төте) ұтып алатын инвесторлар.

Д.. Белсенді басқару және табыс табу мақсатымен шаруашылық субъектісінің жарғылық капиталына қаражаттарын тура (төте) салатын инвесторлар.

4. Портфельді басқару дегеніміз:

А. Бұл инвестициялық қорлардың инвестициялық декларациясына сәйкес министрдің нысаналы қызметі.

В. Бұл инвестициялық қорлардың инвестициялық декларациясына сәйкес аудан әкімінің нысаналы қызметі.

С. Бұл инвестициялық қорлардың инвестициялық декларациясына сәйкес компания басшысының нысаналы қызметі.

Д. Бұл инвестициялық қорлардың инвестициялық декларациясына сәйкес салық инспекциясының басшысының нысаналы қызметі.

5. Облигация ол:

А. Эмитенттің инвесторлар арасында орналастырылған қарыздың түрін білдіретін қаржылық құрал. Облигациялар белгілі бір мерзімде өтелуі керек және сыйақыны (мүддені) кезеңдік түрде төлеуін талап етеді.

В. Эмитенттің инвесторлар арасында орналастырылған қарыздың түрін білдіретін тауар. Облигациялар белгілі бір мерзімде өтелуі керек және сыйақыны (мүддені) кезеңдік түрде төлеуін талап етеді.

С. Эмитенттің инвесторлар арасында орналастырылған қарыздың түрін білдіретін баланстық құрал. Облигациялар белгілі бір мерзімде өтелуі керек және сыйақыны (мүддені) кезеңдік түрде төлеуін талап етеді.

Д. Эмитенттің инвесторлар арасында орналастырылған қарыздың түрін білдіретін сенімхат құрал. Облигациялар белгілі бір мерзімде өтелуі керек және сыйақыны (мүддені) кезеңдік түрде төлеуін талап етеді.

6. Ағымдағы күн –

А. Активті нарықта инвестициялық сатудан алынуы мүмкін сома. Ол жалпы экономикалық жағдай, инвесторлардың бұл компанияға көзқарасы компаниямен алынатын табыс тағы сол сияқты әр тұллі факторларға байланысты.

В. Активті нарықта инвестициялық баланстан алынуы мүмкін сома. Ол жалпы экономикалық жағдай, инвесторлардың бұл компанияға көзқарасы компаниямен алынатын табыс тағы сол сияқты әр тұллі факторларға байланысты.

С. Активті нарықта инвестициялық шоттардан алынуы мүмкін сома. Ол жалпы экономикалық жағдай, инвесторлардың бұл компанияға көзқарасы компаниямен алынатын табыс тағы сол сияқты әр тұллі факторларға байланысты.

Д. Активті нарықта инвестициялық қордан алынуы мүмкін сома. Ол жалпы экономикалық жағдай, инвесторлардың бұл компанияға көзқарасы компаниямен алынатын табыс тағы сол сияқты әр тұллі факторларға байланысты.

7. Жарияланған меншікті капиталға 5010 шоттары кредиттелінсе, қандай шот дебиттелінеді:

А. 3540 В. 5410 С. 5020 Д. 4420

8. Дт 5010 Кт 2040 бухгалтерлік жазуы нені білдіреді:

- A. Кәсіпорынның жарғылық капиталдың өсуін
- B. Айналымнан алынып тасталған акцияның сомасы акционерлік қоғамның жарғылық капиталының азаюы
- C. Төленбеген капиталдың сомасы
- D. Қосымша төленген капиталдың сомасы

9. Дебиттік қалдық 5020 шот бойынша нені көрсетеді:

- A. Жарияланған төленген капиталдың сомасы
- B. Жарияланған бірақ төленбеген капиталдың сомасы
- C. Қосымша төленген капиталдың сомасы
- D. Алынып тасталған капиталдың сомасы

10. Мына төмендегі бухгалтерлік жазуы нені білдіреді:

Дт 5020 «Төленбеген капитал»

Кт 5011 «Жай акциялар»

Кт 5012 «Артықшылығы бар акциялар»

- A. Тіркеліп жарияланған капитал сомасына
- B. Тіркеліп сатылған капитал сомасына
- C. Тіркелген қоймадағы капитал сомасына
- D. Тіркелген зиян капитал сомасына

11. Мына төмендегі бухгалтерлік жазуы нені білдіреді:

Дт 1040, 1010 «Ақша қаражаттары»

Кт 5020 «Төленбеген капитал»

- A. Қарыздалынған капитал сомасына
- B. Сатылған капитал сомасына
- C. Төленген капитал сомасына
- D. Пайдадан түскен капитал сомасына

12. Андеррайтер ол:

- A. Қаржылық қызметте - қайта шығарылған акцияларды және басқа да бағалы қағаздардың белгілі бір санын келісім шарттармен нарықта орналастыру жөнінде оған кепілдік беретін адам немесе компания.
- B. Қаржылық қызметте - қайта шығарылған акцияларды және басқа да бағалы қағаздардың белгілі бір санын келісім шарттармен нарықта портфельді қалыптастыруға қабылдау.
- C. Қаржылық қызметте - қайта шығарылған акцияларды және басқа да бағалы қағаздардың белгілі бір санын келісім шарттармен нарықта жарғылық капиталын қалыптастыруға қабылдау.
- D. Барлық жауаптар дұрыс емес.

13. Бағалы қағаздарды сатып алу шығындарына нелер жатады?

- A. Сатып алу шығындарына қор биржасының резервті капиталы, брокер немесе дилердің, тәуекелсіз тіркеушінің жарғылық капиталы, алымдар, т.б. жатады.
- B. Сатып алу шығындарына қор биржасының қайта шығарылған акциялары, брокер немесе дилердің, тәуекелсіз тіркеушінің төлқұжаттары, алымдар, т.б. жатады.
- C. Сатып алу шығындарына қор биржасының тіркеу құжаттары, брокер немесе дилердің, тәуекелсіз тіркеушінің оқу ақысы, алымдар, т.б. жатады.

Д. Сатып алу шығындарына қор биржасының комиссиялық қызметтері, брокер немесе дилердің, тәуекелсіз тіркеушінің комиссиялық сыйақысы, алымдар, т.б.жатады.

14. Бағасы номиналдық құнынан жоғары акциялар сатып алу кезінде, қандай бухгалтерлік жазу (проводка) беріледі.

А. Дт 4160 Кт 5410

В. Дт 5410 Кт 4160

С. Дт 5020 Кт 4010

Д. Дт 2040 Кт 5410

15. Эмиссиялық табыс алған кезде, бухгалтерлік жазу білдіреді:

А. Дт) 1040 Кт 6280

В. Дт 1040 Кт 3110

С. Дт 1040 Кт 2180

Д. Дт 1040 Кт 6010

16. Бухгалтерлік жазу Дт 7410 Кт 3350 нені білдіреді:

А. Тауарды сатып-өткізу шығысы

В. Меншікті акцияларды сатып алумен байланысты шығыстар

С. Негізгі қызметке жатпайтын шығыстар

Д. Меншікті акцияларды сатуға байланысты шығыстар

17. Жарғылық капиталға енгізілген негізгі құралдардың қайта бағалануына қандай корреспонденция беріледі.

А. Дт 5320 Кт 2411-2417

В. Дт 2411-2417 Кт 5320

С. Дт 2411-2417 Кт 2421-2429

Д. Дт 5410 Кт 2930

18. Номиналды құнынан төмен бағамен акционерлерден акцияларын сатып алса, қандай бухгалтерлік жазумен бейнеленеді.

А. Дт 1270 Кт 5020

В. Дт 1060 Кт 5410

С. Дт 5410 Кт 2040

Д. Дт 2040 Кт 5410

19. Номиналды пайыздық мөлшерлеме дегеніміз:

А. Облигацияны ұстаушы мен төленетін облигацияның номиналдық құнына негізделген сыйақы мөлшерлемесі.

А. Облигацияны сатушы мен төленетін облигацияның номиналдық құнына негізделген материалдар мөлшерлемесі.

А. Облигацияны ұстаушы мен сатылатын облигацияның номиналдық құнына негізделген құжат мөлшерлемесі.

А. Облигацияны алушы мен төленетін облигацияның номиналдық құнына негізделген степендия мөлшерлемесі.

20. Нарықтық пайыздық мөлшерлеме дегеніміз:

А. Инвестициялық нарықтағы заем мен тәуекелділік шарттары ұқсас облигациялар бойынша төленген сомаларға негізделген мөлшерлеме.

В. Инвестициялық нарықтағы заем мен тәуекелділік шарттары ұқсас облигациялар бойынша төленген сомаларға негізделген материалдар.

С. Инвестициялық нарықтағы заем мен тәуекелділік шарттары ұқсас облигациялар бойынша төленген сомаларға негізделген баланс.

Д. Инвестициялық нарықтағы заем мен тәуекелділік шарттары ұқсас облигациялар бойынша төленген сомаларға негізделген шоттар.

21. Дивиденд болып:

А. Дивиденд болып қоғамның акционерлерінің жалпы материалдық емес активтеріне сәйкес оларға тиесілі акциялар бойынша төленетін сыйақы болып табылады.

В. Дивиденд болып қоғамның акционерлерінің жалпы резервтік капиталына сәйкес оларға тиесілі акциялар бойынша төленетін сыйақы болып табылады.

С. Дивиденд болып қоғамның акционерлерінің жалпы активтеріне сәйкес оларға тиесілі акциялар бойынша төленетін сыйақы болып табылады.

Д. Дивиденд болып қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес оларға тиесілі акциялар бойынша төленетін сыйақы болып табылады.

22. Сыйақымен шығарылған облигациялардың пайыздық төлемдерін төлегенде қандай бух. жазу керек?

А. Дт 3050, 3540 Кт 1040;

В. Дт 7310, 3540 Кт 1040;

С. Дт 1040, 1010 Кт 3050, 3540;

Д. Дт 1040, 3540 Кт 7310;

23. Облигация сыйақымен немесе жеңілдікпен сатылса олардың мерзімдеріне дейінгі болатын айырмашылыққа не есептелінуі керек?

А. Сыйақы төлемі;

В. Жеңілдік мөлшері;

С. Болатын айырмашылыққа салық.

Д. Амортизация.

24. Егер де инвестордың қатысу үлесі 50% және одан да көп болса немесе 50% және одан да көп дауыс беру құқы бар акциясы болса:

А. Онда ол қаржыландырылатын объекті бойынша оның бақылауында болатын және еншілес серіктестігі болып табылады.

В. Онда ол қаржыландырылатын объекті бойынша оның балансында болатын және тәуелді серіктестігі болып табылады.

С. Онда ол қаржыландырылатын объекті бойынша оның резервінде болатын және бірлескен серіктестігі болып табылады.

Д. Онда ол қаржыландырылатын объекті бойынша оның жабдықтаушысы болатын және еншілес серіктестігі болып табылады.

25. Егер де инвестордың қатысу үлесі 20%-ден астам болса, бірақ оның дауыс беруге құқы бар акциясы 50%-дан аспаса:

А. Онда ол қаржыладырылатын объекті бойынша оның өніміне әсер етуіне болатын және еншілес серіктестік болып табылады.

В. Онда ол қаржыладырылатын объекті бойынша оның оқуына әсер етуіне болатын және бірлескен серіктестік болып табылады.

С. Онда ол қаржыладырылатын объекті бойынша оның едәуір әсер етуіне болатын және тәуелді серіктестік болып табылады.

Д. Онда ол қаржыладырылатын объекті бойынша оның балансына әсер етуіне болатын және заңды тұлға болып табылады.

26. Егер де инвестордың қатысу үлесі 20% акциясынан аспаса:

- А. Онда ол бірлесіп бақыланатын серіктестік болып табылады.
- В. Онда ол бірлесіп бақыланатын зейнетақы қоры болып табылады.
- С. Онда ол бірлесіп бақыланатын салық инспекциясы болып табылады.
- Д. Онда ол бірлесіп бақыланатын заңды тұлға болып табылады.

**3. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ҚҰНЫ
МЕН ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯСЫН ҚАЙТА
БАҒАЛАУ ЕСЕБІ**

- 3.1 Қысқа мерзімді инвестициялардың ағымдағы құнын анықтау есебі
3.2 Ұзақ мерзімді инвестицияларды қайта бағалау есебі
3.3 Инвестицияның есептен шығарылуы мен мүліктік түгендеу есебі

3.1 Қысқа мерзімді инвестициялардың ағымдағы құнын анықтау есебі

Әрбір шаруашылықты жүргізуші субъект ағымдағы құн бойынша қысқа мерзімді қаржылық инвестицияларды есепке алуға құқылы. Бұл кезде, есеп саясаты нарық жағдайының өзгерісіне тәуелді етіп, нарық құнының кезеңдік өзгеріспен бірге қарастырылады. Егер кәсіпорын иелегіндегі алынған қаржылық инвестициялары листингтік биржаның қорына енгізілген болса, онда олардың құнын кез келген кезде анықтау қиынға соқпайды. Керісінше жағдайда, қаржылық инвестициялар қор биржасында түзетіліп жазылмаса, онда нарықтық құнына белгілі бір есептеулерді жүргізе отырып, иеленген қаржылық инвестициялардың табыстылығына байланысты анықтауға болады.

Инвестицияларды қайта бағалауды жүргізу үшін кезеңділікті сақтау мақсатында қайта бағалаудың жиілігі туралы есеп саясаты жасалады. Қысқа мерзімдегі инвестициялар сатып алумен ағымдағы құнының азы бойынша есепке алынатын болса, онда бұл инвестициялардың баланыстағы құны келесілердің негізінде анықталуы мүмкін:

- жалпы алғандағы жиынтық портфелімен;
- инвестициялардың түрлері бойынша жиынтық портфелі;
- жеке инвестициямен.

Осы негіздердің қолданылуы мысалдармен қарастырайық. «Х» компаниясының 200х жылдың 31 наурызындағы қысқа мерзімді инвестициялар портфелінде (мың тг.) :

Компаниялар	Сатып алу құны	Ағымдағы құны
А компаниясының акциялары	20	18
Б компаниясының акциялары	25	23
В компаниясының акциялары	10	12
Г компаниясының облигациялары	15	15
Барлығы:	70	68

Компания инвестицияның баланстық құнын жалпы алғандағы жиынтық портфель негізінде анықтайды.

Бұл берілген жағдайда қысқа мерзімді инвестициялар баланста 68 мың теңге құны бойынша есептеледі, өйткені ол 70000 мен 68000 ішіндегі азы, ал 2000 теңге сомасы шығын ретінде танылуы керек.

Бухгалтерлік жазулар келесідей болады:

Дт 7470 «Басқалай шығындар» (сәйкес субшот) 2000;

Кт 1130 «Өтелуіне дейін ұсталынатын қысқа мерзімді инвестициялар»-2000

« Ү » компаниясының келесідей қысқа мерзімді инвестициялары бар (мың тг.) :

Компаниялар	Сатып алу құны	Ағымдағы құны
А компаниясының акциялары	100	150
Б компаниясының облигациялары	200	220
В компаниясының облигациялары	150	150
Г компаниясының облигациялары	110	120
Д компаниясының акциялары	40	45
Е компаниясының акциялары	60	70
Барлығы:	660	755

Инвестициялар түрлері бойынша:

Компаниялар	Сатып алу құны	Ағымдағы құны
А компаниясының акциялары	100	150
Д компаниясының акциялары	40	45
Е компаниясының акциялары	60	70
Барлығы:	200	265

Компаниялар	Сатып алу құны	Ағымдағы құны
Б компаниясының облигациялары	200	220
В компаниясының облигациялары	150	150
Г компаниясының облигациялары	110	120
Барлығы:	460	490

Компания инвестициясының баланстық құнын инвестиция түрлерінің негізінде анықтайды, сондықтан есепті күнде « Ү » компаниясының бухгалтерлік баланысында акциялар 200 мың теңге құны бойынша, облигациялар 460 мың теңге құны бойынша көрсетіледі – бұл қысқа мерзімді инвестициялардың сатып алу құны (200,460 мың тг) мен ағымдағы құнының (265,490 мың тг.) ішіндегі азы болып табылады.

« Z » компаниясының инвестициялар портфелі келесідегідей болсын делік (мың тг.)

Компаниялар	Сатып алу құны	Ағымдағы құны	Баланстық құны (есеп беру күнінде)
А компаниясының акциялары	100	110	100
Б компаниясының облигациялары	205	200	200
В компаниясының акциялары	50	51	50
Г компаниясының облигациялары	105	107	105
Д компаниясының акциялары	40	39	39
Барлығы:	500	507	494

Бұл берілген жағдайда «Z» компаниясы өзінің қысқа мерзімді инвестицияның баланыстық құнын анықтау кезінде жеке инвестицияның құнын алып отыр, сондықтан есепті күндегі бухгалтерлік баланыста оның құны 494 мың теңге сома деп көрсетілді, ал 6000 теңгесі (500-494)табыс деп танылады.

3.2 Ұзақ мерзімді инвестицияларды қайта бағалау есебі

Ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияларды қайта бағалау үшін қайта бағалаудың мерзімділігін анықтау керек; ұзақ мерзімді инвестициялардың бір түрін бір мезгілде ғана қайта бағалаған жөн.

Ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияларының үстеме бағасының сомасы меншік капиталын өсіреді. Инвестицияның құны кеміп кетсе, онда ол инвестицияның үстеме бағасының есебінен төмендетіледі. Егер инвестицияның үстемесі болмаса, онда ол шығынға жатқызылады.

Бұрындары төмендетілген инвестиция құны осы кездегі инвестицияның үстемесінің есебінен өтеліп, қалған сомасы меншік капиталына қосылады.

Егер де ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияның құны қайта бағалаудың нәтижесінде азайса, содан соң көбейсе, алдыңғы ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияның азайған құны өзінің бастапқы қалпына келтіріледі. Сол қалпына келтірілген сома қабылданған есеп саясатына байланысты табыс немесе таратылмаған табыс ретінде танылады.

Қаржылық инвестицияны қайта бағалаудың кезеңділігі әрбір субъектінің есептік саясатында ескеріледі, ал оған: не нарық бағасының биржада түзетілуі, не әділ бағасы негіз бола алады.

Ұзақ мерзімді инвестициялар – бұл ұзақ мерзімді салымдар жасау мақсатында сатылып алынатын бағалы қағаздар. Мысалы, айналыс мерзімі 5 жыл облигацияны сатып алу немесе акционерлік қоғамның акциясына, оның қызметіне бақылау жасау мен біршама әсер ету, ұзақ мерзім бойына дивиденттер алу мақсатында салымдар салу.

Ұзақ мерзімді инвестицияларға одан басқа қозғалмайтын мүлікке салынған инвестициялар жатады. Оған болашақта, яғни 2-3 жылдан соң, сұраныс болған кезде сатуға арнап сатып алынған үйлер, мүліктер т.б. жатқызуға болады. Бағалы қағаздарға мысал ретінде инвестор номиналдық құндарынан табысы 15 % болып белгіленген 500 артықшылығы бар әрбір акцияны 210 теңгеден сатып алды. Акцияның әрқайсысының номиналдық құны 250 теңге. Инвестор бұл акцияларды үш жыл бойы ұстамақ ойы бар. Сонымен инвестор салынған инвестициядан жылына 18750 теңге табыс алуды көздейді. Бірақ акцияға есептелінетін дивиденд көлемін анықталық. $250 \text{ теңге} \times 15\% = 37,5 \text{ теңге}$. 500 акцияға есептелінетін дивиденд көлемі $500 \text{ акция} \times 37,5 \text{ теңге} = 18750 \text{ теңге}$. Инвестордың үш жылда алатын дивиденд көлемі $18750 \text{ теңге} \times 3 \text{ жыл} = 56250 \text{ теңге}$.

Еншілес, бір-біріне тәуелді және бірге бақыланатын заңды тұлғалардың акцияларына салынған инвестицияның нақтылы бар болуы мен қозғалысын есепке алу үшін 2200«Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар» бөлімшесінің, ал басқа қысқа мерзімді инвестициялардың

қозғалысы мен нақты бар болуы туралы ақпаратты кеңірек түсіндіру үшін 1100 «Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар» бөлімшесінің шоттары арналған.

Ұзақ мерзімді инвестицияларда қысқа мерзімді инвестициялар сияқты алғашқыда сатып алу құнымен, ал одан кейінгі уақыттарда бухгалтерлік баланста:

- сатып алу құнымен;
- қайта бағалауды ескеретін құны бойынша;
- бағалы қағаздар портфелі (қызымет етіп тұрған нарықта қалыптасқан құны бар бағалы қағаздар) негізінде анықталатын сатып алумен ағымдағы құндарының ішіндегі азы бойынша есепке алынуы мүмкін.

Ұзақ мерзімді инвестицияларды қайта бағалауды іске асыру үшін қайта бағалаудың кезеңділігі анықталады. Бұл жағдайда қайта бағалаудың жеке дара әдісі қолданылады. Қайта бағалау нәтижесінде ұзақ мерзімді инвестициялардың құнының өсуі «Қосымша төленбеген капитал » шотында есептеледі, ал азаюы шығын ретінде (дауыс беруші акциялардың үлесі 20%- дан кем болған жағдайда) танылады. Бұл әдіс бойынша инвестициялар алғашқыда өзіндік құны бойынша бағалануы керек, ал сонан соң нарықтық құнның өзгерісін көрсету үшін кезеңді түрде қайта бағалануы керек.

Әрбір есептеу кезеңінің соңында ұзақ мерзімдегі инвестициялардың жалпы құны (сатып алу құны) мен өзіндік құннан жоғары болса, нарықтық құны бойынша есепке алу әдісін қолдану кезінде асып кеткен сома қосымша төленбеген капиталды есепке алу шотына (5323 «Инвестицияны қайта бағалау резерві») жатқызылады. Егер нарықтық құн жалпы құннан аз болса, онда олардың арасындағы айырма шағын деп танылады (қысқа мерзімдегі инвестициялардағы сияқты) .

Егер компания басқа компанияның шығарылған акциясының 20%-дан 50%-ға дейінгі мөлшерін ұзақ мерзімді инвестиция ретінде сатып алса, компания-инвестор оның қызметін бақылау мүмкіндігін алады. Бұл жағдайда мұндай инвестициялардың есебін үлестік қатысу әдісінің көмегімен жүргізеді.

Бұл әдісті қолдану кезінде компания-инвестордың дивидендтердің төлену төленбеуіне байланыссыз басқа компанияның таза табысындағы өзінің таза табысының немесе зиянның үлесін анықтап алуы керек. Үлестік қатысу әдісі келесі белгілермен сипатталады.

1. Инвестор инвестицияны сатып алу кезінде сатып алу бағасымен есепке алады.

2. Инвестор таза табысының үлесін-инвестицияның баланстық құнының өсуіне, ал зиянның үлесін-баланстық құнының кемуіне апарады.

3. Инвестор тиесілі дивиденд сомасын инвестицияның баланстық құнының кемуіне жатқызады.

Бұл жағдайларды мысалмен қарастырайық. А компаниясы 200х жылдың 15 наурыз күні ұзақ мерзім иелену мақсатында 1000000тг. сомаға «Б» компаниясының 30% акциясын сатып алды. 200х жылдың қортындылары бойынша «Б» компаниясы 500000 тг. таза табыс алды және 150000 тг. сомасына дивиденд төлейтіндігін жариялады. «А» компаниясы 200х жылғы 15 наурыздағы жағдай бойынша инвестицияны сатып алу сомасы 1000000 тг.

(2210142 шот) деп көрсетті, ал 200х жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша оны (1105000 тг. 1000000 +150000 – 45000) сомада көрсетуі керек.

Инвестордың «Б» компаниясының таза табысының үлесі 150000 теңгені (500000 х 30:100) құрайды – осы сомаға инвестицияның баланстық құны өседі.

Жарияланған дивидендтердің 45000 тг. мөлшеріндегі сәйкес үлесі (150000 х 30 :100) инвестицияның баланстық құнының кемуіне апарылады. Егер «Б» компаниясы есепті жылдағы өз қызметі бойынша зиян шексе, онда «А» компаниясы өзінің зиянының үлесін инвестицияның баланстық құнының кемуіне жазған болар еді. Бұл жағдайда бухгалтерлік жазулар келесідей болады:

200х жылдың 15 наурызында -

Дт2210«Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар» - 1000000;

Кт1040«Ақша қаражаттары» - 1000000;

200х жылдың 31 желтоқсанында -

Дт2210 «Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар» - 105000;

Кт1040«Ақша қаражаттары» - 45000;

Кт6120 « Дивидендтер бойынша түскен табыстар» (сәйкес субшот) – 150000;

Ұзақ мерзімді қаржылық инвестиция туралы шешім қабылдау процесі ең қиын, әрі қайшылық туғызатын қаржылық мәселелер болып табылады. Инвестор әрқашанда ұзақ мерзімді инвестицияға қаражатын сала отырып бүгінгі ақша қаражатынан бас тартып, болашақта табыс алуды көздейді. Бірақ ондай болжамды тек қана инвестициялық жоба беруі мүмкін. Сол ұзақ мерзімді инвестицияның тиімділігін анықтау үшін, ең көп тараған талдаудың 4 әдісін пайдаланады:

- инвестициялық табыстың орташа нормасы;
- өтеушілік;
- табыстың ішкі нормасы;
- таза ағымдағы құны.

Инвестициялық табыстың орташа нормасының әдісімен ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияны бағалаған кезде кәсіпорының белгілі бір уақыт кезеңіндегі салық салынғаннан кейінгі орташа жылдық табыстан болған ауытқудан есептелінеді, демек ол жобадағы инвестицияның орташа деңгейі мен жүзеге асырылған қаржылық инвестицияның арасынан алынады. Инвестициялық табыстың орташа нормасы не өсуіне, не азаюына әкеледі, яғни азайған кезде оларды қайта бағалауға тура келеді, демек оның әділ құнын қалпына келтіру керек.

3 жылдың орташа баланстық табысы 21 мың теңге құрады делік, ал таза инвестицияның құны 180 мың теңге болған, олай болса табыстың орташа нормасы 11,67% құрайды.

Қаржылық инвестицияны өтеушілік әдісімен бағалаған кезде бірнеше жылдардың қатар санын пайдаланылады. Қаржылық жобасына: бірінші жылы – 40 мың теңге, екінші және үшінші жылдары – 60 мың теңге, төртінші, бесінші

жылдары – 40 мың теңге салынды деп топшыланған. Шын мәнінде ол 180 мың теңге құраған, яғни инвестицияның құны 20 мың теңгеге азайған.

Инвестицияның өтушілік мерзімін (кезеңін) есептеу әдісі негізінен инвестицияның бастапқы салынаған сомасын жабу үшін қажет, өтеушілік мерзімін анықтау, демек жобаны іске асырудан түсетін ақшалай түсімдер сомасы, оның бастапқы инвестиция сомасына тең болғанға дейін созылады және де ол инвестицияланаған қаражаттың табыстарының есебінен қайтарылады.

Өтеушілік кезеңін есептеу әдісі жобаның тәуекелділігі жөнінде мәселеге алдын ала жауап береді, ал ол (тәуекелділік) өз кезегінде инвестициялық сомаларды қайтару мерзімінің ұзақтығына байланысты болып келеді. Өтеушілік мерзімі қысқа болған сайын, жобадан түсетін ақшалай қаражаттардың да түсімі көп күтіледі, шаруашылық субъектісінің өтімділік деңгейі де артады. Бұл әдіс Қазақстанның шаруашылық субъектілерінің тәжірибесінде кең таралған, әсіресе оның коммерциялық банктерде басымдылығы айқын байқалады, ал егер өтеушілік кезеңі 3-4 жылды құрайтын болса, онда бұндай жобаны қабылдау үшін кең көлемдегі зерттеулер керек.

Өтеушілік мерзімін есептеу әдісі инвестициялық жобалардың тиімділігі жөнінде толық түсінік бермейді, өйткені ол уақыты бойынша түсетін ақшаның әр түрлі құнын ескермейді, сондай-ақ өтелу мерзімі аяқталғаннан кейін түскен табыстың эффектісі де толықтай бағаланбайды. Осы кемшіліктерді ескере отырып, өтеушілік әдісін тек тәуекелділік жөнінде түсінікті алу үшін, алдын ала жасалатын бағалау әдістерінің бірі ретінде ғана қарастырылады.

Шаруашылық субъектісінің ішкі табыстар нормасы өзінің физикалық мәні бойынша тек инвестициялардан алынатын пайыздық мөлшерлемесін қалыптастырады және сол бойынша инвестициялық жобаны қаржыландыру үшін несие алуына болатындығын да көрсетеді. Бұл нормалық пайыздың мөлшерлемесі тек жобаны жүзеге асыру кезінде одан алынатын барлық ақшалай түсетін қаражаттарының (табыстар мен амортизациялық қаражаттарының) дисконтталған құны сол жобаның дисконтталған шығын құнымен тең болса ғана қабылданады.

Егер де алғашқы бастау алатын шығыны 0 уақытына сәйкес келетін болса, ал оның ішкі табыстық нормасы 1 деңгейінде берілсе, онда оны келесі формуламен анықтауға болады:

$$X_0 = \frac{x_1}{(1+l)} + \frac{x_2}{(1+l)^2} + \dots + \frac{x_n}{(1+l)^n}$$

Сонымен, 1–бұл болашақ кезеңде болатын ақша ағынының дисконтталған деңгейінің мөлшерлемесі x_1 -ден x_n -ге дейін, бірақ ол кезде бастау алған шығынынан олардың ағымдағы құнына теңестіру керек.

Егер де табыстың ішкі нормасы артатын болса, онда ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияны қайта бағалауға тура келеді, өйткені жобаның рентабелділігі артады, немесе керісінше болса, онда жобаның рентабелділігі төмендейді, демек одан алынатын табыстың да деңгейі азаяды.

Таза ағымдағы құн – бұл ұзақ мерзімді инвестицияның тиімділігін анықтау мақсатында ақша ағындарын дисконттаудың әдісі. Таза ағымдағы құн

келіп түскен ақша ағыны мен шыққан ақша ағынының арасындағы айырмасына тең.

Ал инвестициялық жобаның таза ағымдағы құны мына формула бойынша анықтайды:

$$NPV = x_0 + \frac{x_1}{(1+l)} + \frac{x_2}{(1+l)^2} + \dots + \frac{x_n}{(1+l)^n}$$

Мұндағы 1 – табыстың қажетті нормасы.

Кәсіпорынның табыс нормасы салық салғаннан соң 12% құрады делік, ал инвестицияның деңгейі 180 мың теңге құраған және 5 жыл бойына жыл сайынғы төлемі 57 мың теңге болған, яғни оның ағымдағы құны мынаған тең:

$$NPV = 180 + \frac{57}{(1+0.12)} + \frac{57}{(1+0.12)^2} + \frac{57}{(1+0.12)^3} + \frac{57}{(1+0.12)^4} + \frac{57}{(1+0.12)^5}$$

$$NPV = 180 + \frac{57}{1.12} + \frac{57}{1.25} + \frac{57}{1.40} + \frac{57}{1.57} + \frac{57}{1.76}$$

$$NPV = 205.5 - 180 = 25.5 \text{ мың теңге}$$

3.3 Инвестицияның есептен шығарылуы мен мүлктік түгендеу есебі

Бағалы қағаздарды сату кезінде компания әдетте табыс алады немесе зиян шегеді. Бұл жағдайда табыс пен баланстық құн арасындағы айырма табыс немесе зиян ретінде, ал «қосымша төленбеген капитал» шотында есептелген ұзақ мерзімді инвестицияларды қайта бағалаудан шыққан сомалар табыс ретінде танылады немесе қабылданған есеп саясатына сәйкес бухгалтерлік баланста бөлінбеген табыс ретінде көрсетіледі. Мысалы, акционерлік қоғам «М» баластық құны 1000000 тг. Ұзақ мерзімді инвестицияны 120000 теңгеге сатады, қосымша төленбеген капитал шотында бұл инвестициялардың алдыңғы қайта бағалаудан шыққан 2000 тг. Сомасы тіркеледі. Қабылданған есеп саясатына сәйкес қосымша төленбеген капитал шотында есептелінетін қайта бағалаудың сомасы инвестицияның өтеліп есептен шығуы нәтижесінде есепті кезеңнің табысы ретінде танылады. Бұл жағдайдағы бухгалтерлік жазулар келесідей болады:

Инвестицияның баланстық құнын есептен шығару -

Дт 7413 «Инвестицияларды, қаржылық инвестицияларды есептен шығарудағы шығыстар» - 100000;

Кт 2210 «Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар» - 100000;

Инвестицияны сатып - өткізуден түскен табысты тану -

Дт1211 «Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық қарыздары» сәйкес субшот – 120000;

Кт 6213 «Инвестицияларды, қаржылық инвестицияларды есептен шығарудан түскен табыстар» - 120000.

Өтеліп есептен шыққан ұзақ мерзімді инвестициялар сомасы бойынша есептен шығару -

Дт 5323 «Инвестицияларды қайта бағалау резерві» - 2000;

Кт 6213 «Инвестицияларды, қаржылық инвестицияларды есептен шығарудан түскен табыстар» - 2000.

Түгелдеу басқа кәсіпорындарға берілген заемдарды, басқа кәсіпорындардың жарлық капиталына салынған салымдардың үлесін, мемлекеттік және жергілікті заемдардың пайыздық облигациясын, басқа кәсіпорындардың бағалы қағазына салынған қысқа және ұзақ мерзімді инвестицияның нақты барын анықтауға мүмкіндік береді.

Бағалы қағаздардың (акциялар, облигациялар, чектер, вексельдер, коносаменттер және заңға сәйкес бағалы қағаздар ретінде шығарылатын басқа құжаттар) нақты барын тексергенде: бағалы қағаздардың баланста есептелген құнының дұрыстығы; бағалы қағаздың сақталуы (бухгалтерлік есептің мәліметтерімен оларды нақты барын салыстыру жолымен); бағалы қағаздар бойынша табыстардың уақытында және олардың есепке толық алынуын анықтайды.

Бағалы қағаздарды кәсіпорында сақтаған кезде кәсіпорынның басшысы белгілеген мерзімінде тиісті түгендеуден өткізіп отырады және оны кәсіпорынның кассасындағы ақша қаражаттарын түгелдеу процесімен бірге жүргізеді.

Бағалы қағаздарды мүліктік түгелдеу жекелеген эмитенттер бойынша актіде атауын, сериясын, нөмірін, номиналдық бағасын, өтелу мерзімдерін және жалпы сомасын көрсету және басқа да көрсеткіштері бойынша жүргізіледі. Әрбір құнды қағаздың реквизиттері кәсіпорынның бухгалтерясында сақталатын тізімдердің (реестрлердің, кітаптардың) мәліметтерімен салыстырылады.

Банкке немесе депозитарийге (бағалы қағаздарды сақтайтын арнайы орын) өткізілген құнды қағаздарды мүліктік түгелдеу кезінде кәсіпорынның бухгалтерлік есебінің тиісті шоттарындағы сомасының қалдықтарын банктің немесе депозитарийдің мәліметтерімен салыстырылады. Бұл мәліметтер мүліктік түгелдеу кезінде банктен немесе депозитарийден арнайы сұраным арқылы алынған мәліметтермен салыстырылады.

Кәсіпорынға тиісті құнды қағаздарды мүліктік түгелдеу кезінде олардың құнын бағалау, акциясына кәсіпорын ие болып отырған акционерлік қоғамдардың, қор нарығының жағдайы және қор биржаларындағы акциялардың бағамы туралы мәліметтер ескеріледі.

Ел ішіндегі құрылған басқа кәсіпорындардың жарғылық капиталдарына кәсіпорынның аударған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициясының қаражаттары, сондай – ақ басқа кәсіпорындарға берілген заемдары мүліктік түгелдеу кезінде тиісті құжаттармен куәландырылады.

Қаржылық инвестицияларды мүліктік түгелдеу нәтижелері «Құндылықтар мен қатаң есеп беру құжаттарының» бланкілерінің тізбесінде көрсетіледі.

Егер мүліктік түгелдеу кезінде әр түрлі дебиторлармен және басқалармен есеп айырысу шоттарына құны жазылған инвестициялар анықталса, онда мұндай сомалар алынып, инвестициялардың тиісті шоттарына аударылады.

Мүліктік түгелдеу кезінде банкрот болып жариялаған немесе жойылған (инвесторларға тиісті талап қоймаған) кәсіпорындарға салынған инвестициялар анықталуы мүмкін.

Мүліктік түгелдеу комиссиясы инвестиция салынған кәсіпорындағы өзгерістерді, меншік түрінің ауысуын, инвестиция салынған кәсіпорындарды шетелдік инвестордың сатып алуын және басқа да жағдайлары анықталуы мүмкін. Осы да және басқа да жағдайларда мүліктік түгелдеуді жүргізетін комиссия тиісті шешімдер қабылдауы қажет, ал бухгалтерия оны есепте көрсетуі керек.

Төменде инвестицияларды мүліктік түгелдеу нәтижелері бойынша жасалған шоттар корреспонденциясы көрсетілген.

Рет №	Шаруашылық операцияларының мазмұны	Сома, мың теңге	Шоттардың корреспонденциясы	
			дебет	кредит
1.	Түгелдеу кезінде, еншілес кәсіпорынға, 200 мың теңгедегі сомасы жаңылыс жатқызылғаны, яғни жаңылыс 1220 шотына аударып жібергені анықталды: - түзейтін жазулар (қызыл жазу тәсілімен)	200,0	1220	1040
	- дұрыс жазуы	200,0	2210	1040
2	Түгендеудің нәтижесінде осы кәсіпорындарда, бұрын банкрот болып танылған басқа кәсіпорынның акциясы табылған, сол акцияның жалпы құны 400 мың теңге құраған, түгендеу комиссиясы аталған шағымның орындалуын ұсынды.	400,0	1630	1150

Есеп беруде инвестицияларды ашып көрсету. Шаруашылық жүргізу субъект қаржылық есеп беру барысында өзінің баланстық құнын, ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияларын есептен шығарғаннан кейін қайта бағалаудан түскен табысын есеп саясатында ашып көрсетуі қажет.

Сондай – ақ, пайыздар, роялти, дивидендтер және ұзақ және қысқа мерзімді қаржылық инвестициялардан түсетін табысты да ашып көрсетуі керек: қысқа мерзімді қаржылық инвестициялардың есептен шығуынан түскен табыстар мен шығындар және осындай инвестициялардың құнының төмендеуі де ашылуы тиіс.

Жылжымайтын мүлікке салынған инвестициялардың ағымдағы құны, сондай – ақ инвестицияларды өткізудегі айтарлықтай шектеулердің жайы, алатын табысы; олардың сатылуынан түсетін пайдасы; есеп беру кезеңде қайта бағалаудан түскен соманың қозғалысы және бұл қозғалыстың сипаты; қайта бағалауды есепке алғандағы құнымен есептеген кезіндегі ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша қайта бағалаудың мерзімділігі, соңғы қайта бағалаудың күні, қайта бағалаудың негізгі есебі ашылуы тиіс.

Тест түріндегі сұрақтар

1. Инвестицияларды қайта бағалаудың жалпы алғандағы жиынтық портфелімен анықтау дегеніміз:

А. Компания инвестицияның баланстық құнын жалпы алғандағы материалдық портфель негізінде анықтау.

В. Компания инвестицияның баланстық құнын жалпы алғандағы инвестициялар сатып алумен ағымдағы құнының азы бойынша жиынтық портфель негізінде анықтау.

С. Компания инвестицияның баланстық құнын жалпы алғандағы резервтік портфель негізінде анықтау.

Д. Компания инвестицияның баланстық құнын жалпы алғандағы салықтық портфель негізінде анықтау.

2. Инвестициялардың түрлері бойынша жиынтық портфельді анықтау дегеніміз:

А. Компания инвестициясының баланстық құнын инвестиция активтері негізінде анықтайды.

В. Компания инвестициясының баланстық құнын инвестицияның сатылу негізінде инвестициялар сатып алумен ағымдағы құнының азы бойынша анықтайды.

С. Компания инвестициясының баланстық құнын инвестиция қарызы негізінде анықтайды.

Д. Компания инвестициясының баланстық құнын инвестиция түрлерінің негізінде инвестициялар сатып алумен ағымдағы құнының азы бойынша анықтайды.

3. Инвестицияларды жеке инвестициямен анықтау дегеніміз:

А. Компаниясы өзінің қысқа мерзімді инвестицияның баланстық құнын анықтау кезінде несиедегі инвестицияның құнын сатып алумен ағымдағы құнының азы бойынша анықтайды.

В. Компаниясы өзінің қысқа мерзімді инвестицияның баланстық құнын анықтау кезінде активтегі инвестицияның құнын сатып алумен ағымдағы құнының азы бойынша анықтайды.

С. Компаниясы өзінің қысқа мерзімді инвестицияның баланстық құнын анықтау кезінде жеке инвестицияның құнын сатып алумен ағымдағы құнының азы бойынша анықтайды.

Д. Компаниясы өзінің қысқа мерзімді инвестицияның баланстық құнын анықтау кезінде жабдықтаушыдағы инвестицияның құнын сатып алумен ағымдағы құнының азы бойынша анықтайды.

4. Шығын ретінде танылған қысқа мерзімді инвестицияға қандай бухгалтерлік жазу (проводка) беріледі.

А. Дт 5410 Кт 4160

В. Дт 7470 Кт 1130

С. Дт 5020 Кт 4010

Д. Дт 2040 Кт 5410

5. Инвестицияның баланстық құнын есептен шығарғанда қандай бухгалтерлік жазу беріледі.

А. Дт 7413 Кт 2210

В. Дт 7470 Кт 1130

С. Дт 1130 Кт 7470

Д. Дт 7413 Кт 2210

6. Инвестицияны сатып- өткізуден түскен табысты қандай бухгалтерлік жазу беріледі.

- A. Дт 1211 Кт 6213
- B. Дт 6213 Кт 1211
- C. Дт 5020 Кт 4010
- D. Дт 2040 Кт 5410

7. Өтеліп есептен шыққан ұзақ мерзімді инвестициялар сомасы бойынша есептен шығаруды қандай бухгалтерлік жазумен көрсетесіз.

- A. Дт 1211 Кт 6213
- B. Дт 6213 Кт 5323
- C. Дт 5323 Кт 6213
- D. Дт 6213 Кт 1211

8. Бағалы қағаздарды кәсіпорында сақтаған кезде түгелдеу процесін қалай жүргізеді.

A. Бағалы қағаздарды кәсіпорында сақтаған кезде брокерлер белгілеген мерзімінде тиісті түгендеуден өткізіп отырады және оны кәсіпорынның кассасындағы ақша қаражаттарын түгелдеу процесімен бірге жүргізеді.

B. Бағалы қағаздарды кәсіпорында сақтаған кезде кәсіпорынның басшысы белгілеген мерзімінде тиісті түгендеуден өткізіп отырады және оны кәсіпорынның кассасындағы ақша қаражаттарын түгелдеу процесімен бірге жүргізеді.

C. Бағалы қағаздарды кәсіпорында сақтаған кезде қор биржасының басшысы белгілеген мерзімінде тиісті түгендеуден өткізіп отырады және оны кәсіпорынның кассасындағы ақша қаражаттарын түгелдеу процесімен бірге жүргізеді.

D. Бағалы қағаздарды кәсіпорында сақтаған кезде банктің басшысы белгілеген мерзімінде тиісті түгендеуден өткізіп отырады және оны кәсіпорынның кассасындағы ақша қаражаттарын түгелдеу процесімен бірге жүргізеді.

9. Түгендеудің нәтижесінде кәсіпорындарда, бұрын банкрот болып танылған басқа кәсіпорының акциясы табылған, ол акцияның жалпы құны 400 мың теңге құраған бұны қандай бухгалтерлік жазумен көрсетесіз.

- A. Дт 1150 Кт 4010 400,0 мың тг.
- B. Дт 5410 Кт 1630 400,0 мың тг.
- C. Дт 1630 Кт 1150 400,0 мың тг.
- D. Дт 1211 Кт 6213 400,0 мың тг.

10. Бағалы қағаздарды мүліктік түгелдеу жекелеген эмитенттер бойынша қалай жүргізеді.

A. Бағалы қағаздарды мүліктік түгелдеу жекелеген эмитенттер бойынша актіде атауын, сериясын, нөмірін, номиналдық бағасын, өтелу мерзімдерін және жалпы сомасын көрсету және басқа да көрсеткіштері бойынша жүргізіледі. Әрбір құнды қағаздың реквизиттері кәсіпорынның бухгалтерясында сақталатын тізімдердің (реестрлердің, кітаптардың) мәліметтерімен салыстырылады.

B. Бағалы қағаздарды мүліктік түгелдеу жекелеген эмитенттер бойынша активте атауын, шот нөмірін, номиналдық атауын, өтелу мерзімдерін және жалпы сомасын көрсету және басқа да көрсеткіштері бойынша жүргізіледі.

Әрбір құнды қағаздың реквизиттері кәсіпорынның бухгалтериясында сақталатын баланстың (реестрлердің, кітаптардың) мәліметтерімен салыстырылады.

С. Бағалы қағаздарды мүліктік түгелдеу жекелеген эмитенттер бойынша салықтың атауын, жеке салық нөмірін, номиналдық бағасын, өтелу мерзімдерін және жалпы сомасын көрсету және басқа да көрсеткіштері бойынша жүргізіледі. Әрбір құнды қағаздың реквизиттері кәсіпорынның бухгалтериясында салықтық тізімдердің (реестрлердің, кітаптардың) мәліметтерімен салыстырылады.

Д. Бағалы қағаздарды мүліктік түгелдеу жекелеген эмитенттер бойынша депозиттің атауын, банктік шот нөмірін, номиналдық бағасын, өтелу мерзімдерін және жалпы сомасын көрсету және басқа да көрсеткіштері бойынша жүргізіледі. Әрбір құнды қағаздың реквизиттері кәсіпорынның бухгалтериясында сақталатын тізімдердің (реестрлердің, кітаптардың) мәліметтерімен салыстырылады.

11. Инвестицияның өтушілік мерзімін (кезеңін) есептеу әдісі ол:

А. Инвестицияның өтушілік мерзімін (кезеңін) есептеу әдіс негізінен инвестицияның бастапқы салынаған сомасын жабу үшін қажет, өтеушілік мерзімін анықтау, демек жобаны іске асырудан түсетін ақшалай түсімдер сомасы, оның бастапқы инвестиция сомасына тең болғанға дейін созылады және де ол инвестицияланаған қаражаттың табыстарының есебінен қайтарылады.

В. Инвестицияның өтушілік мерзімін (кезеңін) есептеу әдісі негізінен инвестицияның жабдықтаушылардағы сомасын жабу үшін қажет, өтеушілік мерзімін анықтау, демек жобаны іске асырудан түсетін ақшалай түсімдер сомасы, оның бастапқы инвестиция сомасына тең болғанға дейін созылады және де ол инвестицияланаған қаражаттың табыстарының есебінен қайтарылады.

С. Инвестицияның өтушілік мерзімін (кезеңін) есептеу әдісі негізінен инвестицияның несиелік сомасын жабу үшін қажет, өтеушілік мерзімін анықтау, демек жобаны іске асырудан түсетін ақшалай түсімдер сомасы, оның бастапқы инвестиция сомасына тең болғанға дейін созылады және де ол инвестицияланаған қаражаттың табыстарының есебінен қайтарылады.

Д. Инвестицияның өтушілік мерзімін (кезеңін) есептеу әдісі негізінен инвестицияның серіктестіктегі сомасын жабу үшін қажет, өтеушілік мерзімін анықтау, демек жобаны іске асырудан түсетін ақшалай түсімдер сомасы, оның бастапқы инвестиция сомасына тең болғанға дейін созылады және де ол инвестицияланаған қаражаттың табыстарының есебінен қайтарылады.

12. Таза ағымдағы құн – бұл:

А. Таза ағымдағы құн – бұл ұзақ мерзімді инвестицияның өтеу мерзімін анықтау мақсатында ақша ағындарын дисконттаудың әдісі. Таза ағымдағы құн келіп түскен ақша ағыны мен шыққан ақша ағынының арасындағы айырмасына тең.

В. Таза ағымдағы құн – бұл ұзақ мерзімді инвестицияның тиімділігін анықтау мақсатында ақша ағындарын дисконттаудың әдісі. Таза ағымдағы құн келіп түскен ақша ағыны мен шыққан ақша ағынының арасындағы айырмасына тең.

Д. Таза ағымдағы құн – бұл ұзақ мерзімді инвестицияның серіктестерін анықтау мақсатында ақша ағындарын дисконттаудың әдісі. Таза ағымдағы құн келіп түскен ақша ағыны мен шыққан ақша ағынының арасындағы айырмасына тең.

А. Жалпы алғандағы жиынтық қортындымен; инвестициялардың түрлері бойынша жиынтық несиімен; жеке инвестициямен.

С. Жалпы алғандағы жиынтық портфелімен; инвестициялардың түрлері бойынша жиынтық портфелімен; жеке инвестициямен.

Д. Жалпы алғандағы жиынтық жабдықтаушылармен; инвестициялардың түрлері бойынша жиынтық материалдармен; жеке инвестициямен.

А. Егер де ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияның құны қайта бағалаудың нәтижесінде азайса, содан соң көбейсе, алдыңғы ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияның несиесі өзінің бастапқы қалпына келтіріледі. Сол қалпына келтірілген сома қабылданған есеп саясатына байланысты табыс немесе таратылмаған табыс ретінде танылады.

В. Егер де ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияның құны қайта бағалаудың нәтижесінде азайса, содан соң көбейсе, алдыңғы ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияның жабдықтаушылары бастапқы қалпына келтіріледі. Сол қалпына келтірілген сома қабылданған есеп саясатына байланысты табыс немесе таратылмаған табыс ретінде танылады.

С. Егер де ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияның құны қайта бағалаудың нәтижесінде азайса, содан соң көбейсе, алдыңғы ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияның азайған құны өзінің бастапқы қалпына келтіріледі. Сол қалпына келтірілген сома қабылданған есеп саясатына байланысты табыс немесе таратылмаған табыс ретінде танылады.

Д. Егер де ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияның құны қайта бағалаудың нәтижесінде азайса, содан соң көбейсе, алдыңғы ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияның шоттары өзінің бастапқы қалпына келтіріледі. Сол қалпына келтірілген сома қабылданған есеп саясатына байланысты табыс немесе таратылмаған табыс ретінде танылады.

15. Занды және жеке тұлғалардан тегін түскен инвестицияларға қандай бухгалтерлік жазу беріледі:

A. ДТ 6213	КТ 1211
В. ДТ 6160,6220,6260	КТ 2200,2310
С. ДТ 1211	КТ 6213

4. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ БИРЖАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

4.1 Листинг процедурасы

4.2 Қор биржасындағы операциялардың бағыттары мен тәуекелділігі

4.3 Бағалы қағаздардың инвестициялық қасиеттерін рейтингтік бағалау

4.4. Қор құндылықтарының бағамдық бағасын қалыптастыру

4.1 Листинг процедурасы

Қазақстан Республикасының қаржы нарығының бөлінбейтін бөлімдес құрылымының бірі бағалы қағаздар нарығы болып табылады. Осы күні Республикада көптеген акционерлік қоғамдар, шаруашылық серіктестіктер, инвестициялық және сақтандыру компаниялары, мемлекеттік емес зейнетақы қорлары құрылуда. Бұл аталған субъектілердің барлығы потенциалды бағалы қағаздардың нарығының қатысушылары болып табылады. Сондықтан олар өз қызметтерін эмитент және инвестор ретінде жүзеге асырады. Бағалы қағаздар нарығын түсіну үшін алдымен мына төменгі қағаздардың биржалық операцияларының ерекшеліктеріне тоқтала кетелік.

Қаржылық активтердің қайталама нарығындағы бағалы қағаздар операциялары әр түрлілігімен көзге түседі. Бұл процестің өзіндік көптеген ерекшеліктері мен қыр-сыры бар. Сондықтан биржалық сауданы нақтылы тәжірибесіз жете түсіну қиынға соғады. Сенімділігі жеткіліксіз қаржылық активтерді сатып алудан инвесторларды қорғау мақсатымен листинг процедурасы көзделген. Листинг – бұл қандай да бір нақты эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының котировкалық бетін биржалық тізіміне жіберу және қосу процесі.

Биржалық тізім – бұл қор биржасында мәміле жасауға жіберілген акционерлік қоғамдардың тізімі көрсетілген құжат.

Котировкалық бет - әрбір жұмыс күні жасалатын биржалық тізім тәріздес құжат.

Листинг процедурасы бірқатар талаптарды қажет етеді, ол компания-эмитенттің қор құндылықтары бойынша операцияларын ешқандай бөгетсіз жүргізу талаптарын қанағаттандырулары керек. Биржалық тізімге тек қана қаржылық жағдайы тұрақты корпорациялардың акциялары мен облигациялары, ал муниципалды органдардың облигациялары тек қана биржалық Кеңестің рұқсатымен және үкіметтің бағалы қағаздарын – шығару жөніндегі ресми шарттары негізінде қосылуы мүмкін.

Листинг процедурасы, потенциалды инвесторларды, олардың күрделі қаржы салымдарының бағыттары туралы шынайы мәліметтермен қамтамасыз ету сияқты маңызды ақпараттарды көздейді. Ол үшін қаржылық активтерді

котировкаға жіберілген барлық мәмілеге қатысушылардың қаржылық жағдайын тексеру мен талдаудың нәтижелік мәліметтерді қолданылады.

Листинг – шығарушы компанияның банкрот болуы есебінен бағалы қағаздың жақын арада құнсызданып кетпейтіндігіне кепілдік беру үшін жүргізіледі. Былайша айтқанда, бұл шара биржада котировкаға жіберілген қор құндылықтарының сапасын, сенімділігін, өтімділігін көтеруге бағытталған.

Эмитент өз бағалы қағаздарын котировкаға ұсынбас бұрын қор биржасының листингтік комиссиясына өз қызметі туралы барлық іскерлік ақпараттарын беруге міндетті. Мына құжаттар міндетті түрде талап етіледі:

- * акционерлік қоғам-эмитенттің жарғысы;
- * заңға сәйкес хатталған эмиссия проспектісі;
- * соңғы үш жылдағы бухгалтерлік баланс және басқа да есеп беру құжаттары;
- * тәуелсіз аудитордың визасы бар табыстары мен шығыстары туралы есебі;
- * соңғы есеп беру күніндегі корпорацияның қызметі туралы оперативті (жедел) мәліметтер;
- * барлық типтегі және номиналдағы бағалы қағаздардың үлгілері.

Бұл ақпарат елдегі жалпы экономикалық жағдайды және осы эмитенттің болашақ уақыттағы қызметі жөніндегі болжамды ескере отырып, листингтік комиссияның қызметкерлері егжей-тегжейлі тексереді.

Тексеруден кейін бұл эмитенттің қаржылық активтерінің биржалық тізімге ену-енбеу мәселесі шешіледі. Егер бағалы қағаздар котировкалануға жіберілсе, онда осы уақыттан бастап акционерлік қоғамдармен (немесе басқа да эмитенттермен) биржаның арасында тығыз өзара байланыс орнайды. Қор биржаларының қызметкерлерінен құралған арнайы бақылаушылар листинг процедурасына өткен барлық ұйым-эмитенттің қызметі мен қаржылық жағдайын үздіксіз қадағалап отырады. Олар өз қарауындағылардың қаржылық экономикалық және шаруашылық қызметі туралы керекті мәліметтерді жинайды, оперативті мәліметтерді талдайды және берілген нақтылы ұйым-эмитенттің бағалы қағаздарының курстық құнына әр түрлі факторлардың мүмкін болатын әсері туралы болжам жасайды. Егер қандай да бір корпорацияның қаржылық жағдайы тұрақсызданып, көрсеткіштері бірден төмендеп, фирмаға банкрот болу қаупі туса, онда қор биржасының листингтік комиссиясы делистинг процедурасын жүргізуге міндетті. Яғни, бұл корпорацияның қаржылық активтерін котировкалаудан алып тастап, биржалық тізімнен шығару жолымен биржадағы айналымнан алып тастауы керек. Бұл тек қана инвесторлардың мүддесі үшін жасайды, және компания-эмитенттің банкрот болу нәтижесінде мүмкін болатын қаржылық зияндардан максималды түрде қорғау.

Қор биржасында мәміленің қатысушылары болып, кәсіби делдалдар арқылы іс-әрекет ететін жеке және институтталынған инвесторлар болып табылады.

Жеке инвесторлар – қосымша пайда табу немесе қандай да бір фирманы басқаруға қатысу мақсатында өздерінің уақытша бос ақшаларын қор құндылықтарына салатын жеке тұлғалар.

Институцияланған инвесторлар немесе ведомстволық салымшылар олар анағұрлым кең масштабта бағалы қағаздарға қаржы сала отырып жеке тұлғалар тәріздес мүдделерді көздейді. Қор құндылықтарымен операциялар жүргізе отырып институцияланған инвесторлар қосымша табыстар алып, өздерінің әлеуметтік экономикалық бағдарламаларын қаржыландырып, корпорацияның ортақтас иелерінің қатарына қосылады. Оларға мемлекеттік мекемелер, муниципалды әкімшілік, инвестициялық банктер, қорлар, сақтандыру компаниялары және тағы басқалары жатады.

Кәсіпқойлар қор нарығында ұйым ретінде, тек қана бағалы қағаздар операцияларына маманданған жеке тұлғалардан тұрады, олар брокерлік фирмалар мен дилерлік кеңселер. Бағалы қағаздармен жасалатын мәміленің бәрі екі үлкен топқа бөлінеді:

- 1) қолма-қол мәмілесі (кассалық);
- 2) белгілі бір мерзім мәмілесі (мерзімдік).

Жасалынған қолма-қол ақша мәмілесі үш күн мерзім ішінде іске асырылуы керек. Әдетте олар сатушы мен сатып алушылардың арасында брокердің көмегімен ауызша түрде іске асырылады. Ол қор биржасындағы операцияларды есепке алу кітабына тіркеу арқылы көрінеді. Кассалық мәміле көбінесе облигацияларға, ол акцияларға сирек жасалады және кез келген мөлшерде сатылады немесе сатып алынады. Бұл тәсіл негізінен биржалық емес айналымда қолданылады.

Қор биржасында мерзімдік операциялардың үлесі басым. Олар келісім-шартпен хатталады. Бұл келісім-шартқа сәйкес бір инвестор екінші инвесторға бағалы қағаздардың белгілі бір мөлшерін белгіленген бағамен көрсетілген мерзімге дейін сатады, ал сатып алуы бұл бағалы қағаздарды нарықтық конъюктураға қарамастан алдын ала келісілген бағамен сатып алуға міндеттенеді. Мерзімдік мәмілелер көптеген түрлерге бөлінеді, олардың негізгілері төменде қаралады.

Мәмілені іске асырмас бұрын бірқатар қажетті формалдылықты орындау керек. Қор биржасының кез келген клиентті бірінші кезекте, оның тапсырысын биржаның ресми қызметкерге жеткізетін биржалық брокерге немесе басқа келістірушіге жолығуы керек. Ол тапсырысты қабылдағаны үшін алдын ала ақы төленгеннен соң телефон арқылы, жеке кездесу арқылы немесе тапсырыс жолдау арқылы істеуге болады.

Тапсырыс – мәтінінде инвестор биржалық операцияның негізгі сипаттамасын дәл атап көрсетуі керек. Сонымен бірге, бағалы қағаздарды сатып алу немесе сату, қаржылық активтердің мөлшері мен түрі, ұйым эмитенттің аты, тапсырысты орындау мерзімі болуы керек. Егер тапсырыс іске асырылуға қабылданған болса, ол тапсырманың шарттарына байланысты орындалады.

Инвесторлар белгілі бір мақсаттарды көздей отырып, өз брокерлеріне мәміле жасаудағы еркіндігін шектейтін тапсырмалар береді. Бұл клиенттердің көпшілігі нарықтық конъюктура туралы жақсы хабарландырылғанымен және белгілі бір мақсат бойынша жіберілген қаражаттарын ақтауы үшін биржалық операцияларды өздері есептейтіндігімен түсіндіріледі.

Тапсырыс-өтінімі іске асырылу мерзімі мен бағалы қағаздардың нарықтық бағам құнына байланысты жіктеледі. Бірінші топ биржалық күн немесе мерзімі атап көрсетілмеген уақыт ішінде орындалуы керек тапсырмамен беріледі, яғни бұл өтінімді клиент өзі қайтарып алғанға дейін күшінде болады. Мұны кейде ашық тапсырмалар деп те айтады.

Биржалық күн тапсырмасы – бұл клиент-инвестордың қор биржасында сауда жасалатын уақыт ішінде күшінде болатын бағалы қағаздардың нақты типтер мен кластарын сату мен сатып алу өтінімі. Тапсырманың орындалатын орындалмайтындығына қарамастан биржалық жиынның аяғында клиенттің арнайы нұсқауынсыз ол күшін жояды.

Ашық өтінім – оған қанша уақыт қажет болатындығына қарамастан тапсырыста келісілген шарттарына сәйкес мәмілені жасауды білдіреді. Мұндай өтінім клиенттің арнайы өкіміне шейін күшінде болады, яғни тапсырманы өзгерту және қайта рәсімдеу тек қор операциялары бойынша биржада баланс жасау кезеңінде ғана болады. Тапсырыс-өтінімді нарықтық бағамға байланысты келесі түрлерге бөлуге болады:

- * нарықтық тапсырыс;
- * шектеулі тапсырыс;
- * қалаулы (таңдаулы) тапсырыс;

Нарықтық тапсырыс шартындағы мәміле – қор биржаларындағы ең көп тараған түрі. Нарықтық тапсырыстың негізгі талабы – ол бағалы қағаздарды максималды жоғары бағамен сату немесе сатып алу. Бұл мәмілені жасау ұсыныс бағасы дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, клиент-инвестордың тапсырмасын дұрыс орындауы үшін брокер қаржылық активтерді мүмкіндігінше арзан бағаға сатып алып, мүмкіндігінше жоғары бағамен сату керек.

Шектеулі тапсырыс – биржалық операцияларды клиенттің белгіленген бағасымен жасалуын білдіреді. Брокер мәмілені инвестордың нұсқауы бойынша жасауы керек. Клиент бағалы қағаздарды тиімді сату немесе сатып алу бағасын өзі белгілейді. Бірақ «немесе жақсырақ» келісімін жасайды, бұл брокерге тапсырыстағыдан тиімдірек шарттармен мәміле жасауына құқық береді.

Қалаулы (таңдаулы) тапсырыс – бұл брокерге бағалы қағаздардың бағамы белгілі бір шамаға жеткенде ғана мәміле жасауына (қор құндылықтарын сатуға немесе сатып алуға) берілетін тапсырыс. Инвестор өз ақша қаражаттарын нарықтық бағаның ауытқуы (толқу) нәтижесіндегі зияндардан сақтандыру мақсатымен бағаны «таңдайды». Қаржылық активтердің бағамдық қозғалысына күмәндана отырып, инвестор сату мәмілесінің бағасын ағымдағыдан төмен етіп, ал сатып алу мәмілесінің бағасын ағымдағыдан жоғары етіп белгілейді. Осынысымен инвестор мүмкін болатын зияндарын тапсырыстарды орындаудың ең жоғары және ең төменгі бағамы арасындағы белгілі бір сомамен шектейді. Мысалға алсақ, инвестор «А» корпорациясының бір дөңгелек топтама (лот) акциясын ағымдағы бір данасы үшін 150 теңге бағамен сатып алып, 15000 теңге (150 x 100) төледі. Ол өз брокеріне бір акцияның бағамы 140 теңгеге дейін түсіп кетсе сатуға немесе бағам жоғарыласа қосымша сатып алуға қалаулы (таңдаулы) тапсырмасын

береді. Сонымен бағам төмендеген жағдайында инвестордың зияны 1000 теңгеден аспайды.

Әрбір тапсырыс-өтінімге инвестор брокерге мәміленің шарттарын нақтылайтын белгілі бір нұсқаулар бере алады. Мысалы, *«тек қана толық көлемде»* деген қосымша түсінік бұл брокердің қор құндылықтарын тек қана инвестормен анықталған бағамен және белгіленген мөлшерде сатып алу, сату керектігін білдіреді. Егер бұндай қосымша түсінік болмаған жағдайда брокердің тапсырманы нарық жағдайына байланысты бөлшектеп орындауына құқығы бар. Айталық, инвестор «Астана» сауда үйі компаниясының үш дөңгелек топтама (лот) акцияларын әр данасын 800 теңгелік бағамен толық көлемде сатып-өткізуіне тапсырыс жасайды. Бұл мәміленің тек қана осы шартпен жасалатынын немесе мүлде жасалмайтынын білдіреді, егер инвестордың соңғы сөздері болмаған жағдайда, брокер мысалға, әр данасын 810 теңгеден 200 акциясын сатып, қалғанын клиентке қайтаруына құқысы болушы еді.

Тапсырысты жиі *«өз дегені бойынша әрект»* қосымша түсінік қолданылады, бұл жоғарыда аталып өткен шарттардың міндеттіліктен гөрі ұсынушылық шарттары екенін білдіреді. Мұндай тапсырысы бар брокер өтінімді орындау үшін анағұрлым тиімді кезді күтеді. Сонымен қатар, ол қолайлы жағдайларды клиентке естіртпей, кеңеспей мәміле жасай алады, бұл жағдайда брокер тапсырыстың орындалмай қалғаны үшін жауапкершілікте болмайды. *«Орындау»* немесе *«күшін жою»* деген қосымша түсінік клиенттік тапсырыстың бірден сол сәтте орындалуынын қайталауын білдіреді. Егер брокер инвестордың тапсырмасын аз уақыт ішінде орындай алмаса, онда ол өзінен-өзі күшін жояды. *«Ашылу сәтінде»* немесе *«жабылу сәтінде»* деген өтініштің тек қана биржалық күннің басында немесе аяғында орындалу шартын білдіреді. Қор биржасында мәміле жасауды ең оптималды уақыты болып дәл осы сәттер саналады. Егер брокер клиенттің тапсырмасын орындамаған болса, ол *«нарықты жіберіп алу»* деп аталады, алдын ала белгіленген айыппұл мөлшерінде брокер материалдық жауапкершілікте болады.

Клиент-инвестордың өз брокеріне беретін типтік биржалық тапсырмасы мынадай түрде болады. «В» акционерлік коммерциялық банк корпорациясының бір топтама (лот) (жүз дана) акциясына сатып алуға тапсырыс-өтінім, тапсырыс бір данасына 4850 теңге бағамнан жоғары болмай орындалуы керек немесе толық көлемде күні бойы орындалғаны дұрыс.

Негізінен қор биржасында бағалы қағаздар операциялары *«дөңгелек»* немесе *«толық»* лоттармен жасалады, яғни 100 акциялық пакеттермен немесе облигацияның 50 данасымен. Бірақ қаржылық жағдайы орташа жеке инвесторлар анағұрлым шағын партияларды сатып алады. Бұл лоттардың бөлшектенуі деп аталады да, операциялық залдың мамандарымен іске асырылады. Мұндай жағдайда олар келістіруші-дилер ретінде қызмет жасайды да, мәміле үшін қосымша комиссиялық төлем алады. Айталық, «ББ» инвестициялық қорының 1/5 лот (20 дана) акциясын әр данасын 500 теңгеден сатып алу үшін клиент келістірушіге келісім-шарт бойынша әр акцияға 10 теңге комиссиялық төлем төлейді, сонда жалпы сомасы $(500 \times 20) + 200 = 10200$ теңге болады.

Қор биржаларында «жабылмайтын» деп аталатын операциялар да әжептеуір таралған. Бұл биржалық мәміле түрінің сипаттамасы сатушы өзіне нақтылы тиесілі емес бағалы қағаздармен сауда жасайды. Мәмілені жүзеге асыру барысында сатушы басқа бір инвестордан акцияларды пайыз төлеп немесе ала отырып сатып алушымен мәмілені жүзеге асырады. Содан кейін қор нарығының конъюктурасы жағымды болған кезде ол жаңадығыдай акцияларды анағұрлым төмен бағамен алып несие берушіге қайтарады. Ығыстырылған акциялар бойынша дивидендті несие беруші алады, ал қарыз алушының оған құқығы жоқ.

Алыпсатарлық биржалық операциялардың ішінде анағұрлым көп тарағаны айырымдылық мәміле. Олардың мәні сатушы мен сатып алушының операцияның жасалу уақыты мен бағасы келісілген жалған шарт жасауында болып келеді. Бұл жағдайда қаржылық активтердің тек қана мәміленің жасалу күніндегі бағамы мен орындалу кезіндегі бағамның айырмасы ғана есепке алынады. Мысалға бір акцияның ағымдағы бағамы 450 теңге. Екі инвестор өзара осы акцияның бір лотын бір айдан кейін әр данасын 500 теңгелік бағамен сатып алуға шарт жасады. Егер осы аралықта акция бағамы 520 теңгеге өссе, онда сатушы зиян шегеді, ол акцияларын сатып алушыға 500 теңгеден сатуға міндетті, ал өз кезегінде сатып алушы бұл акцияларды анағұрлым жоғары бағамен қайта сатуларына болады. Бірақ нақтылы өмірде сатып алу, сату әрекеті болмайды, тек қана бағамдық айырмашылық төленеді (мына жағдайда 52000-50000 2000 тг.)

4.2 Қор биржасындағы операциялардың бағыттары мен тәуекелділігі

Қор нарығындағы барлық биржалық операциялар негізгі үш бағыттарда жүргізіледі және келесі сегменттерге бөлінеді: үзіліссіз аукциондық нарық, дилерлік нарық, онкольді нарық.

Бұл үш бағыттың негізінде сұраныс пен ұсыныстың және мәмілелерді жасауға белгіленген уақыттың әсерінен қалыптасқан бағалы қағаздың бағамдық құны жатыр.

Үзіліссіз аукциондық нарық – бұл қор құндылықтарымен сауда жүргізудің негізгі тәсілі. Оның мәні мынада: бір жағында сатушы, ал екінші жағында бір-бірімен бәсекелес бірнеше сатып алушысы бар дәстүрлі аукционнан айырмашылығы мәміле тауар үшін жоғары бағаны ұсынған сатып алушымен жасалады; қор биржасындағы аукциондық сауда бағалы қағаздарды сату мен сатып алуға берілген тапсырыстарды дауыстап айту арқылы жүреді. Сатушылар мен сатып алушылар операциондық залда өзара саудаласады және бағалары жөнінде келісімге келгенде мәміле жасайды. Үздіксіз аукциондық нарықтағы тұрақтылық көбінесе мамандарға өз уақытында байланысты, яғни олар пайда болған дисбалансты жойып, бағаның ауытқуларына назар аударып және қор биржасының қалыпты қызмет етуін қамтамасыз ету мақсатында оперативті ақпараттарды пайдалана білулері керек. Кейбір кезде нарықты тұрақтандыру мақсатында қаржылық активтерді сату, сатып алу арқылы қол жеткізеді.

Дилерлік нарық – негізінен биржадан тыс айналымда болады. Оның қатысушылары бір жағынан институцияланған инвесторлар, екінші жағынан дилерлік фирмалар олардың мәмілелік объектісі биржалық тізімге енгізілмеген компанияның бағалы қағаздары. Бұл негізінен корпорациялар мен муниципалды билік органдарының облигациялары болады. Дилерлік нарық дилерлік компания мен белгіленген – бағаның әсерінен қалыптасады. Мұндай сауданы өткізу аукциондық тәсіліндегідей мәмілелердің арасындағы байланысты байқап отырмайды.

Онкольдық нарық – белгілі бір уақыт аралығында сұраныс пен ұсынысты теңестіріп отыратын бірегей бағамен қор құндылықтарын сату мен сатып алуға негізделеді.

Бұл тәсіл биржалық айналымға сирек түсетін, тапсырыс тапсырмалары ұзақ уақыт бойы біртіндеп жиналатын бағалы қағаздарға қолданылады. Онкольдық нарық тек қана сұраныс пен ұсыныстың оптималды арақатынасы болған кезде ғана тиімді. Егер бұл бағалы қағаздарға тапсырыстар бағамдық құннан өзгеше қатаң белгіленген бағамен келген жағдайда теңдік бұзылады. Сонымен қатар онкольді нарықтың тиімділігі тапсырыстың саны мен қаржылық активтердің айналымына байланысты. Көптеген қор биржаларында онкольдік операциялар ресми сауда өткізіліп біткеннен соң жасалады, өйткені бұл мәмілелердің жасалу қарқыны биржаның жұмысының ортақ ырғағына сәйкес келмейді.

Қор биржасында кез келген мәмілені жасамас бұрын әрбір инвестор өзінің ақшасын нақты бір бағалы қағазға салудан қандай пайда алатынын дәл білуі қажет. Қор құндылықтарына инвестициялар бірінші кезекте табыс алу мақсатымен жасалады. Салымның тәуекелділігі мен активтердің табыстылығы бір-бірімен тура байланыста болады. Бағалы қағаздар сенімді болған сайын оның табысы да аз болады және керісінше, зиян шегіп қалудың тәуекелі жоғары болған сайын оның шарттары да, төленетін дивидендтерді де қызығарлықтай болады. Бұл жағдайдағы оптималды шешім – қор құндылықтарының екі түрін де сатып алу, бірақ бұған барлық инвестордың қаржылық жағдайы келе бермейді. Сондықтан инвестор өзінің жинаған қорын құнсызданудан сақтау үшін қаржылық зияндар түсінігімен міндетті түрде таныс болу керек.


Сонымен, *инвестициялық тәуекел* – берілетін нақтылы компанияның бағалы қағаздарына әсер ететін және күрделі қаржы салымдарының табыстылығымен шығындылық дәрежесін анықтайтын факторлар жиынтығы.

Жиынтық инвестициялық тәуекелділік факторлары деп – қаржылық активтердің сапасына әсер ететін тәуекелдердің әр түрлі түрлерін айтады.

Инвестициялық тәуекел 2 топқа бөлінеді:

- 1) жүйелік тәуекел;
- 2) жүйелік емес тәуекел;

Өз кезегінде жүйелік тәуекел пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін жалпы нарықтық бағаның төмендеу тәуекеліне, ал жүйелік емес тәуекел салалық және қаржылық тәуекелге бөлінеді. Бағалы қағаздардың қолма-қол ақшаға еркін мүмкіндігін көрсететін өтімділік тәуекелі біршама ерекшеленіп тұрады. Берілген жіктелуді тереңірек қарастырайық.



Жүйелік тәуекел – нақты бір компанияның қаржылық активтерінің бағалы қағаздары бағамның жалпы өзгеруінің әсерінен нарықтық бағасының ауытқу тәуекелі. Жүйелік тәуекел әрбір жеке акцияның биржада айналыста жүрген басқа да қор құндылықтарымен байланысының тығыздығын көрсетеді. Әрбір нақты компанияның акциясының бағасының өзгеруі қалған барлық компаниялардың акцияларының бағамының өзгеруіне әкеліп соғады және керісінше. Жүйелік тәуекелде қаралып отырған акцияның биржалық бағамы мен биржалық индекстермен көрсетілген нарықтың жалпы жағдайының өзара байланысы туралы статистикалық мәліметтерді талдауға негізделген арнайы әдістемемен есептеуге және болжауға болады.

Нақтылы жеке бір компанияның акциясының бағамы жалпы нарықтық баға толқуына әр түрлі деңгейдегі тәуекелділікте болады. Бұл жағынан қарағанда экономиканың маңызды және қажетті салаларында жұмыс істейтін корпорация акциялары анағұрлым тұрақты болып табылады. Мысалға алатын болсақ, тамақ өнеркәсібі, энергетика, көлік және т.б. мұндай компаниялардың акцияларына сұраныс икемді емес және қор нарығының жағдайымен елдегі жалпы экономикалық жағдайына онша тәуелді емес. Бағаның аз ғана өзгерісіне өндірістік емес салада жұмыс істейтін компаниялар күштірек елендейді, олар банктер, басқа да несиелік мекемелер, делдалдық фирмалар т.с.с. Экономикалық дағдарыс кезеңінде тұрғындар бірінші кезекте міндетті емес шығындардан бас тартады, сондықтан, мұндай акцияларға сұраныс икемді және төтенше жағдайларда мұндай бағалы қағаздардың тәуекелділігі көбірек болады.

Әр түрлі бағалы қағаздардың биржалық бағамның арасындағы тығыздық байланысты көрсететін көрсеткіш – толық алғандағы қор биржасындағы барлық акциялар бойынша жалпы нарықтық пайдалар мен нақтылы зертеліп отырған акция бойынша пайданың арасындағы сызықтық тәуелділікті көрсететін «бета» (« β ») шамасы болып табылады. Егер бір компанияның акцияларының нарықтық бағасы жалпы қор биржасындағы акция бағама сияқты өзгерсе, онда « β » = 1 . бұл барлық котировкаланатын акцияның бағасы 1% өзгередінін білдіреді. Егер өндірістің салаларының акцияларының тәуелділігі әлсіздеу болса – «бета» ылғи да 1- ден аз болады, ал егер баланстың тығыздылық көрсеткіші күштірек білінсе ол 1-ден көп болады. Жалпы «бета»

көрсеткіші шартты түрде 0,5 – 1,5- ке дейінгі диапазонда қабылданған, бірақ ол бұл аралықтан өзгере береді.

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі. Тәуекелділіктің бұл түрі депозиттік салымдар бойынша банктік несиелік, пайыздық мөлшерлеменің өзгеруінің салдарынан болатын қаржылық зиянның ықтималдығын көрсетеді. Бағалы қағаздар бойынша табысты (%-дық мөлшерлемені) белгілеудің базасы болып уақыт аралығында болатын инфляцияға байланысты өзгертін заемдық капиталдың пайыздық өзгертін деңгейі болып табылады. Осылайша борыштық қаржылық активтердің әрбір жаңа шығарылымының шарттары алдыңғысы мен салыстырғанда анағұрлым тиімді болады, ал бұл өз кезегінде инвестордың қызығушылығына әсер етеді. Нарықтық негізгі заңдары бойынша тауарға сұраныстың азаюы оның бағасының кемуіне әкеледі. Бірақ бұл инвесторлардың анағұрлым ерте шығарылған бағалы қағаздарының құнсыздануынан шегетін зияндарын азайтпайды.

Жалпы нарықтық бағаларын төмендеу тәуекелі. Қаржылық тәуекелділіктің бұл түрі экономиканың жалпы жағдайынан, мемлекеттің әлеуметтік және саяси жағдайына тәуелді. Қор нарығы қоғамның өндірістің құрылымдағы аз ғана өзгерістерге өте сезімтал болып келеді. Қаржылық активтердің бағалары жеткілікті дәрежеде жоғары, сондықтан олар экономиканың салыстырмалы өсу мен тұрақтылық кезінде сұранысқа ие болады. Бағалы қағаздармен мәмлелер көлемі тұрғындардың өмір сүру деңгейіне жоғарлауы мен инфляция процесстің төмендеуі білінген жылдары өседі. Тоқырау болған немесе экономикадағы негативті құбылыстардың көбейген кезінде қор нарығындағы мәмілелер мүлде өзгеше сипатта болады. Олардың саны азаяды, алыпсатарлық дамиды және инвесторлар бағалы қағаздарды таңдау кезінде өте сақтық білдіреді. Тұтынушылық товарлар мен қызметтерге бағаның жалпы өсуі кезінде қор құндылықтарына сұраныс азаяды. Өндірістің маңызды салаларында істейтін корпорациялардың қор құндылықтары экономикада және саясаттағы негативті факторлары әсерінен анағұрлым қорғалған. Бірақ экономикалық тұрақсыздық кезеңінде бағалы қағаздар нарығындағы жалпы нарықтық бағалардың біршама төмендеуі байқалады және қаржылық зиян шегудің тәуекелі бірнеше есе өседі.

Инфляция тәуекелі. Тәуекелдің бұл түрі қаржылық активтерге инвестиция сатудан түсетін табыс шамасына кері әсерін тигізеді. Инфляциялық процесстер кез келген экономикада байқалады. Ақшалар құнсызданады, ал көптенген тауарлар мен қызметтерге бағалар өседі. Сондықтан инвесторға ылғи да инфляцияның қарқынын, есептеп есептеулеріне түзетулер енгізіп және өзінің нақты табысын болжап отыру керек.

Жүйелік емес тәуекелдер. Олар белгілі бір нақты акционерлік қоғамның ерекшелігі болып табылады және қордың жалпы жағдайына байланысты емес.

Салалық тәуекел. Бұл тәуекел жүйелік емес тәуекелге жатады және оны алдын ала болжау мүмкін емес. Бұл тек қана бағалы қағаздарды, салалық сипаты жөнінен сәтсіз таңдау салдарынан мүмкін болатын зиянды көрсетеді. Инвесторға экономиканың прогрессивті салаларының компаниялары анағұрлым тиімді және тартымды болып келеді. Бұл жаңадан дамушы жас

салалар, мысалы, электроника, роботехника, космостық зерттеулер, ақпараттық қызметтер. Өзінің даму шыңынан өтіп кеткен салалардың, корпорацияларының қаржылық активтерімен салыстырғанда бұл саланың өнімдерінің сұранысы жоғары болғандықтан және мұндай компаниялардың акцияларын иемдену, салынған капиталдың тез өсуін қамтамасыз ететіндіктен бұл салаға көп мөлшердегі капитал салымдарын салу тиімді.

Қаржылық тәуекел. Ол акционерлік қоғамның жиынтық капиталындағы заемдық қаражаттардың мөлшеріне тәуелді. Көпшілік корпорациялар коммерциялық банктің несиелерін пайдаланады және саудаларды өзінің шаруашылық қызметінен түскен пайдасынан өтейді. Жай акцияның иеленушілері дивидендтерінің тек қана несие берушілермен есептескеннен кейін ғана алады. Сондықтан, тартылған заемдық қаражаттардың мөлшері көп болған сайын инвесторлардың салынған капиталынан тезірек табыс алу мүмкіндігі азая береді. Бұл жағдайды бағалы қағаздарды таңдаған кезде ескеру керек.

Өтімділік тәуекел. Инвестициялық тәуекелділіктің жіктемесінде ерекше орын алады. Өтімділік тәуекелі нақты бір бағалы қағазды тез сату және қолма-қол ақшаға айландыру қажеттілігі туған кезде, сатып алушыны таба алмай қалу ықтималдығын білдіреді. Әр түрлі қор құндылықтарының өзінің жеке сипаты болады және бұл олардың айналыс жылдамдығына әсер етеді. Өтімділік қаупі қор биржасының котировкалық бетіне енгізілген компаниялардың, әсіресе ірі және дамушы фирмалардың қаржылық активтерінде азырақ болады. Сәйкесінше өтімділік қаупі биржалық тізімге енбеген шағын және орташа компаниялардың акцияларында көбірек болады.

Инвестициялық тәуекел бағалы қағаздардың табыстылығымен тікелей байланысты. Тәуекелділіктің қауіптілігі көбейген сайын дивидендтер де жоғары болады және керісінше қор құндылықтары сенімдірек болған сайын олардың табыс мөлшерлемесі төмен болады. Өз ақшасын салу үшін акцияны немесе облигацияны таңдаған кезде сатып алушы салған инвестициясынан түсетін пайдалылық деңгейін есептеулері керек. Бұл көрсеткіш пайыз түрінде көрінеді және инвестиция салуға болатын минималды табыс нормасын көрсетеді. Талап етілетін пайдалылықтың деңгейін 2 бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлім – бұл пайдалылықтың қауіпсіз деңгейі, оның базасы болып - инвестордың табысын кепілдендіретін депозиттік салым бойынша минималдық пайыздық мөлшерлеме немесе мемлекеттік ішкі заемның облигациялары болып табылады.

Екінші бөлім – бұл тәуекел үшін төленетін төлем, яғни зиян шегіп қалу мен сәтсіз таңдау салдарынан ақшасын жоғалтып алу мүмкіндігі үшін минималды табысқа үстеме. Сондықтан пайдалылықтың талап етілетін деңгейін келесі формуламен көрсетуге болады:

$$ТПД = КД + ТТ$$

Мұндағы : ТПД – пайдалылықтың талап етілетін деңгейі;

КД - қауіпсіз деңгей;

ТТ – тәуекел үшін төлем.

Тәжірибиеде талап етілетін пайдалылық деңгейін есептеу үшін және кез келген бағалы қағазды сатып алудың дұрыстығын анықтау үшін басқа формула қолданылады:

$$\text{ТПД} = \text{КД} + \text{«В»} \times (\text{НД} - \text{КД})$$

Мұндағы : ТПД – пайдалылықтың талап етілетін деңгейі;

КД - қауіпсіз деңгей;

«В» - нақтылы бір бағалы қағаздың жалпы нарықтық бағалар деңгейімен байланысын көрсететін «бета» көрсеткіші;

НД- «В» = 1 болғандағы бағалы қағаздар бойынша пайдалылықтың жалпы нарықтық орташа деңгейі.

Келесі мысалда берілген формуланың қолданылуын қарастырайық. Ағымдағы жылғы пайдалылықтың қауіпсіз деңгейі тәуелсіз сарапшының бағалары бойынша 21 % делік. «Мақсат» корпорациясының акциялары бойынша өткен жылдары статистикалық мәліметтері бойынша есептелген «В» көрсеткіші 0,9. Мамандардың бағалауы бойынша ағымдағы жылғы акциялардың нарықтағы орташа пайыздық деңгейі 25% «Мақсат» АҚ-ның қаржылық актив инвестициясы мақсатқа сәйкес екендігін анықтау керек.

Шешуі: $\text{ТПД} = \text{КД} + \text{«В»} \times (\text{НД} - \text{КД})$ формуласын пайдалана отырып пайдалылықтың талап етілетін деңгейі $\text{ТПД} = 21 + 0,9 \times (25 - 21) = 24,6 \%$ екендігін табамыз. Бұл жылына 24,6 % - дан кем емес таза пайданы қамтамасыз ететін болса ғана бағалы қағаз сатып алуға болатынын білдіреді. Инвестор үшін маңызды мәселе болып бағалы қағаздарды таңдау кезіндегі оның басқа қор құндылықтарының алдындағы артықшылықтарын бағалау болып табылады. Бұл артықшылықтарды немесе қаржылық активтердің сапасын инвестициялық тәуекел деңгейінің өзіндік шамасын білдіретін және инвесторлар үшін бағалы қағаздардың сенімділік дәрежесін көрсететін рейтинг арқылы анықталады.

4.3 Бағалы қағаздардың инвестициялық қасиеттерін рейтингтік бағалау

Акциялар мен облигациялардың инвестициялық қасиеттерін және оларды шығарған эмитенттердің рейтингтік бағалауын тәуелсіздік рейтингтік компаниялар анықтайды. Аналитикалық мәліметтер негізінде олар барлық бағалы қағаздарды потенциалды сатып алушы үшін сенімділік дәрежесіне баланысты топтайды. Бағалы қағаздарды таңдауда басшылыққа алатын негізгі құралы рейтингтік бағалау болып табылады. Қаржылық активтер 3 топқа жіктеледі: жоғары сапалы бағалы қағаздар, орташа сапалы қағаздар, жоғары табысты бағалы қағаздар.

Жоғары сапалы категорияға «А» белгісі бар қор құндылықтары жатады. Олар үш бөлімшеге бөлінеді және бағалы қағаздардың инвестициялық класс деп атайды. Бірінші бөлімше «ААА» кодымен белгіленеді – бұл осы акциялар мен облигациялардың ең жоғарғы рейтингін білдіреді. Мұндай бағалы қағаздар анағұрлым сенімді болып табылады, олар бойынша дивидендтермен пайыздардың төленетіні кепілдендірілген, олардың инвесторлар алдындағы сенімділігі жоғары және корпорация – эмитент ірі әрі бай ұйым екендігін

білдіреді. Бұл бөлімшеге ірі ұлттық компаниялардың, қаржылық жағдайы тұрақты атақты фирмалардың жоғарғы сұранысы бар тауарлардың дайындайтын кәсіпорындардың қаржылық активтері жатады.

«АА» бөлімшесі өте жоғары бағалы қағаздарды білдіреді. Екінші бөлімшенің құндылықтарының сипаттамалары бірінші бөлімшенікіне ұқсас, «АА»тобының бағалы қағаздарының кейбір көрсеткіштері сәл ғана төменірек болып келеді. Бірақ бұл қаржылық активтер нарықтық бағалардың кейбір құбылуына қарамастан тұрақты және сенімді.

«А» бөлімшесі жақсы сапаны көрсетеді. Мұндай бағалы қағаздар қор нарығында анағұрлым өтімді, оның онша қымбат еместігі мен және кейбір шарттары инвесторға тартымды болуының арқасында сұранысқа ие. Мұндай қор құндылықтары нарық конъюнктурасының кенеттен өзгеруі мен басқада биржалық сілкіністерге төтеп беретіндей дәрежеде берік болады. Бірақ олардың эмитенттердің қаржылық жағдайы қазіргі уақытқа ғана сенімді, ал ол болашақта біршама нашарлап кетуі мүмкін.

Екінші топ «В» белгісімен белгіленеді және орташа сападағы бағалы қағаздарды біріктіреді. Олар да үш жекелеген бөлімшелерге бөлінеді. Біріншісі - «ВВВ» қор құндылықтарының орташа рейтингін білдіреді. Бұл бағалы қағаздардың тәуекелділік дәрежесі мен табыстылығы орташа. Сарапшылардың бағалау бойынша мұндай қаржылық активтер шығаратын компаниялардың жағдайлары жақсы, бірақ болашақта бұл компаниялардың шаруашылық қызметінде біршама төтенше қиыншылықтар болуы мүмкін. Осыған қарамастан мұндай бағалы қағаздар бойынша дивидендтер нақтылы төленіп тұрады.

«ВВ» бөлімшесі сапасы сәл төмендеген бағалы қағаздарды біріктіреді. Негізінен бұл өндірістің нәтижелілігі аз салаларының кәсіпорындары мен тиімділігі жоғары емес фирмалардың бағалы қағаздары. Мұндай қор құндылықтарының тәуекелділігі жоғары, олар бойынша табыс кешіктіріліп төленіледі, қор нарығында сирек котировкаланады және көбінесе биржадан тыс айналымда сатылады.

«В» бөлімшесі төменгі сапалы бағалы қағаздарды біріктіреді. Олардың рейтингі орташа деңгейден төмен. Мұндай бағалы қағаздардың эмитенттері, әдетте жақында құрылған АҚ-лар мен заемдық капиталдың үлесі жоғары компаниялар болып келеді. Бұл бағалы қағаздардың табыстылығы күмән тудырады, өйткені мұндай корпорациялардың барлық пайдасы қарыздарын жабуға және өндірісті кеңейтуге жұмсалады. Сонымен қатар, олардың жұмысының жақсы жүріп кетуден гөрі банкротқа ұшырауы мүмкіндігі жоғарлау болады.

Үшінші топ. «С» белгімен белгіленеді және оған инвесторға жоғары пайда немесе кедейленуге әкелетін алыпсатарлық бағалы қағаздар жатады.

Бірінші бөлімше «ССС» кодымен белгіленеді және оған листинг процедурасы өтпеген және биржалық енгізілмеген, бірақ биржадан тыс саудада котировкаланатын құндылықтары кіреді. Олар осы топтағы басқа қаржылық активтерге қарағанда анағұрлым сенімдірек. Олар бойынша табыс сәл болса да уақытылы төленіп тұрады, бірақ оларды шығаратын компанияның бәсекелестік

қабілеттілігі мен сенімділігі әлсіз болғандықтан мұндай бағалы қағаздарға инвестиция салудың тәуекелділігі өте жоғары.

«СС» бөлімшесі – ашық түрдегі алыпсатарлық бағалы қағаздар. Оларға инвестиция салудың нәтижесін алдын ала білу, болжау мүмкін емес.

«С» бөлімшесінде қаржылық рейтингі ең төмен құндылықтар біріккен. Олардың сапасы тек қана алыпсатарлық қызығушылықтарды ғана қанағаттандырады. Бұлар бойынша табыс төленбейді десе де болады. Компания – эмитент банкрот болу алдын да.

«Д»тобы жағдайында тұрған корпорациялардың бағалы қағаздарын көрсетеді. Бұл акцияларға немесе облигацияларға өз қаражаттарын салған инвесторлар еш уақытта ақшаларын қайтара алмай қалу ықтималдылығы жоғары. Қаржылық активтердің бұл тобына алынып тасталынады деген белгі қойылады.

Рейтингтік бағалаудың қор операцияларының барлық қатысушылары үшін үлкен маңызы бар. Рейтинг бойынша бағалы қағаздардың сапасы мен сенімділік дәрежесін анықтайды, фирманың мәртебесі т.б. бағалайды. Бірақ ең негізгісі – рейтингтік бағалаудан өтпеген акциялар мен облигациялар саудаға жіберілмейді. Жеке инвесторлар оларды алданып қалудан сақтанып сатып алмайды, ал институцияланған инвесторларға сатып алуға заң жүзінде тиым салынған.

Инвесторлардың бағалы қағаздарды сатып алғанда шешетін негізгі мәселесі – бұл олардың табыстылығы. Табыстың шамасы қор құндылықтарының нақты құнын анықтайды. Табыстың шамасы пайыздық мөлшерлеме немесе дивиденд арқылы көрінеді. Пайыз облигация, вексельдер, сертификаттар және басқа қарыздық міндеттемелер бойынша, ал дивиденд акциялар бойынша төленеді. Әрбір акция бойынша дивиденд мөлшері тек қана алынған пайданың сомасына ғана емес, сонымен бірге акцияның түріне байланысты (жәй және немесе артықшылығы бар) болады.

Акцияның нағыз құнын бағалау табыстың шамасының осы табыс көзінің бағасына, яғни шығындалған капитал шамасына қатынасы ретінде анықталған инвестицияның орташа нәтижелік шамасына негізделеді. Орташа нәтижелік инвестициялаудың әр түрлі әдістерінің пайдасын өлшеудің бірлігі ретінде қарастырылады. Салымдардың табыстылығын немесе нәтижелігін есептеудің негізі ретінде, жоғарыда айтылып кеткендей, пайданың қауіпсіз деңгейін (ҚД) қамтамасыз ететін ақша қаражаттарын инвестициялаудыңанағұрлым сенімдірек әдістері бойынша пайыздық мөлшерлемесін алу қабылданған – бұл банктің депозиттік шотына салынған салымдар және мемлекеттік ішкі заемның үкіметтік облигацияларын сатып алу. Бұл жағдайда пайыздық мөлшерлеме мәні төленген дивидент болады, ал акция тек несиелік құрал көзі сипатында қарастырылады.

Әлемдік тәжірибиеде акцияның нағыз құны (АНК) шамаланып отырған дивиденд мөлшерінің (Д) пайыздылықтың талап етілетін деңгейіне (ТПД) қатынасы ретінде келесі формула бойынша есептеледі:

$$АНК = \frac{Д}{ТПД} \times 100\%$$

Сондықтан, акцияның нағыз құнын анықтамас бұрын пайдалылықтың талап етілетін деңгейін ТПД есептеп алған жөн. Мысал: «Азат» корпорациясының акциясының нарықтық бағасы 1200 тг. инвестордың бағалауы бойынша пайыздылықтың талап етілетін жылдық деңгейі 15%. өткен жылғы акцияның номиналдық құны 1000 тг., төленген дивидендтер мөлшері 200 тг. болды. Осы бағалы қағазға ақшаны инвестициялау тиімді ме? Шешуі:

$$АНҚ = \frac{Д}{ТПД} \times 100\% = \frac{200}{15} \times 100\% = 1333 \text{ теңге.}$$

«Азат» корпорациясының акциясының нағыз құны оның нарықтық бағасынан біршама жоғары екенін білу үшін алынған нәтижені ағымдағы бағамен салыстыру жеткілікті. Сондықтан бұл акцияға ақшаны инвестициялау инвесторға тиімді және оны қазір сатып алған жөн. Егер акцияның нағыз құнын есептегенде оның биржалық бағамнан төмен болса, онда инвесторға бұл акцияны сатып алғаннан гөрі, оларды сатып құтылған жөн болады.

Бірақ бұл келтірілген формула акцияның нағыз құнын толық көрсетпейді. Ол дивидендтің бір маңызды қасиетін, атап айтқанда, перспективалы компаниялардағы оның өсу тенденциясын ескермейді. Бұл формула бойынша АНҚ –ны дивидендтің тұрақтылығы өзгеріссіздігі кезіндегі ағымдағы уақытқа ғана есептеуге болады және бұл негізінен преференциалды акциялардың нағыз құнын есептеуде қолданылады. Жай акциялардың нағыз құнын есептеу үшін басқа формула қолданылады:

$$АНҚ = \frac{Д_0 \times (1 + O)}{ТПД - O}$$

Мұндағы: $Д_0$ – акционерлердің өткен жылы алған дивиденд сомасы;

ТПД – пайдалылықтың талап етілетін деңгейі;

O – дивидендтің барлық үлесіндегі болжанған жылдық өсуі;

Бұл формула акцияның нағыз құнын есептеуге анағұрлым жиі қолданылады. Инвестордың қаржылық активтердің тиімділігін есептеу кезінде шығаратын есебіне мысал келтірейік.

Берілгені: «Алматыэнерго» компаниясының бір акциясының ағымдағы нарықтық бағасы 3550 тг. өткен жылы төленген дивиденд мөлшері 336 тг. мемлекеттік облигациялардың пайыздық мөлшерлемесіне негізделген пайдалылықтың қауіпсіз жылдық деңгейі – 8%. Экспертін бағалауы бойынша болашақтағы дивидендтердің өсуі жылына 5% деп күтілуде. «В» көрсеткіші мамандардың бағалауы бойынша 0,8 –ге тең. Жалпы нарықтық пайдалылықтың орташа деңгейі 20% деп анықталады. «Алматыэнерго» компаниясының акцияларына ақшаны инвестициялауға бола ма, соны анықтау керек.

Шешуі: $ТПД = КД - «В» \times (НД - КД) = 8 + 0,8 \times (20 - 8) = 17,6\%$

$$АНҚ = \frac{Д_0 \times (1 + O)}{ТПД - O} = \frac{336 \times (1 + 0,05)}{0,176 - 0,05} = \frac{352,8}{0,126} = 2800 \text{ тг.}$$

Жауабы: бұл акцияның нағыз құны оның нарықтық құнынан төмен. Сондықтан оны сатып алғаннан гөрі, ағымдағы бағам бойынша сатып жіберген жөн, өйткені болашақтағы болжанып отырған дивидендтен ағымдағы бағамнан табыс көп.

Бірақ бағалы қағаздардың табыстылығын бағалау процесінде АНҚ – ны есептеу ешқашан инвестицияның табысты болуының 100 –дық кепілі бола алмайтындығын есте ұстаған жөн. Нақты экономикалық қатынастар

математикалық формулаларға ешқашан тура келмейді. Адамдардың әрекетімен болып жатқан барлық оқиғалар мен түрлі жағдайлары толық цифр тілімен жеткізу мүмкін емес, тек қана бұл оқиғаларды белгілі бір ықтималдықпен болжауға ғана болады.

Қор құндылықтары - өте сезімтал қаржылық құрал. Акцияның бағамына көптеген әр түрлі факторлар әсер етеді және бұлар өз кезегінде олардың нағыз құнына әсер етеді. Нарықтық құбылмалылығы әрқашан да инвестициялық тәуекелділіктің дәрежесін көбейтеді, сондықтан өз капиталын салудың тиімділігін бағалау кезінде қор операцияларының кез келген нақты қатысушысының жеке тәжірибиесі, білімі, сезімталдығы және жолы болғыштығы үлкен роль атқарады. Акцияның пайдалылық деңгейін және құнын есептеу әр инвестор үшін міндетті түрде дербес болуы керек. Ол негізінен ұйым – эмитент пен оның бағалы қағаздары туралы ақпараттың толықтығы мен шынайылығына, осы мәлімет көздерін талап, сонымен қатар оларды дұрыс болжай білу қабілетіне байланысты. Осылайша бағалы қағаздардың нақтылы нағыз құны барлық жеке бағалаулардың жиынтығынан құралады. Келтірілген есептеулерге сүйене отырып, бір инвесторлар бір бағалы қағаздарынан құтылуға тырысады, ал екіншілері керісінше, сатып алуға ұмтылады. Сатушылар мен сатып алушылардың, сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы, жасалған мәмілелердің саны – мұның бәрі биржалық индекстердегі бағалы қағаздардың бағамының өзгеруіне әсер етеді, осының нәтижесінде қаржылық активтердің нағыз құнын анағұрлым шынайы көрсететін баға белгіленеді.

Жоғарыда айтылғандарды келесі мысалмен көрсетейік. «Биржалық банк» корпорациясының акцияларының үш иеленушісі әр басқа ақпарат көздерін пайдалана отырып және инвестициялық тәуекелділікті әр түрлі дәрежеге шамалап, болашақ дивидендтердің өсу қарқынын түрліше болжап пайдалылықтың талап етілетін деңгейін әр түрлі бағалады. Бірінші инвестор пайдалылықтың талап етілетін деңгейі (ТПД) 12%, ал дивидендтердің өсімі 8% деп санайды. Екіншісі ТПД жылына 13%, ал дивидендтердің өсімі жылына 7% деп болжайды. Үшінші инвестор ТПД жылына 13,5%, ал дивидендтердің өсімі жылына 9% деп есептейді. Өткен жылы акциялардың номиналдық бағасы 1000 тг. болғанда бір акция бойынша дивидендтер 130 тг. болды. Ағымдағы уақытта акциялардың нарықтық бағамы 2500 теңгені құрайды. Бұл акциялар бойынша сұранс пен ұсыныстың арақатынасы қалай өзгереді.

Шешуі: қойылған сұраққа жауап беру үшін акциялардың нағыз құнын есептеудің формуласын пайдаланамыз:

$$АНҚ = \frac{D_0 \times (1 + O)}{ТПД - O}$$

$$\text{Бірінші инвестор: } \frac{130 \times (1 + 0,08)}{0,12 - 0,08} = \frac{140,4}{0,04} = 3510$$

$$\text{Екінші инвестор: } \frac{130 \times (1 + 0,07)}{0,13 - 0,07} = \frac{139,1}{0,06} = 2318$$

$$\text{Үшінші инвестор: } \frac{130 \times (1 + 0,09)}{0,135 - 0,09} = \frac{141,7}{0,045} = 3149$$

Жауабы: келтірілген есептеулер негізінде «Биржалық банк» корпорациясының акцияларын бірінші және үшінші инвестор сатып алады, ал

екінші инвестор сатып жіберуге тырысады деген қортынды жасауға болады. Осылайша, біздің мысалымыздағы сұраныс ұсыныстан 2 есе артып отырады.

Инвестицияның табыстылығын бағалау үшін корпорацияның қаржылық жағдайын талдау кезінде АҚ –ның пайда көрсеткіштеріне, бір акцияның дивиденд шамасына сонымен қатар ағымдағы әрбір акцияның бағамдық жылдық пайда шамасына қатынасына ерекше көңіл бөлінеді. Бұл көрсеткіштер акцияның нағыз құнын дұрыс бағалаудың бағалық ақпараты болып табылады және олар арнайы басылымдарға күн сайын жарияланып тұрады.

Жоғарыда қарастырылған формуладан басқа әлемдік тәжірибеде қаржылық активтердің нақтылы құндылықтарын бағалаудан басқа, болашақта күтілген пайда туындысы мен бағалы қағаздардың бағамының ағымдағы уақыт кезеңіндегі пайдаға қатысы ретінде есептелінетін тәсіл кең түрде пайдаланылады.

Оны есептеуге арналған формула келесідей:

$$АНҚ = БП \times \frac{К}{П}$$

Мұндағы: БП – АҚ –ның болашақтағы пайдасы;

К – акцияның ағымдағы нарықтық бағамы;

П – әрбір акциядан алынатын жылдық пайданың шамасы;

Акция бағамының жылдық пайда шамасына қатынасын келесі формуламен есептеуге болады:

$$\frac{К}{П} = \frac{Д_0 \times (1 + O)}{ТПД - O}$$

Мұндағы: К – акцияның ағымдағы нарықтық бағамы;

П – әрбір акциядан алынатын жылдық пайданың шамасы;

ТПД – пайдалылықтың талап етілетін деңгейі;

Д₀ – өткен жылы төленген дивиденд сомасы;

О – дивидендтің әр жылдағы болжанған өсуі;

Мысалы: акционерлер мен директорлар кеңесінің жалпы жиналысының жалпы шешімі бойынша «Болат банк» корпорациясының қаржылық есепті жылдағы жалпы пайдадағы акциялар бойынша дивидендтердің үлесі 0,3 –ті құрады. Номиналдық құны 1000 теңгелік акцияға аналитиктердің есебі бойынша әрбір акцияға жылдың аяғында 345 теңгеден пайда әкеледі. Егер пайдалылықтың талап етілетін жылдық деңгейі ТПД -13%, болашақтағы болжанған дивидендтердің өсуі 7%, ал акцияның ағымдағы нарықтық бағасы 1700 тг. болса, бұл қор құндылықтарына ақшаны инвестициялаған дұрыс па.

Формуланы пайдалана отырып есептеу жүргіземіз:

$$\frac{К}{П} = \frac{0,3}{0,13 - 0,07} = 5,0$$

$$АНҚ = 345 \times 5,0 = 1725 \text{ теңге.}$$

Жауабы: бұл жағдайда есептеу көрсеткендей, акциялар бағамымен олардың нағыз құны бір – біріне жақын сай келетіндігін көрсетеді. Бұл нақтылы жағдайда нарықтық баға осы акцияның нақты құндылығын анағұрлым дәлірек көрсетеді. Бағам сәл-сәл төмен болғандықтан инвесторға «Болат банк» корпорациясының қаржылық активтерін сатып алып, болашақта өзінің табысының алған жөн.

Осылайша, осы айтылғандардан бір қортынды жасауға болады: инвестициялық тәуекелділік дәрежесі мен табыстылықты бағалы қағаздардың элементі туралы ақпарат негізінде болжауға болады. Бағалаудың дұрыстығы ақпарат көзі мен инвестордың ол ақпаратты пайдалана білуіне байланысты. Қор құндылықтарының нағыз құнының барлық жекелеген есептеулерінің жиынтығынан бағалы қағаздардың сұранысы мен ұсынысын теңестіретін баға ретінде көрінетін нақтылы құны қалыптасады.

4.4. Қор құндылықтарының бағамдық бағасын қалыптастыру

Халықарлық тәжірибеде қаржылық активтердің нағыз құндылығын анықтауда қолданылатын бағаның бірнеше түрлері қаралған:

- номиналды баға, ол бағалы қағаздардың өзінде көрсетіледі және табысты есептеумен бағамды анықтаудың негізі ретінде қолданылады;
- эмиссиялық баға, бұл акцияның алғашқы қор нарығында сатылатын бағасы;
- нарықтық баға, бағалы қағаздардың қор нарығында және биржадан тыс айналымда котировкаланатын бағасы;
- баланстық баға, компания-эмитенттің қаржылық жағдайы мен шаруашылық қызметін талдау процесінде анықталып, пайдаланылатын баға;

Берілген жағдайда қаржылық активтердің бағамдық бағасы аса маңызды, өйткені ол сұраныс пен ұсыныстың теңгермешілігін білдіреді, бағалы қағаздардың инвестициялық қасиеттерін жекелеген бағалаулардың барлығының жиынтық көрінісі және нарықтық конъюнктураның жалпылама көрсеткіші болып табылады.

Осылайша биржалық бағам объективті және субъективті факторлардың әсерінен әрқашан өзгеріп отыратын сұраныс пен ұсыныстың теңесу бағасы.

Объективті факторларға экономика – математикалық есептеулер, талдау және ғылыми болжамның мәліметтеріне негізделген факторлар жатады. Бұл жерде бірінші кезекте бағалы қағаздардың сапасы, олардың табыстылығы мен капиталдың өсімі, сонымен қатар компанияны басқаруға қатысу құқығы мен инвестициялық тәуекелдің дәрежесі ескеріледі.

Субъективті факторларға сезімталдық, абайсызда болған талдау және ол міндетті түрде ескерілуі керек, басқа да көптеген психологиялық себептерді жатқызуға болады, өйткені олар бағалы қағаздардың бағамдық құнына жеткілікті дәрежеде әсер етеді.

Қор құндылықтарының бағамының қалыптасуына қаржылық активтерді сатып алу мен сатуға келіп түскен тапсырыс саны біршама әсер етеді. Барлық тапсырыс қатаң түрде тіркеледі және ескеріледі. Болашақта олар акциялар мен облигацияларының нақты бір түрлеріне сұраныс пен ұсынысты анықтауға қажетті негізгі ақпарат ретінде қолданылады. Бұл мәліметтер күн сайын биржалық бюллетеньдер мен басқа да арнайы басылымдарда шығарылады. Сонымен қатар, нарықтық бағаға баламның жасанды арттырылуы мен төменделуі әр түрлі саналы түрде жасанды сөздерді тарату сияқты заңға қайшы әрекеттер (бірақ мұндай қаскүнемдердің айыбын ашу өте қиын) де әсер етеді.

Сонда да ғылым жолымен қарау және жағдайды дұрыс талдай білу инвесторларға бағалы қағаздар бағамының қозғалысын жеткілікті дәрежедегі

жоғары ықтималдылықпен бағалауға және болжауға мүмкіндік береді. әлемдік тәжірибеде қолданылып жүрген қаржылық активтердің биржалық бағамын анықтаудың көптеген тәсілдері бар. Бағалы қағаздардың бағамын анықтау үшін бірінші кезекте АҚ – эмитенттің пайдасының көрсеткіштері, акциялар бойынша күтіліп отырған дивиденд мөлшері немесе облигациялар бойынша пайыз мөлшері, инвестициялық тәуекелділік дәрежесі, өтімділік және т.б. былайша айтқанда барлық объективті факторлар талданады.

Корпорация салықтарды төлеп, кредиторлармен т.б. есептесіп болғаннан кейінгі, оның таза пайдасы бөлінетін пайда (дивидендтер) және бөлінбейтін пайда (резервтік қорға аударымдар) болып бөлінеді.

Акциялар бойынша дивидендтерді есептеу әдетте қаржылық жылдың соңында жүргізіледі, бірақ олар тоқсан сайын да, жарты жыл сайын да төлене береді.

Дивидендтердің шамасы ақша түрінде немесе бағамдық құнға пайызбен белгіленеді. Мысалы. Акция бағамы – 1350 тг. ағымдағы жылы төленетін дивиденд шамасы – 210 тг. Пайыздық, дивидендтің Д акция бағамына Б қатынасын 100-ге көбейту арқылы анықталады.

Акциялардың нарықтық бағамасымен дивидендтер өзара тығыз байланысты. Егер әр жыл сайын акция бойынша төленген дивидендтер сомасы өссе, онда бұл акциялардың бағамы да көтеріледі. Бағамның өзгеруі іс жүзінде төленетін табыс шамасынан әр уақытта алда озып отырады.

Бағалы қағаздар бойынша төлемдердің сомасы азайған немесе мүлде жоқ болғанда керісінше жағдай орын алады. Акция бойынша табыс 4% –ға өссін делік, олардың қор нарығындағы бағамы шамамен 8-9%-ға өседі, ал дивиденд 65-ға азайса, акцияның нарықтық бағасы 11-12%-ға азаюы мүмкін. Сондықтан да әрбір АҚ зиянды жұмыс істеп жатсада резервтік қордан қаражат тарта отырып, әрқашан дивидендтер төлеп отыруға тырысады. Бұдан шығаратыны, әр акцияның немесе облигацияның табыстылығы дивиденд шамасы (пайыз мөлшерлемесі) мен бағамның құнынан құрылады. Бұл екі құрама бөлігі бірігіп дивидендтер мен қаржылық активтердің пайыз түрінде көрсетілген құнының қосындысы немесе айырмасы ретінде есептелетін бағалы қағаздардың жиынтық табыстылығын көрсетеді. Мысалы: «Медеу» фирмасының облигациялары жылдық пайыздық мөлшерлемесі 25%. бұл бағалы қағаздың бағамы сұраныстың азаюынан 7%-ға төмендеді. Бұл нақтылы жағдайдың облигацияларының жиынтық табыстылығы $25 - 7 = 18\%$ -құрайды.

Қор құндылықтарының бағамына тікелей әсер ететін басқа маңызды факторлар болып ссудалық пайыз шамасы немесе несие бағасы болып табылады. Ссудалық капитал қымбат болған сайын бағалы қағаздардың бағамы төмен, ал дивидендтердің мөлшері жоғары болған сайын қаржылық активтердің нарықтық құны жоғары болады. Осылайша келесі ережені құрастыруға болады: бағалы қағаздардың бағамы ол бойынша алынатын табысқа тура түрде тәуелді, ал пайыздық мөлшерлеме шамасына кері түрде тәуелді болады. Акция бағамы келесі формуламен есептеледі:

$$K = \frac{D}{KD} \quad \text{Мұндағы:}$$

К – акция бағамы;

Д – берілген нақтылы акция бойынша дивиденд шамасы ;

КД – пайыздық мөлшерлеме түрінде көрсетілген қаржылық зиян шегуден кепілдендірілген табыстылықтың қауіпсіз деңгейі;

Мысал келтірейік: «Батыс банк» компаниясының ағымдағы жылы әрбір акциясы бойынша дивидендтері 180 тг.-ні, ал мемлекеттік ішкі заемның үкіметтік облигациясы бойынша жылдық пайыздық ставка 15 құрады. «Батыс банк» компаниясының акцияларының бағамдық құнын анықтау қажет.

$$\text{Шешуі: } K = \frac{180}{0,15} = 1200 \text{ теңге.}$$

Жауабы. «Батыс банк» АҚ-ның акцияларының бағамы шамамен 1200тг. мөлшерінде болады. Бірақ бұл берілген нақтылы акциялардың нарықтық бағасы дәл осындай болатынын білдірмейді. Бұл жағдайда басқа да талдау мен болжау жасау мүмкін емес, себебі субъективті факторлардың бар екендігін ұмытпаған жөн. Сонда да келтірілген есептеу инвесторға жете түсіне отырып шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Сонымен, қор биржасындағы мәмілелер бағалы қағаздарды сатушылар мен сатып алушылар бағамдық баға жөнінде келісімге келген жағдайда ғана іске асырылады. Бірақ оптималды бағаны келісу оңайға түспейді. Арзанырақ сатып алу мен қымбаттырақ сатуға тырысушылық сұраныс бағасы мен ұсыныс бағасының арасындағы теңсіздікке әкеледі. Бағалардағы мұндай сәйкессіздігін *маржа* немесе *спрэд* деп атайды, ал бағаны анықтау процесі *котировкалау* деп аталады.

Бағамдық баға		
Ұсыныс бағасы 686 тг.	МАРЖА	Сұраныс бағасы 685 тг.
сатушы	1 тг.	сатып алушы

Котировка деп сатып алушының ұсынып отырған ең жоғары бағасы, сол ұсынылған бағаға сатушының көніп акциясын беруі, бұл сатушы үшін ең төменгі баға. Мысалға, «685-686» котировкасы, бір акция үшін сұраныстың ең жоғары бағасы (сатып алу үшін) 685 тг. және ұсыныстың ең төменгі бағасы (сатушы үшін) 686 тг. деп түсіндіріледі. Егер олар өзара келісімге келсе, айталық, сатушы сатып алушыға арзандау бағамен берсе немесе екеуі де бір-біріне бағаларын түсіріп, 685 тг. 50 тиын деген бағаға тірелсе, онда бұл баға мәмілені жасау бағасы немесе бағам деп аталатын болады. Бірақ «бағам» түсінігі қор нарығына қатысты ол негізінен жеке мәмілелерді жасағанда емес, қор операцияларының барлық жиынтығын сипаттау үшін қолданылатынын айта кеткен жөн.

Қор биржасындағы котировкамен жоғарыда айтылып өткендей күн сайын саудаға жіберілген бағалы қағаздардың тізімі бар котировкалық бетті жариялайтын котировкалық комиссия айналысады. Комиссияның негізгі тапсырмасы болып сұраныс пен ұсыныстың әсерінен қаржылық активтердің бағамының өзгеруін қатаң есепке алып отыру болып табылады. Бұл кезде мәміле жасалған бастапқы және соңғы, жоғары және төменгі бағаларға ерекше көңіл бөлінеді. Бұл бағалар котировкалық бет пен биржалық бюллетеньде жарияланатын котировкалық (анықтамалық) бағаны анықтаудың базасы ретінде қаралады. Бюллетеньді құрастыру үшін биржалық котировкаға тікелей

әсер ететін мәмілелер. Бағалы қағаздардың саны мен сапасы туралы, компания-эмитент және т.б. туралы мәліметтер қолданылады. Котировкалық комиссияның міндеттеріне саудаға қатысушылары мен қор биржасының ақпараттық бөліміне ақпараттық мәліметтердің уақтылы жеткізілуін бақылау, сонымен қатар келіспеушілік болған жағдайларды арбитраждық комиссиямен бірге қаржылық активтерге бағаны анықтау жатады.

Сауданы жүргізу ережелеріне сәйкес бағалы қағаздардың котировкасы тек қана биржалық жиналыс кезеңінде, яғни қор биржасының жұмыс күні ішінде ғана жасалады. Биржалық жиналыстың басталуы мен аяқталуы қоңырау үнімен ажыратылады. Мәмілелер арнайы кестеге сәйкес барлық бағалы қағаздардың түрлері бойынша бөлек-бөлек жасалады.

Сауда барысындағы нарықтық бағалар қаржылық активтерді сатып алу сатуға келіп түскен өтініш-тапсырыстардың келіп түсуі мен жариялану шамасына қарай белгіленеді. Бағаны қалыптастырудың анағұрлым көп қолданылатын түрлері ажыратылады: бір дүркінді аукцион, үзіліссіз брокерлік аукцион, үздіксіз дилерлік аукцион.

Бір дүркінді аукцион тапсырыстар бірінші қызметкер тіркеушімен ауызша немесе жазбаша түрде қабылданады, сонан соң ол бағалы қағаздарды сату мен сатып алуға түскен тапсырыстарды салыстырып, осының негізінде сұраныс пен ұсынысты теңестіру үшін бағаны туралайды. Одан кейін тапсырыстар анықталған белгілі бір санына дейін жинақталады және күніне немесе екі рет бірдей уақытта жарияланып саудаланады.

Үзіліссіз брокерлік аукцион өз клиенттері атынан сауда жасайтын брокерлерарасында тапсырыстардың келіп түсуіне байланысты күн бойында мәмілелер жасалатын кәдімгі қор нарығын білдіреді.


Дилерлік аукцион брокерлік аукционнан брокер мен клиент арасында делдал-сауданы жүргізетін биржалық маклердің тағайындалумен ажыратылады. Биржалық маклер дилер ретінде қызмет жасайды, бұл брокерлер клиенттеріні мүддесін құрайды.

Қор биржасының жұмыс күні старттық бағаны анықтаудан басталады. Ол тапсырыстардың негізінде қалыптасады және бағалы қағаздардың әр шығарылымына жеке-жеке сатып алушының максималды бағасымен білдіреді. Сауда тапсырыстың ең көп мөлшері келіп түскен шығарылымнан басталады.

Жұмыс күні бойындағы биржалық белсенділіктің негізгі көрсеткіштері болып бірнеше алғашқы мәмілелер негізінде есептелетін сатылу уақытындағы орташа бағалар, сонымен қатар биржалық күннің жоғары және ең төменгі бағасы табылады. Бұл көрсеткіштер бағалы қағаздар түрлері бойынша және биржалық жиналыс кезеңінде жасалған мәмілелердің барлық жиынтығы бойынша жеке-жеке анықталады. Бұл жағдайдағы қаржылық активтердің бағамы әдетте бірнеше соңғы мәліметтер бойынша орташа баға ретінде шығарылады.

Ашылу, жабылу бағасын, мәмілелердің жоғары және ең төменгі бағасын анықтау күн сайын жүргізіледі және бағалы қағаздардың кәсіпқойлары ол үшін маңызды аналитикалық ақпарат болып табылады. Биржалық белсенділіктің динамикасымен акциялар мен облигациялар бағамының қозғалысының көрсеткіштері қор нарығындағы жағдай туралы көрініс береді және

инвесторларға анағұрлым оптималды шешімдер қабылдауға көмектеседі. Сызба түрінде мұны келесі түрде көрсетуге болады:



Бағалы қағаздардың биржалық бағамына биржадан тыс айналым, яғни қор биржасынан тыс және ресми сауданың жабылуынан кейін жасалған мәмілелер біршама әсер ететінін айтып өткен жөн.

Бірақ табыстың, дәлірек айтқанда брокердің табысының реакциясының тезділігіне байланысты болатын оперативті жұмыс кезінде ақпараттың басқа қайнар көзі – биржалық бірінғай қосылған ақпараттық табло мен компьютерлер мәліметтері бойынша беріледі. Оларға жүгіріп тұратын қатар түрінде тапсырыстар саны мен әрбір тіркелген мәміле туралы, котировкаға жіберілген бағалы қағаздар, олардың типтері, түрлері мен бағамдары туралы мәлімет үздіксіз келіп тұрады.

Тест түріндегі сұрақтар

1. Листинг ол:

- А. Нақты эмитенттің бағалы қағаздарын еңбек биржасының котировкалық бетін биржалық тізіміне жіберу және қосу процесі.
- В. Нақты эмитенттің бағалы қағаздарын тауар биржасының котировкалық бетін биржалық тізіміне жіберу және қосу процесі.
- С. Нақты эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының котировкалық бетін биржалық тізіміне жіберу және қосу процесі.
- Д. Нақты эмитенттің бағалы қағаздарын мүлік биржасының котировкалық бетін биржалық тізіміне жіберу және қосу процесі.

2. Биржалық тізім дегеніміз:

- А. Корпорацияларда мәміле жасауға жіберілген барлық акционерлік қоғамдардың тізімі көрсетілген құжат.

- В. Қор биржасында мәміле жасауға жіберілген барлық акционерлік қоғамдардың тізімі көрсетілген құжат.
- С. Шетелдермен мәміле жасауға жіберілген барлық акционерлік қоғамдардың тізімі көрсетілген құжат.
- Д. Бюджетпен мәміле жасауға жіберілген барлық акционерлік қоғамдардың тізімі көрсетілген құжат.
- Е. Жергілікті әкіматпен мәміле жасауға жіберілген барлық акционерлік қоғамдардың тізімі көрсетілген құжат.

3. Котировкалық бет ол:

- А. Әрбір айсайын жасалатын биржалық тізім тәріздес құжат.
- В. Әрбір тоқсанда жасалатын биржалық тізім тәріздес құжат.
- С. Әрбір жеті сайын жасалатын биржалық тізім тәріздес құжат.
- Д. Әрбір жұмыс күні жасалатын биржалық тізім тәріздес құжат.
- Е. Әрбір сағатсайын жасалатын биржалық тізім тәріздес құжат.

4. Листинг процедурасы ол:

- А. Потенциалды инвесторларды, олардың күрделі қаржы салымдарының бағыттары туралы шынайы мәліметтермен қамтамасыз ету сияқты маңызды ақпараттарды көздейді.
- В. Потенциалды инвесторларды, олардың босалқы бөлшек салымдарының бағыттары туралы шынайы мәліметтермен қамтамасыз ету сияқты маңызды ақпараттарды көздейді.
- С. Потенциалды инвесторларды, олардың аяқталмаған өндіріс үшін салымдарының бағыттары туралы шынайы мәліметтермен қамтамасыз ету сияқты маңызды ақпараттарды көздейді.
- Д. Потенциалды инвесторларды, олардың шикізат үшін салымдарының бағыттары туралы шынайы мәліметтермен қамтамасыз ету сияқты маңызды ақпараттарды көздейді.

5. Қор биржасында мәміленің қатысушылары болып:

- А. Қор биржасында мәміленің қатысушылары болып, шетел дипломаттары арқылы іс-әрекет ететін жеке және институтталынған инвесторлар болып табылады.
- В. Қор биржасында мәміленің қатысушылары болып, кәсіби делдалдар арқылы іс-әрекет ететін жеке және институтталынған инвесторлар болып табылады.
- С. Қор биржасында мәміленің қатысушылары болып, мұғалімдер арқылы іс-әрекет ететін жеке және институтталынған инвесторлар болып табылады.
- Д. Қор биржасында мәміленің қатысушылары болып, ауыл әкімдері арқылы іс-әрекет ететін жеке және институтталынған инвесторлар болып табылады.

6. Жеке инвесторлар ол:

- А. Қосымша пайда табу немесе қандай да бір фирманы банкрот жасауға қатысу мақсатында өздерінің уақытша бос ақшаларын депозитке салатын жеке тұлғалар.
- В. Қосымша пайда табу немесе қандай да бір фирманы сатуға қатысу мақсатында өздерінің уақытша бос ақшаларын банкке салатын жеке тұлғалар.
- С. Қосымша пайда табу немесе қандай да бір фирманы айырбастауға қатысу мақсатында өздерінің уақытша бос ақшаларын кәсіпорынның кассасына салатын жеке тұлғалар.

Д. Қосымша пайда табу немесе қандай да бір фирманы басқаруға қатысу мақсатында өздерінің уақытша бос ақшаларын қор құндылықтарына салатын жеке тұлғалар.

7. Институцияланған инвесторлар дегеніміз:

А. Институцияланған инвесторлар немесе ведомстволық салымшылар олар анағұрлым кең масштабта аяқталмаған өндіріске қаржы сала отырып жеке тұлғалар тәріздес мүдделерді көздейді.

В. Институцияланған инвесторлар немесе ведомстволық салымшылар олар анағұрлым кең масштабта материалдар сатып алу үшін қаржы сала отырып жеке тұлғалар тәріздес мүдделерді көздейді.

С. Институцияланған инвесторлар немесе ведомстволық салымшылар олар анағұрлым кең масштабта бағалы қағаздарға қаржы сала отырып жеке тұлғалар тәріздес мүдделерді көздейді.

Д. Институцияланған инвесторлар немесе ведомстволық салымшылар олар анағұрлым кең масштабта босалқы бөлшек алуға қаржы сала отырып жеке тұлғалар тәріздес мүдделерді көздейді.

8. Бағалы қағаздармен жасалатын қолма-қол мәміле дегеніміз не?

А. Бағалы қағаздармен жасалатын қолма-қол ақша мәмілесі үш күн мерзім ішінде іске асырылуы керек. Әдетте олар сатушы мен сатып алушылардың арасында брокердің көмегімен ауызша түрде іске асырылады.

В. Бағалы қағаздармен жасалатын қолма-қол ақша мәмілесі үш жыл мерзім ішінде іске асырылуы керек. Әдетте олар сатушы мен сатып алушылардың арасында әкімнің көмегімен ауызша түрде іске асырылады.

С. Бағалы қағаздармен жасалатын қолма-қол ақша мәмілесі үш ай мерзім ішінде іске асырылуы керек. Әдетте олар сатушы мен сатып алушылардың арасында адвокаттың көмегімен ауызша түрде іске асырылады.

Д. Бағалы қағаздармен жасалатын қолма-қол ақша мәмілесі үш күн мерзім ішінде іске асырылуы керек. Әдетте олар сатушы мен сатып алушылардың арасында ректордың көмегімен ауызша түрде іске асырылады.

9. Нарықтық тапсырыс дегеніміз не?

А. Нарықтық тапсырыстың негізгі талабы – ол бағалы қағаздарды максималды жоғары бағамен банкке салу немесе сатып алу. Бұл мәмілені жасау ұсыныс бағасы дегенді білдіреді.

В. Нарықтық тапсырыстың негізгі талабы – ол бағалы қағаздарды максималды жоғары бағамен сату немесе сатып алу. Бұл мәмілені жасау ұсыныс бағасы дегенді білдіреді.

С. Нарықтық тапсырыстың негізгі талабы – ол бағалы қағаздарды максималды жоғары бағамен әкімге сату немесе сатып алу. Бұл мәмілені жасау ұсыныс бағасы дегенді білдіреді.

Д. Нарықтық тапсырыстың негізгі талабы – ол бағалы қағаздарды максималды жоғары бағамен аяқталмаған өндіріс үшін сату немесе сатып алу. Бұл мәмілені жасау ұсыныс бағасы дегенді білдіреді.

10. Шектеулі тапсырыс дегеніміз не?

А. Биржалық операцияларды клиенттің белгіленген бағасымен жасалуын білдіреді. Брокер мәмілені инвестордың нұсқауы бойынша жасауы керек. Клиент бағалы қағаздарды тиімді сату немесе сатып алу бағасын өзі белгілейді.

Бірақ «немесе жақсырақ» келісімін жасайды, бұл брокерге тапсырыстағыдан тиімдірек шарттармен мәміле жасауына құқық береді.

В. Биржалық операцияларды әкім белгіленген бағасымен жасалуын білдіреді. Брокер мәмілені әкімнің нұсқауы бойынша жасауы керек. Клиент бағалы қағаздарды тиімді сату немесе сатып алу бағасын өзі белгілейді. Бірақ «немесе жақсырақ» келісімін жасайды, бұл брокерге тапсырыстағыдан тиімдірек шарттармен мәміле жасауына құқық береді.

С. Биржалық операцияларды басқарманың белгіленген бағасымен жасалуын білдіреді. Брокер мәмілені басқарманың нұсқауы бойынша жасауы керек. Клиент бағалы қағаздарды тиімді сату немесе сатып алу бағасын өзі белгілейді. Бірақ «немесе жақсырақ» келісімін жасайды, бұл брокерге тапсырыстағыдан тиімдірек шарттармен мәміле жасауына құқық береді.

Д. Биржалық операцияларды студенттің белгіленген бағасымен жасалуын білдіреді. Брокер мәмілені студенттің нұсқауы бойынша жасауы керек. Клиент бағалы қағаздарды тиімді сату немесе сатып алу бағасын өзі белгілейді. Бірақ «немесе жақсырақ» келісімін жасайды, бұл брокерге тапсырыстағыдан тиімдірек шарттармен мәміле жасауына құқық береді.

11. Қалаулы (таңдаулы) тапсырыс дегеніміз не?

А. Бұл брокерге бағалы қағаздардың бағамы белгілі бірсалықтың шамасына жеткенде ғана мәміле жасауына (қор құндылықтарын сатуға немесе сатып алуға) берілетін тапсырыс.

В. Бұл брокерге бағалы қағаздардың бағамы белгілі бір қалаға жеткенде ғана мәміле жасауына (қор құндылықтарын сатуға немесе сатып алуға) берілетін тапсырыс.

С. Бұл брокерге бағалы қағаздардың бағамы белгілі бір құрылыстың бөлігіне жеткенде ғана мәміле жасауына (қор құндылықтарын сатуға немесе сатып алуға) берілетін тапсырыс.

Д. Бұл брокерге бағалы қағаздардың бағамы белгілі бір шамаға жеткенде ғана мәміле жасауына (қор құндылықтарын сатуға немесе сатып алуға) берілетін тапсырыс.

12. Үзіліссіз аукциондық нарық дегеніміз не?

А. Бұл қор құндылықтарымен сауда жүргізудің негізгі тәсілі. Оның мәні бір жағында сатушы, ал екінші жағында бір-бірімен бәсекелес бірнеше сатып алушысы бар дәстүрлі аукционнан айырмашылығы мәміле әкімді сайлау үшін жоғары бағаны ұсынған сатып алушымен жасалады; қор биржасындағы аукциондық сауда бағалы қағаздарды сату мен сатып алуға берілген тапсырыстарды дауыстап айту арқылы жүреді.

В. Бұл қор құндылықтарымен сауда жүргізудің негізгі тәсілі. Оның мәні бір жағында сатушы, ал екінші жағында бір-бірімен бәсекелес бірнеше сатып алушысы бар дәстүрлі аукционнан айырмашылығы мәміле тауар үшін жоғары бағаны ұсынған сатып алушымен жасалады; қор биржасындағы аукциондық сауда бағалы қағаздарды сату мен сатып алуға берілген тапсырыстарды дауыстап айту арқылы жүреді.

С. Бұл қор құндылықтарымен сауда жүргізудің негізгі тәсілі. Оның мәні бір жағында сатушы, ал екінші жағында бір-бірімен бәсекелес бірнеше сатып алушысы бар дәстүрлі аукционнан айырмашылығы мәміле туристік жолдама

үшін жоғары бағаны ұсынған сатып алушымен жасалады; қор биржасындағы аукциондық сауда бағалы қағаздарды сату мен сатып алуға берілген тапсырыстарды дауыстап айту арқылы жүреді.

Д. Бұл қор құндылықтарымен сауда жүргізудің негізгі тәсілі. Оның мәні бір жағында сатушы, ал екінші жағында бір-бірімен бәсекелес бірнеше сатып алушысы бар дәстүрлі аукционнан айырмашылығы мәміле оқуға түсу үшін жоғары бағаны ұсынған сатып алушымен жасалады; қор биржасындағы аукциондық сауда бағалы қағаздарды сату мен сатып алуға берілген тапсырыстарды дауыстап айту арқылы жүреді.

13. Дилерлік нарық дегеніміз не?

А. Негізінен биржадан тыс баланста болады. Оның қатысушылары бір жағынан институцияланған инвесторлар, екінші жағынан дилерлік фирмалар олардың мәмілелік объектісі биржалық тізімге енгізілмеген компанияның бағалы қағаздары.

В. Негізінен биржадан тыс аяқталған өндірісте болады. Оның қатысушылары бір жағынан институцияланған инвесторлар, екінші жағынан дилерлік фирмалар олардың мәмілелік объектісі биржалық тізімге енгізілмеген компанияның бағалы қағаздары.

С. Негізінен биржадан тыс айналымда болады. Оның қатысушылары бір жағынан институцияланған инвесторлар, екінші жағынан дилерлік фирмалар олардың мәмілелік объектісі биржалық тізімге енгізілмеген компанияның бағалы қағаздары.

Д. Негізінен биржадан тыс қоймада болады. Оның қатысушылары бір жағынан институцияланған инвесторлар, екінші жағынан дилерлік фирмалар олардың мәмілелік объектісі биржалық тізімге енгізілмеген компанияның бағалы қағаздары.

14. Онкольдық нарық дегеніміз не?

А. Белгілі бір уақыт аралығында сұраныс пен ұсынысты теңестіріп отыратын бірегей бағамен қор құндылықтарын сату мен сатып алуға негізделеді.

В. Белгілі бір уақыт аралығында халық пен әкімді теңестіріп отыратын бірегей бағамен қор құндылықтарын сату мен сатып алуға негізделеді.

С. Белгілі бір уақыт аралығында шоттар мен субшоттарды теңестіріп отыратын бірегей бағамен қор құндылықтарын сату мен сатып алуға негізделеді.

Д. Белгілі бір уақыт аралығында қала мен даланы теңестіріп отыратын бірегей бағамен қор құндылықтарын сату мен сатып алуға негізделеді.

15. Инвестициялық тәуекел дегеніміз не?

А. Берілетін нақтылы компанияның бағалы қағаздарына әсер ететін және күрделі қаржы салымдарының табыстылығымен шығындылық дәрежесін анықтайтын факторлар жиынтығы.

В. Берілетін нақтылы әкімнің бағалы қағаздарына әсер ететін және күрделі қаржы салымдарының табыстылығымен шығындылық дәрежесін анықтайтын факторлар жиынтығы.

С. Берілетін нақтылы тауарлардың бағалы қағаздарына әсер ететін және күрделі қаржы салымдарының табыстылығымен шығындылық дәрежесін анықтайтын факторлар жиынтығы.

Д. Берілетін нақтылы баланстағы бағалы қағаздарына әсер ететін және күрделі қаржы салымдарының табыстылығымен шығындылық дәрежесін анықтайтын факторлар жиынтығы.

16. Жүйелік тәуекел дегенімізді қалай түсінесіз?

А. Нақты бір тауардың қаржылық активтерінің бағалы қағаздары бағамның жалпы өзгеруінің әсерінен нарықтық бағасының ауытқу тәуекелі. Жүйелік тәуекел әрбір жеке акцияның биржада айналыста жүрген басқа да қор құндылықтарымен байланысының тығыздығын көрсетеді.

В. Нақты бір компанияның қаржылық активтерінің бағалы қағаздары бағамның жалпы өзгеруінің әсерінен нарықтық бағасының ауытқу тәуекелі. Жүйелік тәуекел әрбір жеке акцияның биржада айналыста жүрген басқа да қор құндылықтарымен байланысының тығыздығын көрсетеді.

С. Нақты бір баланстың қаржылық активтерінің бағалы қағаздары бағамның жалпы өзгеруінің әсерінен нарықтық бағасының ауытқу тәуекелі. Жүйелік тәуекел әрбір жеке акцияның биржада айналыста жүрген басқа да қор құндылықтарымен байланысының тығыздығын көрсетеді.

Д. Нақты бір шоттағы қаржылық активтерінің бағалы қағаздары бағамның жалпы өзгеруінің әсерінен нарықтық бағасының ауытқу тәуекелі. Жүйелік тәуекел әрбір жеке акцияның биржада айналыста жүрген басқа да қор құндылықтарымен байланысының тығыздығын көрсетеді.

17. Инфляция тәуекелі дегенімізді қалай түсінесіз?

А. Тәуекелдің бұл түрі кассадағы активтерге инвестиция сатудан түсетін табыс шамасына кері әсерін тигізеді. Сондықтан инвесторға ылғи да инфляцияның қарқынын, есептеп есептеулеріне түзетулер енгізіп және өзінің нақты табысын болжап отыру керек.

В. Тәуекелдің бұл түрі баланстық активтерге инвестиция сатудан түсетін табыс шамасына оң әсерін тигізеді. Сондықтан инвесторға ылғи да инфляцияның қарқынын, есептеп есептеулеріне түзетулер енгізіп және өзінің нақты табысын болжап отыру керек.

С. Тәуекелдің бұл түрі шоттардағы активтерге инвестиция сатудан түсетін табыс шамасына әсерін тигізеді. Сондықтан инвесторға ылғи да инфляцияның қарқынын, есептеп есептеулеріне түзетулер енгізіп және өзінің нақты табысын болжап отыру керек.

Д. Тәуекелдің бұл түрі қаржылық активтерге инвестиция сатудан түсетін табыс шамасына кері әсерін тигізеді. Сондықтан инвесторға ылғи да инфляцияның қарқынын, есептеп есептеулеріне түзетулер енгізіп және өзінің нақты табысын болжап отыру керек.

18. Жүйелік емес тәуекелдер дегенімізді қалай түсінесіз?

А. Олар белгілі бір нақты акционерлік қоғамның ерекше шоты болып табылады және қордың жалпы жағдайына байланысты емес.

В. Олар белгілі бір нақты акционерлік қоғамның ерекше балансы болып табылады және қордың жалпы жағдайына байланысты емес.

С. Олар белгілі бір нақты акционерлік қоғамның ерекшелігі болып табылады және қордың жалпы жағдайына байланысты емес.

Д. Олар белгілі бір нақты акционерлік қоғамның ерекше активі болып табылады және қордың жалпы жағдайына байланысты емес.

19. Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі дегенімізді қалай түсінесіз?

А. Тәуекелділіктің бұл түрі операциялық салымдар бойынша банктік несиелік, пайыздық шотының өзгеруінің салдарынан болатын қаржылық зиянның ықтималдығын көрсетеді.

В. Тәуекелділіктің бұл түрі депозиттік салымдар бойынша банктік несиелік, пайыздық мөлшерлеменің өзгеруінің салдарынан болатын қаржылық зиянның ықтималдығын көрсетеді.

С. Тәуекелділіктің бұл түрі ипотекалық салымдар бойынша банктік несиелік, пайыздық мөлшерлеменің өзгеруінің салдарынан болатын баланстық зиянның ықтималдығын көрсетеді.

Д. Тәуекелділіктің бұл түрі материалдық салымдар бойынша банктік несиелік, пайыздық несиенің өзгеруінің салдарынан болатын қаржылық зиянның ықтималдығын көрсетеді.

20. Салалық тәуекелін қалай түсінесіз?

А. Бұл тәуекел жүйелік емес тәуекелге жатады және оны алдын ала болжау мүмкін емес. Бұл тек қана бағалы қағаздарды, салалық сипаты жөнінен сәтсіз таңдау салдарынан мүмкін болатын зиянды көрсетеді.

В. Бұл тәуекел жүйелік емес тәуекелге жатады және оны алдын ала болжау мүмкін емес. Бұл тек қана баланстағы, салалық сипаты жөнінен сәтсіз таңдау салдарынан мүмкін болатын зиянды көрсетеді.

С. Бұл тәуекел жүйелік емес тәуекелге жатады және оны алдын ала болжау мүмкін емес. Бұл тек қана шоттардағы, салалық сипаты жөнінен сәтсіз таңдау салдарынан мүмкін болатын зиянды көрсетеді.

Д. Бұл тәуекел жүйелік емес тәуекелге жатады және оны алдын ала болжау мүмкін емес. Бұл тек қана бағалы қағаздарды, баланс сипаты жөнінен сәтсіз таңдау салдарынан мүмкін болатын зиянды көрсетеді.

21. Өтімділік тәуекелін қалай түсінесіз?

А. Өтімділік тәуекелі нақты бір бағалы қағазды тез сату және қолма-қол отынға айландыру қажеттілігі туған кезде, сатып алушыны таба алмай қалу ықтималдығын білдіреді.

В. Өтімділік тәуекелі нақты бір бағалы қағазды тез сату және қолма-қол өнімге айландыру қажеттілігі туған кезде, сатып алушыны таба алмай қалу ықтималдығын білдіреді.

С. Өтімділік тәуекелі нақты бір бағалы қағазды тез сату және қолма-қол ақшаға айландыру қажеттілігі туған кезде, сатып алушыны таба алмай қалу ықтималдығын білдіреді.

Д. Өтімділік тәуекелі нақты бір бағалы қағазды тез сату және қолма-қол несиеге айландыру қажеттілігі туған кезде, сатып алушыны таба алмай қалу ықтималдығын білдіреді.

22. Инвестициялық тәуекелді қалай түсінесіз?

А. Тәуекелділіктің қауіптілігі көбейген сайын дивидендтер де жоғары болады және керісінше қор құндылықтары сенімдірек болған сайын олардың табыс мөлшерлемесі төмен болады. 3 ақшасын салу үшін акцияны немесе облигацияны таңдаған кезде сатып алушы салған инвестициясынан түсетін пайдалылық деңгейін есептеулері керек.

В. Тәуекелділіктің қауіптілігі көбейген сайын дивидендтер де жоғары болады және керісінше қор құндылықтары сенімдірек болған сайын олардың табыс мөлшерлемесі төмен болады. Өз ақшасын салу үшін акцияны немесе облигацияны таңдаған кезде сатып алушы салған инвестициясынан түсетін шоттарының деңгейін есептеулері керек.

С. Тәуекелділіктің қауіптілігі көбейген сайын дивидендтер де жоғары болады және керісінше қор құндылықтары сенімдірек болған сайын олардың табыс мөлшерлемесі төмен болады. өз ақшасын салу үшін акцияны немесе облигацияны таңдаған кезде сатып алушы салған инвестициясынан түсетін баланстық деңгейін есептеулері керек.

Д. Тәуекелділіктің қауіптілігі көбейген сайын дивидендтер де жоғары болады және керісінше қор құндылықтары сенімдірек болған сайын олардың табыс мөлшерлемесі төмен болады. Өз ақшасын салу үшін акцияны немесе облигацияны таңдаған кезде сатып алушы салған инвестициясынан түсетін материалдардың деңгейін есептеулері керек.

23. Бір дүркінді аукцион дегеніміз:

А. Бір дүркінді аукцион бойынша тапсырыстар бірінші қызметкер тіркеушімен ауызша немесе жазбаша түрде қабылданады, сонан соң ол бағалы қағаздарды сату мен сатып алуға түскен тапсырыстарды салыстырып, осының негізінде актив пен пассивті теңестіру үшін бағаны туралайды. Одан кейін тапсырыстар анықталған белгілі бір санына дейін жинақталады және күніне немесе екі рет бірдей уақытта жарияланып саудаланады.

В. Бір дүркінді аукцион бойынша тапсырыстар бірінші қызметкер тіркеушімен ауызша немесе жазбаша түрде қабылданады, сонан соң ол бағалы қағаздарды сату мен сатып алуға түскен тапсырыстарды салыстырып, осының негізінде сұраныс пен ұсынысты теңестіру үшін бағаны туралайды. Одан кейін тапсырыстар анықталған белгілі бір санына дейін жинақталады және күніне немесе екі рет бірдей уақытта жарияланып саудаланады.

С. Бір дүркінді аукцион бойынша тапсырыстар бірінші қызметкер тіркеушімен ауызша немесе жазбаша түрде қабылданады, сонан соң ол бағалы қағаздарды сату мен сатып алуға түскен тапсырыстарды салыстырып, осының негізінде балансты теңестіру үшін бағаны туралайды. Одан кейін тапсырыстар анықталған белгілі бір санына дейін жинақталады және күніне немесе екі рет бірдей уақытта жарияланып саудаланады.

Д. Бір дүркінді аукцион бойынша тапсырыстар бірінші қызметкер тіркеушімен ауызша немесе жазбаша түрде қабылданады, сонан соң ол бағалы қағаздарды сату мен сатып алуға түскен тапсырыстарды салыстырып, осының негізінде шоттарды теңестіру үшін бағаны туралайды. Одан кейін тапсырыстар анықталған белгілі бір санына дейін жинақталады және күніне немесе екі рет бірдей уақытта жарияланып саудаланады.

24. Үзіліссіз брокерлік аукцион дегеніміз:

А. Өз клиенттері атынан сауда жасайтын брокерлер арасында несиелердің келіп түсуіне байланысты күн бойында мәмілелер жасалатын кәдімгі қор нарығын білдіреді.

В. Өз клиенттері атынан сауда жасайтын брокерлер арасында баланстың келіп түсуіне байланысты күн бойында мәмілелер жасалатын кәдімгі қор нарығын білдіреді.

С. Өз клиенттері атынан сауда жасайтын брокерлер арасында шоттардың келіп түсуіне байланысты күн бойында мәмілелер жасалатын кәдімгі қор нарығын білдіреді.

Д. Өз клиенттері атынан сауда жасайтын брокерлер арасында тапсырыстардың келіп түсуіне байланысты күн бойында мәмілелер жасалатын кәдімгі қор нарығын білдіреді.

25. Дилерлік аукцион дегеніміз:

А. Брокерлік аукционнан брокер мен клиент арасында делдал-сауданы жүргізетін биржалық маклердің тағайындалумен ажыратылады. Биржалық маклер дилер ретінде қызмет жасайды, бұл брокерлер клиенттерінің мүддесін құрайды.

В. Брокерлік аукционнан брокер мен клиент арасында балансты жүргізетін биржалық маклердің тағайындалуымен ажыратылады. Биржалық маклер дилер ретінде қызмет жасайды, бұл брокерлер клиенттерінің мүддесін құрайды.

С. Брокерлік аукционнан брокер мен клиент арасында шоттарды жүргізетін биржалық маклердің тағайындалуымен ажыратылады. Биржалық маклер дилер ретінде қызмет жасайды, бұл брокерлер клиенттерінің мүддесін құрайды.

Д. Брокерлік аукционнан брокер мен клиент арасында несиені жүргізетін биржалық маклердің тағайындалуымен ажыратылады. Биржалық маклер дилер ретінде қызмет жасайды, бұл брокерлер клиенттерінің мүддесін құрайды.

Студентердің өз бетімен дайындалуға арналған сынақ сұрақ жауаптар

Бағалы қағаздар деген не?

Бағалы қағаздардың ең кең тараған түрі акциялар мен облигациялар. Олардың бір-бірінен айырмашылығы:

- Акцияны сатып алу арқылы сіз өз капиталыңыздың бөлігін акционерлік қоғамға салғандығыңыз бен оның иесі болғандығыңыз туралы куәлік аласыз.

- Облигацияны сатып алу арқылы сіз компания немесе мемлекеттің кредит берушісі боласыз. Соңғысы сізден облигацияларды сатып алуға міндеттенетін борышкеріңіз болады.

Акция дивидент, ал облигация пайыз түрінде кіріс әкеледі. Ең басты кіріс бағалы қағаздарды сату барысында алынатын бағалы қағаздар құнының өсімінен түседі.

Қор нарығында акциялар мен облигациялар түріндегі бағалы қағаздарды сатып алу барысында жеке тұлға қандай кіріс түрін алады?

Бағалы қағаздардың аталған түрінен түсетін кірісті екі категорияға бөлуге болады: Эмитенттердің төлейтін кірісі: Акциялар бойынша — дивиденттер (акционерлік қоғам төлейтін акция бойынша төлеуге жататын кіріс). Облигациялар бойынша — дисконт немесе купон түрінде сыйақы беру. Купон — шығарылым шарттарына сәйкес эмитенттердің облигация номиналдық құнынан жоғары төлейтін қаражаты. Негізінен әр жарты жылдықта. Дисконт — номиналдық және алғашқы орналастыру құны немесе облигацияны сатып алу

құнының арасындағы айырмашылық. Баға өсімі — бағалы қағазды сатып алу бағасы мен оны нарықта сату бағасының арасындағы айырмашылық.

Акция немесе облигация иесі болып табылатын жеке тұлға-резидентте қандай салық міндетінің туындауы мүмкін?

«Бюджет салығы мен өзге де міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексінің 144 бабына сәйкес, салық салуға акциялар бойынша дивиденттер түріндегі кіріс, облигациялар бойынша сыйақы, сонымен қатар, бағалы қағаздарды сату барысындағы баға өсімі түріндегі кіріс жатпайды.

Мен кішігірім капитал иесімін, алайда оның мөлшері жылжымалы мүлік нарығына салу үшін аз болғандықтан, бағалы қағаздарға салуды жөн көрдім. Мұны қалай жүзеге асыруға болады?

Тікелей қатысқан жағдайда жеке тұлға басқа жеке немесе заңды тұлғадан бағалы қағаз алады не брокер қызметін пайдаланады. Ең алдымен инвестор қандай қағаз алғысы келетіндігі туралы шешім қабылдауы тиіс. Алғашқы жағдайда, яғни бағалы қағазды басқа тұлғадан алу үшін, инвестор бағалы қағаз сатушы адамды табуы қажет. Егер сатушы табылса, инвестор бағалы қағазы сату-сатып алу туралы келісімшарт жасасады. Аталған келісімшартты нотариуста тіркетіп, бағалы қағаздар және ақшамен айырбас жасайды. Бағалы қағаз құжатсыз болғандықтан, оны тапсыру — бағалы қағаздар ұстанушылары реестрін ұстанушы — тіркеушіде ресімделеді. Бұл жағдайда, тіркеушіден шот ашып, бағалы қағаздарға меншік құқығын қайта тіркету жөніндегі қажетті процедураларды жасаған жөн. Екінші жағдайда, инвестор брокерді таңдап, бағалы қағазды сатып алу жөнінде тапсырыс береді. Бұл ретте инвестор өз бетімен сатып алу жөнінде шешім қабылдайды немесе брокердің кеңесін пайдаланады. Брокерлік қызмет көрсету туралы келісімшарт жасалынып, жеке тұлға брокер клиентінің шотына бағалы қағаздарды сатып алуы үшін ақша аударады. Клиент бағалы қағазды сату немесе сатып алу үшін тапсырыс береді, содан кейін брокер биржада мәміле жасасады немесе биржалық нарықтан тыс жердегі басқа бір брокерден бағалы қағаз сатып алады. Ұжымдық қатысу. Ұжымдық қатысу барысында инвестор пай немесе инвестициялық қор акцияларын сатып алады (ПИФ, АИФ). Бұл үшін инвестор инвестициялық қорлардың инвестициялық стратегияларын білуі, белгілі бір инвестициялық қорды таңдауы және пайды сатып алу үшін қажетті қадамдар жасауы қажет (Орталық депозитарилерде шот ашу, қаражат аудару және т. б.). Бұл жағдайда инвестициялық шешімдерді инвестициялық компаниялар жүзеге асырады.

Бағалы қағазды қалай сатып алуға болады?

Қазақстанда бағалы қағаздар операциясын биржада және биржадан тыс жерде жүргізуге болады. Биржалық қордағы жұмыс брокерлер арқылы жасалынады, алайда оларға комиссия төлеу қажет. Биржадан тыс нарықта брокерлерсіз-ақ жұмыс жасауға болады. Қор операциялары орталығы арқылы жүзеге асырылатын мәмілелерге делдалдар қатысады. Тағы бір айта кететін жайт, биржада эмитенттердің барлығының акциялары қатыспайды. Өйткені сатып алынатын бағалы қағаздар сатылатын бағалы қағаздар тізіміне енуі тиіс. Егер биржадан тыс бағалы қағаздарды сатып/сатып алсаңыз, қарапайым жазбаша түрде контрагентпен бағалы қағаздарды сату-сатып алу келісімшартын жасап,

оны нотариуста тіркету қажет. Содан кейін сатушы тіркеушіде ресімдететін бағалы қағаздарға деген меншік құқығын өткізуі туралы бұйрықты толтырады. Тіркеуші — қор нарығының кәсіби қатысушысы, ол реестр үлгісінде бағалы қағаздардың меншік құқығын тіркейді. Биржалық сауда — ұйымдастырылған нарықта сатып алу дегенді білдіреді. Саудаға түсу үшін, брокерді тандап, онымен брокерлік қызмет туралы келісімшарт жасасу қажет. Одан кейін инвесторлар брокерлік шот ашып, оған бағалы қағаздарды инвестициялауға бағытталған ақшаны аударулары керек. Осы шоттан бағалы қағаздар төлемақысы жүргізіледі, сонымен қатар қағаздардан түскен қаражат та аталған шотқа келіп түседі. Мұнымен қоса, инвесторлар брокерден депо шотын ашуы тиіс. Егер клиенттер ақшасы арнайы брокерлік шотта жатса, бағалы қағаздар депода сақталынады. Сатып алынған бағалы қағаздар дәл осы жерге аударылады.

Бағалы қағазды қалай сатуға болады?

Ол үшін тек өз брокеріңізге осы немесе басқа бағалы қағазды сату туралы тапсырыс беру қажет. Сонымен қатар, бағалы қағазды биржадан тыс өз бетінше сатуға да болады. Бұл жағдайда, сатушы сатып алушыны тауып, онымен сату/сатып алу келісімшартын жасасады. Келісімшарт нотариуста тіркелгеннен кейін, бағалы қағаз бен ақша аударымы жүреді.

Бағалы қағазды ашық тәсілмен немесе тікелей мәміле әдісімен сату деген не?

Аталған жағдайда биржада саудаластықты өткізу тәсілі айтылуда. «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да әрбір тәсілге анықтама беретін «Саудаластықты жүргізу тәсілі туралы қағида» жұмыс жасайды. Ашық саудаластық тәсілі — өзге тең жағдайда өтінішті қанағаттандыру не қанағаттандырмау мәселесі саудаға қатысушының ұсынған өтінішіне байланысты емес және саудаға қатысушылардың әлеуетті шектеусіз саны арасында бәсекелестіктің болатын саудаластығы. Тікелей мәмілелер жасасу тәсілімен өтетін саудаластықта өтініштің қанағаттандырылуы немесе қанағаттандырылмауы аталған өтінішті берген сауда қатысушысына байланысты, ал мәмілелер қатаң түрде келісімді.

Сатылып жатқан бағалы қағаздар тізімін қайдан алуыма болады?

Листингтік компаниялар тізімін қор биржасы сайттарынан табуға болады. Жекелеп айтсақ, «Қазақстан қор биржасы» АҚ <http://www.kase.kz/> сайтының «Эмитенттер» айдарында қажетті ақпараттар ұсынады. Басқа бағалы қағаздар жайлы ақпарат шетелдік қор биржалары сайттарында және брокерлердің өздерінде болады.

Қаржы орталығының арнайы сауда алаңында бағалы қағаздармен мәмілелер жасасатын брокерлерді қалай таңдауға болады?

Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінде мемлекеттік тіркеуден өткен және Қазақстан Республикасы қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және бақылау агенттігінде лицензиясы бар АӨҚО қатысушыларының тізбесі бар. Аталған компаниялар тізімі Агенттік сайтында орналасқан (<http://www.rfca.kz/>). Арнайы сауда алаңындағы саудаластыққа қатысу үшін, АӨҚО қатысушысы брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясын алуы, сонымен қатар АӨҚО АСА операторы болып табылатын «Қазақстан қор биржасы» АҚ-

ң «А» категориялы мүшесі болуы қажет. АӨҚО АСА-да бағалы қағаздармен мәмілелер жүргізе алатын брокерлік ұйымдар тізбесі «Қазақстан қор биржасы» АҚ сайтында орналасқан (<http://www.kase.kz/>, «Члены биржи» айдарында).

Биржалық және ресми валюталық курс деген не?

АҚШ долларына шаққандағы теңгенің курсы — Қазақстан қор биржасының таңертенгі (негізгі) сессиясында белгіленген АҚШ долларына шаққандағы теңгенің орташа өлшемдік биржалық курсы. Шетелдік валютаға қатысты теңгенің ресми курсы — өткен саудаластық жұмысы күніне сәйкес алматы уақыты бойынша сағ. 11-дегі KASE-н таңертенгі сессиясының қорытындысына қатысты теңгенің орташа өлшемдік биржалық курсы.

Хеджирлеу деген не?

Портфельдік инвестициялаудағы хеджирлеу — портфельге (туынды) қаржы құралдарын енгізу, негізгі позициялар бойынша шығынды теңдететін негізгі актив құнының өзгеруінен түсетін кіріс. Мәселен, инвестор 120 теңгеден 100 акция сатып алды. Ол оны ұзақ уақыт портфельде сақтауды ойластырды. Алайда, аталған акциялар құнының төмендеп кету тәуекелі бар. Сондықтан, хеджирлеу, яғни, мүмкін шығын түрлерінен сақтандыру мақсатында инвестор фьючерс немесе осындай акцияларға опцион алады. Мысалы, 7 айдан кейін 100 акцияны 125 теңгеден сату құқығы туынды қағаздар шарттары болып табылады, ал аталған келісімді жасасқан үшін инвестор 15 теңге төлейді. Осылайша, егер 7 айдан кейін акциялар құны 120 теңгеден 110 теңгеге төмендеп кетсе, инвестор өз құқығын іске асыру арқылы, 15 теңгені құрайтын жалпы шығынды (туынды бағалы қағаз құны) өтеп, әрбір акцияны 125 теңгеден сата алады.

Биржадан тыс мәміле деген не?

Биржадан тыс мәміле — тауарлар немесе бағалы қағаздары ұйымдастырылмаған нарықта, яғни биржадан тыс жерде сату/сатып алу. Мәміле нотариуста тіркелетін сату-сатып алу келісімшартын жасау тәсілі бойынша ресімделеді. Есептесуді тікелей мәміле жасаушы тараптар қадағалайды.

Еурооблигация деген не?

Еурооблигация (ағыл. тілінде — Eurobond) — басқа елдің заңына сәйкес шығарылған, шетелдік валютада номиналданған облигация. Оның кеңінен тараған түрі АҚШ-тан тыс АҚШ доллар бойынша, мәселен, Ұлыбритания заңына сәйкес шығарылатын еурооблигациялар. Еурооблигациялар бойынша есептесуді жүргізу кезінде екі депозитарлық-клирингтік жүйе бар- Euroclear және Clearstream.

ІРО деген не?

«ІРО» сөзінің ағылшын тілінен тікелей аудармасы «алғашқы жариялық ұсыныс» деген ұғымды береді. Негізінен бұл термин барлық инвесторларға арнап биржалық немесе биржадан тыс аланда қарапайым акцияларды сату мен ұсыныс жасауды білдіреді.

Инвестиция деген не?

Инвестиция - лизинг келісімшартын жасасқан сәттен бастап, қаржы лизингі құралдарын қосқандағы мүліктің барлық түрі (жеке қолданысқа арналған тауарлардан басқа), сонымен қатар, заңдық тұлғалардың жарғылық капиталына

инвестордың салатын оларға деген құқығы немесе кәсіпкерлік қызмет үшін қолданылатын тіркелген активтердің өсуі. Бағалы қағаздар нарығына сәйкес инвестиция деген акциялар, облигациялар және т. б. қаржы құралдарын алуды білдіреді.

Секьюритизация деген не?

«Секьюритизация» ағылшынның securities (бағалы қағаздар) және security (қауіпсіздік) сөздерінен шыққан. Секьюритизация - кәсіпорын немесе банктің қандай да бір активтермен қамтамасыз етіліп шығаратын бағалы қағаздары (asset-backed securitization — ABS). О бастан секьюритизация механизмі ипотекалық несиені қамсыздандырылған (mortgage-backed securitization — MBS) бағалы қағаздар үшін жасалған. Сызбасы айтарлықтай қарапайым: банктер кепілдік пулын құрайды және соның негізінде борыштық міндеттеме шығарады. Міндеттеме былайша құрылған, оның ұстанушысы кірістің белгілі үлесін алады. Пулдың өзі банктен дербес жұмыс жасайтын «арнайы тағайындау компаниясы» басқармасына беріледі. Кепілдік пулының мұндай ерекшеленуі борыштық қағаз ұстанушыларын банк банкроттығының тәуекелінен арылтады. Банк өз кезегінде өз балансынан ұзақ мерзімді активтерді алып шығу және сол арқылы оның төлемпаздығын арттыру мүмкіндігіне ие болады. Секьюритизация мәмілесі активтердің әрбір түрі бойынша бағалы қағаздардың белгілі түрлерін шығару мүмкіндігін береді. «Секьюритизация туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1 бабына сәйкес, секьюритизация — белгіленген активтермен қамтамасыз етілген облигация шығару жолы бойынша ақшалай талап шегінімімен қаржыландыру.

Бағалы қағаздар портфелі деген не?

Ол — бір ғана инвесторға қарайтын қаржы құралдарының жиынтығы. Аталған портфельге бір (мәселен, тек акциялар) немесе әртүрлі типті (акциялар, облигациялар, кепілдік куәлік және т. б.) бағалы қағаздар кіреді.

Портфель диверсификациясы деген не?

Портфель диверсификациясы — бір немесе бірнеше бағалы қағаздар құнының төмендеуі барысында қатаң шығындардан құтылу мақсатында өте көп бағалы қағаздардан инвестициялық портфельді құру.

Қор нарығы деген не?

Қор нарығы — акциялар, облигациялар және т. б. бағалы қағаздарды сату-сатып алу жөніндегі ұйымдасқан және үнемі қызмет көрсететін нарық түрі.

Биржалық мәміле деген не, ол қалай жасалады?

Биржалық мәміле — биржада қаржы құралдары бойынша жасалған мәміле. Биржадағы мәміле саудаластыққа қатысушылар тарапынан мәмілеге өтініш беру жолымен жасалады. Қарсы келген өтініш (бірі — сатып алу, бірі — сату туралы) шарттары екі жақты қанағаттандырған жағдайда мәміле жасалады.

Бағалы қағаздар нарығы деген не?

Бағалы қағаздар нарығы (немесе Капитал нарығы ағыл. Capital market) — құрамына бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары және т. б. жататын қаржы құралдарын сату-сатып алу операцияларын жүзеге асыратын қаржы нарығының құрамдас бөлігі.

Бағалы қағаздар нарығы жіктелуінің бірнеше тәсілі бар:

Бағалы қағаздар қозғалысының сипаты бойынша (бастапқы, туынды)

Бағалы қағаздар түрі бойынша (облигациялар нарығы, акциялар, келісімшарттар және т. б.)

Ұйымдастыру үлгісі бойынша (биржалық және биржадан тыс).

Құжаттық бағалы қағаздар деген не?

Құжаттық үлгіде шығарылған бағалы қағаздар.

Эмиссиялық бағалы қағаздар деген не?

Бір шығарылымы бойынша бірыңғай белгілері мен реквизиттері бар, аталған шығарылым үшін біркелкі шарттар негізінде айналымға түсетін және орналастырылатын бағалы қағаздар. Эмиссиялық бағалы қағаз ретінде акциялар мен облигацияларды қарастыруға болады.

Атаулы бағалы қағаз деген не?

Компания кітаптары иесінің атына тіркелген бағалы қағаз.

Туынды бағалы қағаздар нарығы деген не?

Туынды бағалы қағаздар нарығы — инвесторлардың эмитент андеррайтерлерінен алған бағалы қағаздарын бағалы қағаздар нарығындағы басқа субъектілерге қайта сататын қор нарығы.

Бағалы қағаздар бағаламасы деген не?

Бағалама - сату немесе сатып алу барысында сатушы не сатып алушының белгілейтін тауар құны. Яғни өте жылдам өзгеретін баға, мәселен, биржалық. Кей-кездері бағалама сұраным/ұсыныс құны емес, тек жасалған мәміле құны болып есептеледі. Негізінен, биржалық сессияның ашық және жабық құны, жоғары және төменгі күндік құн жарияланады

«Акция» деген не?

Акция — акционерлік қоғам тарапынан шығарылатын және акционерлік қоғамды басқаруға қатысу, яғни жалпы жиындарда дауыс беру, сол бойынша тарату (ликвидация) кезінде дивиденд және қоғамның жарты мүлкін алу құқығын дәлелдейтін бағалы қағаз, сонымен қатар Қазақстан Республикасы «Акционерлік қоғам туралы» заңда қарастырылған өзге де құқықтар. Акцияның екі түрі болады — қарапайым және артықшылықты.

Артықшылықты акция деген не?

Артықшылықты акция акционерлер үшін дауыс беру құқығынсыз дивидендтер түріндегі қалыпты кіріс алу құқығын ұсынады. Кей жағдайларда артықшылықты акция қоғамды басқаруға қатысу құқығын ұсынады.

Қарапайым акция деген не?

Қарапайым акция акционер үшін акционерлердің жалпы отырысына қатысып, дауыс беру құқығын, салық төленгеннен кейінгі компанияның кірісі болған жағдайда дивидендтер алу құқығын, сонымен қатар қабылданған Қазақстан Республикасы заңнамасының тәртібі бойынша таратылған (ликвидацияланған) кезде қоғам мүлкінің бөлігін иелену құқығын ұсынады.

Дивидендтер деген не?

Дивидендтер - акционерлік қоғам тарапынан өз акцияларының иелеріне (акционерлерге) төленетін сыйақы, яғни акционерлік қоғам акционерлер арасында өзінің таза кірісін дивидендтерді төлеу тәсілі арқылы жүзеге асырады.

«Алтын акция» нені білдіреді?

«Алтын акция» иегері акционерлердің жалпы отырысының шешімдеріне, қоғам жарлығымен белгіленген директорлар кеңесі мен атқарушы органдардың мәселелеріне тиым салу құқығына ие. «Алтын акция» жарғылық капиталға қатыспайды, және ол бойынша дивиденттер алынбайды.

«Листинг» және «делистинг» атаулары қандай ұғымды білдіреді?

Листинг — бағалы қағаздарды қор биржасындағы ресми сауда-саттыққа жіберудің, оны қор биржасының баға белгілеу парағына қосудың рәсімі. Делистинг — сауда ұйымдастырушының тізімінен бағалы қағаздарды уақытша немесе мүлдем шығарып тастау.

Эмитент деген кім?

Эмитент — эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыратын компания.

Инвестициялардың қандай түрлері бар?

Инвестициялардың мынадай түрлері бар:

1. тару тәсілі бойынша

Ішкі (отандық)

Сыртқы (шетелдік)

2. орналасу тәсілі бойынша

Тікелей

Жанама (портфельдік)

3. инвестициялау мерзімі бойынша

Қысқа мерзімді (бір жылға дейін)

Ұзақ мерзімді (бір жылдан көп)

4. тәуекелділік дәрежесі бойынша

Төменгі тәуекелді (сенімді)

Жоғары тәуекелді (еншілес)

Венчурлық инвестициялар деген не?

Тәуекелді капитал салымын білдіру мақсатында қолданылатын термин. Мұндай инвестициялау технологиялық жаңа енгізілімді жүзеге асырудың негізгі үлгілерінің бірі болып табылады. Кәсіпкерліктің аталған түрі көп жағдайда перспективасы кепілдікке алынбаған, үлкен тәуекелділікке ие жоғары ғылымдық және технологиялық салада ғылыми зерттеулер қорытындыларын коммерциализациялауға тән

Тікелей инвестициялар деген не?

Өндіріске және өнімнің нақты түрін өткізуге тікелей салынатын, акциялардың бақылау пакетіне иелік жасауды қамтамасыз ететін инвестициялар.

Портфельдік инвестиция деген не?

Бағалы қағаздардың портфель түрінде құрылған бағалы қағаздарға инвестициялау. Портфельдік инвестициялар пайда табу мақсатында бағалы қағаздарға иелік ету. Алайда ол инвестор тарапынан аталған бағалы қағаздарды шығарған мекемені басқару немесе бақылауды қарастырмайды. Капитал қайтарымы жөніндегі тәуекелділік делдалға қарайды.

Институционалдық инвестор деген кім?

Институционалдық инвестор — Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес, инвестицияларды жүзеге асыру мақсатында қаражат тартатын заңдық тұлға.

Жеке инвестор деген кім?

Жеке инвестор — пайда табу мақсатында өз қаражатын бағалы қағаздарға салатын жеке тұлға. Жеке инвесторлар бағалы қағаздарға инвестицияны өз бетінше салады немесе бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары — брокерлер не портфельді басқарушылар қызметін қолданады.

Туынды бағалы қағаздар деген не?

Аталған туынды бағалы қағаздардың негізгі активтеріне қатысты құқығын куәландыратын бағалы қағаздар. Осы орайда, негізгі активтер деген түсінікке биржаның ішкі құжаттарымен анықталған қалыпты тауар топтамасы, бағалы қағаздар, валюта, қаржы құралдары мен басқа да көрсеткіштер енеді.

Опцион деген не?

Опцион — бір тарап (опционды сатушы) сату немесе сатып алуға міндетті, ал екінші тарап (опционды сатып алушы) аталған келісімшартта көрсетілген мүлікті (негізгі активті) белгілі бір мөлшерде, келісілген бағамен сатып алу немесе сату құқығын иеленетін келісімшарт түрі. Саудаластықты ұйымдастырушы жағынан осы келісімшарттың жай-күйін бір үлгіге салған жағдайда, ол туынды бағалы қағаз ретінде қолданысқа ене алады.

Фьючерстік өзара шарт деген не?

Фьючерстік өзара шарт — бүгінгі күні белгіленген, яғни мәмілені жасаған сәттегі баға бойынша, бірақ операцияның өзін болашақта, белгілі бір уақыт аралығынан кейін орындалатын сатып алу-сату жөніндегі келісімдер.

Депозитарлық қолхат деген не?

Депозитарлық қолхат — бағалы қағаздардың банкте сақтаулы жатқандығын дәлелдейтін банк тарапынан туынды бағалы қағаз иесіне берілетін құжат. Депозитарлық қолхатты сату кезінде сатушы тұлға сатып алушыға аталған қолхатты берген банкте сақтаулы жатқан бағалы қағаздарға деген меншік құқығын тапсырады

Своп деген не?

Своп — белгілі бір мерзім ішінде белгілі бір шарттар бойынша екі жақтың қаржы құралдарымен айырбасы жөніндегі келісімін куәландыратын туынды бағалы қағаз түрі.

«Орталық депозитарий» ұғымы нені білдіреді?

Орталық депозитарий — бағалы қағаздарды тіркеу, сақтауға қатысты қызмет түрін көрсететін арнайы коммерциялық емес ұйым.

Трансфер- агент деген кім?

Трансфер- агент — өз клиенттері арасында құжаттарды қабылдау және тапсыру қызметін ұсынатын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы.

Трансфер-агент қызметі:

- тапсыру үшін алынған құжаттарды тіркеу және есепке алу;
- клиенттерге тапсырылған құжаттарды тіркеу және есепке алу;
- өз қызметінде қолданатын электрондық база мәліметтерінің бүтіндігін қамтамасыз ету;
- трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыру барысында қолданатын электрондық жүйенің жұмыс қабілеттілігін ұстау;
- басқа да функцияларды жүзеге асыру.

Тіркеуші деген кім?

Тіркеуші — құрастыру, сақтау және бағалы қағаздарды ұстаушылардың реестрлер жүйесін жүргізуді іске асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушы.

Кастодиан деген кім?

Кастодиан — клиенттердің қаржы құралдары мен ақшаларын жүзеге асыратын, есеп және олар бойынша құқықтарын растау, оларды сақтау жөнінде өзіне міндеттеме қабылдап клиенттердің құжаттамалық қаржы құралдарына сақтау және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес басқа қызмет жүргізетін бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы

«Миноритарий» немесе «миноритарлық акционер» деген кімдер?

«Миноритарий» немесе «миноритарлық акционер» дегеніміз акционерлік қоғамның дауыс беруші акциясының кемінде он пайызына ие акционер.

Акционер деген кім?

Акционер — компания акцияларының меншігі құқығына ие тұлға.

Облигацияның номиналдық құны деген не?

Облигацияның номиналдық құны — шығару барысында эмитент тарапынан анықталатын облигациялар құнының ақшалай көрінісі, яғни оған олар купондық облигацияны ұстанушыға пайыздық көрсеткіште айқындалатын сыйақы төлейді, сонымен қатар оның орнын толтыру кезінде облигация ұстанушысына төленуге қажетті сома.

Нарықтық тәуекелділік деген не?

Нарықтық тәуекелділік — айналым кезінде бағалы қағаздың нарықтық құнының өзгеру тәуекелдігі. Басқаша айтсақ, тәуекелділік дегеніміз, қолайсыз нарықтық жағдай әсерінен алынған бағалы қағаздар құнының құлдырауы, сіз инвестор ретінде шығынға ұшырауыңыз мүмкін. Осы ретте аталған бағалы қағаздарға эмитенттің несие төлеу қабілеттілігі айтарлықтай өседі. Тәуекелділіктің аталған түрі өзіне аса үлкен ықыласты қажет етеді және туынды құралдар секілді т. б. нарықтық құралдар арқылы шектеліп, реттеледі.

Бағалы қағаздар айналымы деген не?

Азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасу жолымен бағалы қағаздар иесінің меншік құқығының екіншісіне өтуі.

Қаржы нарығы деген не?

Қаржы нарығы — қаржы қызметтерін көрсету және тұтынуға, сондай-ақ қаржы құралдарының шығарылуы мен айналысына байланысты қарым-қатынастар жиынтығы.

Акционерлік қоғам деген не?

Акционерлік қоғам — өз қызметін іске асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын заңдық тұлға.

Акционерлік қоғам өз акционерлерінің мүлкі алдында жауапкершілік ұстанады ма?

Акционерлік қоғам өз акционерлері мүлкінен бөлек мүлік түріне ие және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Акционерлік қоғам өз міндеттемелері мен мүлкі аясында жауапкершілікті ұстанады.

Ірі акционер деген кім?

Ірі акционер — Акционерлік қоғамның жалпы саны 10 не одан да жоғары дауыс беру акцияларына ие, өзара кеілісімшарт жасасу негізінде қызмет атқаратын акционер немесе бірнеше акционерлер.

Акциялардың бақылау пакеті қандай құқық түрін ұсынады?

Акциялардың бақылау пакеті — Акционерлік қоғамның қабылдайтын шешімдерін анықтау құқығын ұсынатын акциялар мөлшері. Акциялардың бақылау пакеті 50 пайызды құрауы қажет және бір акция.

Жарияланған акциялар деген не?

Жарияланған акция — шығарылымы өкілетті орган тарапынан тіркелген акциялар.

Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру деген не?

Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру — бағалы қағаздарды алғашқы бағалы қағаздар нарығында сату.

Тикер деген не?

Тикер — 1) биржадағы соңғы мәміленің бағамын тіркейтін әрі оларды ақпарат таблосында жүгіртпе жолдар түрінде беретін электрондық жүйе;

2) ағымдағы қаржы ақпаратын қағаз таспада жедел беретін телеграфтық аппарат.

Брокер деген кім?

Брокер — клиент тапсырысы, қаражаты және мүддесіне қатысты эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасасатын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы.

Дилер деген кім?

Дилер — өз атынан және өз есебінен делдалдық сауда операциясын жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлға. Тауар өткізу жүйесінде дилер өз қызметімен түпкілікті тұтынушыға жақын.

Қаржы құралдары деген не?

Қаржы құралдары — қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттары бойынша анықталған бағалы қағаздар және өзге де қаржы нарығының активтері.

Бағалы қағаздар нарығы субъектісінің ішкі құжаттары деген не?

Бағалы қағаздар нарығы субъектісінің ішкі құжаттары — бағалы қағаздар нарығының субъектісі, ондағы органдар, құрылымдық бөлімшелер, қызметкерлер қызметінің тәртібі мен шарттарын, қызмет көрсету түрлері мен төлеу тәртібін реттейтін құжаттар.

Андеррайтер деген кім?

Андеррайтер -брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясына ие және эмитенттерге арнап эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару және орналастыру жөнінде қызмет көрсететін бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы.

Эмиссиялық консорциум деген не?

Эмиссиялық консорциум — эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру жөнінде эмитентке көмек көрсету мақсатында бірлескен қызмет туралы келісімшарт негізінде жасалған андеррайтерлер бірлестігі.

Шектеу деген не?

Шектеу — бағалы қағаз ұстаушыларының тізілім жүйесінде және бағалы қағаздардың сақталуын кепілдендіру мақсатында жүзеге асырылатын атаулы ұстаушылардың есеп жүйесінде бағалы қағаздармен байланысты азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге уақытша салынатын тыйым.

Жеке шот нені қамтиды?

Жеке шот — қаржы құралдары және эмиссиялық бағалы қағаздар құқығын тіркеу және мәмілені тіркеу үшін тіркелген тұлғаны теңдестіруге рұқсат беретін бағалы қағаздар ұстанушыларының реестрлер жүйесінде немесе номиналдық ұстанушының тіркеу жүйесінде болатын жазбалар жиынтығы.

Жеке шот көшірмесі деген не?

Жеке шот көшірмесі -бағалы қағаздар қатарына жатпайтын, тіркеуші немесе номиналдық ұстанушы тарапынан берілетін және белгілі бір уақыт аралығына эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша тіркелген тұлғаның құқығын дәлелдейтін құжат түрі.

Бағалы қағаздар ұстанушыларының реестрлер жүйесі қандай ақпарттарды қамтиды?

Бағалы қағаздар ұстанушыларының реестрлер жүйесі — ұстанушылардың белгілі бір уақыт аралығына эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі құқығын теңдестіруді, бағалы қағаздар мәмілесін тіркеуді, сонымен қатар аталған бағалы қағаздар құқығының жүзеге асырылуы немесе айналымы бойынша тіркелген шектеулер сипаттамасын қамтамасыз ететін эмитент, эмиссиялық бағалы қағаздар және ұстанушылар туралы мағлұмат жиынтығы.

Бағалы қағаздардың номиналдық ұстанымы деген не?

Бағалы қағаздардың номиналық ұстанымы — белігілі бір заңдық әрекеттерді бағалы қағаз ұстанушысының есебінен және атынан номиналдық ұстаным туралы келісімшарт немесе ҚР-ң «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңына сәйкес жасау. Сонымен қатар, осындай ұстанушылардың бағалы қағаздарымен жасалған мәмілені тіркеу және бағалы қағаздар жөніндегі құқықты дәлелдеу және тіркеу.

Бағалы қағаздар ұстанушылары деген кім?

Бағалы қағаздар ұстанушылары — бағалы қағаздар ұстанушыларының реестрлер жүйесінде немесе номиналдық ұстанымның тіркеу жүйесінде тіркелген бағалы қағаздар жөніндегі құқыққа ие тұлға.

Дефолт деген не?

Дефолт — эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге қаржы құралдары бойынша эмитенттердің өз міндеттерін орындамауы.

Пай деген не?

Пай — шығарылымы құжаттық емес үлгідегі атаулы эмиссиялық бағалы қағаз. Мына жағдайларды дәлелдейді: - пайлық инвестициялық қорда өз меншік иелерінің үлесін - пайлық инвестициялық қор активтері жұмысын тоқтатқан сәтте сатқаннан түсетін қаражатты алу құқығын - пайлық инвестициялық қор қызметінің ерекшеліктеріне қатысты өзге де құқықтарды.

Пайлық инвестициялық қор (ПИК) деген не?

Пайлық инвестициялық қор — дүние жүзіне аса әйгілі ұжымдық инвестициялау механизмі. Оның көмегімен көптеген инвесторлар қаражаты арнайы құрылған қорға біріктіріледі және оның көбеюі мақсатында сенім

басқармасындағы басқарушы компания мамандарына тапсырылады. Басқарушы компания мамандары қор қаражатын қордың инвестициялық декларациясына сәйкес нарықтың түрлі сегменттеріне салады және оларды инвесторлар мүддесіне сай басқарады.

ПИҚ-тың түрлері қандай?

Пайлық инвестициялық қорлар ашық, жабық және интервалдық болып бөлінеді: - ашық қорлар — басқарушы компаниялар тарапынан пайлары 2 аптада бір реттен кем сатып алынбайтын қорлар - жабық қорлар — пайшыларға қорды басқаруға қатысу және дивидендтер алу құқығын ұсынатын қорлар. Жабық қордың басқарушы компаниясы пайшылардан пайларды сатып алуға міндетті емес - интервалдық қорлар - басқарушы компаниялар тарапынан пайлары жылына бір реттен төмен сатып алынбайтын қорлар.

Басқарушы компания деген не?

Басқарушы компания — ПИҚ қызмет көрсету саласындағы басты бөлім, оны тіркейді, шығарады және оны инвестициялық пайларға орналастырады, қордың өзге мүлкі және бағалы қағаздарды сату-сатып алу туралы шешім қабылдайды, өкілетті органда тіркелген Ережелерге сәйкес, ПИҚ активтерімен сенімді басқаруды жүзеге асырады. Басқарушы компания пайшыларға қаражатты қайтаруға жауапкер (олардың нарықтық құны бойынша).

Инвестициялық пай деген не?

Инвестициялық пай - қорды құрайтын, мүлік құқығына деген оның иесінің үлесін куәландыратын атаулы бағалы қағаз. Пай құжаттық емес үлгіде жүзеге асырылады. Клиенттің пай иесі екендігін алынған пайлар мөлшері көрсетілетін тәуелсіз тіркеуші тарапынан берілген реестр көшірмесі дәлелдейді. Инвестициялық пай Басқарушы компаниядан өз иесінің мына жағдайларды талап етуіне мүмкіндік береді: - қорды басқаруға тиісті; - сенім басқармасынан төлемақы (жабық ПИҚ-тар); - пай ұстанушылардың жалпы отырысына қатысу (жабық ПИҚ-тар); - сатып алу үшін пайды ұсыну. Өзге бағалы қағаздар түрі секілді инвестициялық пайларларды сыйға тартуға, мұраға қалдыруға, кепілдікке қоюға, сатуға болады.

Пайшы деген кім?

Пайшы — пай иегері.

Қор пайларын кімдер иелене алады?

Қор пайларын жеке және заңдық тұлғалар иелене алады.

Қаражатты ПИҚ-тарға инвестициялаудың пайдасы қандай?

Қаражатты ПИҚ-тарға салу арқылы инвестор бағасы өзгеріп отыратын пай иесі атанады. Басқарушы компания тарапынан Қор активтерін кәсіби басқару кезінде пай бағасы өседі. Құны артқан пайларды сату арқылы инвестор бастапқыда салған қаражат мөлшерінен жоғары соманы алады.

ПИҚ мүліктері кімге қарайды?

Қорды құрайтын мүлік инвестициялық пай иелерінің жалпы мүліктері болып табылады. Ол үлестік меншік құқығы бойынша оларға тиесілі.

ПИҚ қандай артықшылықтарға ие?

ПИҚ-тың негізгі артықшылығы, инвестор айтарлықтай аз ғана қаражатпен ұжымдық инвестициялауға қатысу арқылы қор нарығында кәсіби басқарудың барлық артықшылықтарын қолданады. ПИҚ арқылы инвестицияланған

кішігірім қаражаттың өзі диверсифицияланады, яғни пайлық қордың активтері тәуекелді азайту үшін бір мезгілде бағалы қағаздың тек бір түріне ғана салынбайды. Қордың қызметі туралы ақпарат айтарлықтай жетімді. Мемлекет тарапынан қатаң бақылау. Жеңілдікті салық салу.

ПИҚ-тарға қаражат салудың өз бетінше қор нарығына қаражатты инвестициялаудан айырмашылығы неде?

Инвестор пай сатып алу арқылы сенім басқармасындағы пай құнының барынша өсуін көздеген кәсіби басқарушыға қаражат тапсырады. Пай сатып алу арқылы сіз күш-жігерсіз, аз ғана уақыт аралығында пайда табу мүмкіндігін иеленесіз. Мұнымен қоса, жеке инвесторлармен салыстырғанда басқарудағы аса үлкен қаражат мөлшері басқарушы компанияға ақшалай қаражатты пайшыларға аса тиімді шарттар бойынша және өте төменгі шығынсыз инвестициялауға жол ашады.

Басқарушы компания пайшыларға арнап қандайда бір есеп беруге міндетті ме?

Басқарушы компания пайшыға арнап оның сұранымына қатысты қордың қызметі жөніндегі кез-келген мәселе бойынша есеп беруге міндетті.

Акционер талаптары бойынша қоғам тарапынан орналасқан акцияларды өтеу қандай жағдайда жүзеге асырылады?

Акционерлік қоғам туралы Заңның 27 бабы 1 тармағына сәйкес, орналасқан акцияларды өтеу қоғам тарапынан қоғам акционерінің талабы бойынша жасалуы тиіс. Ол акционерлердің жалпы отырысында төмендегідей шешімдерді қабылдау кезінде ұсыныла алады: 1. Қоғамның қайта құрылуы; 2. Қоғамның ірі немесе мүдделі тұлғаның қатысуымен мәміле жасасуы; 3. Аталған акционердің акциялары бойынша құқықты шектейтін қоғам жарғысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу.

Дивиденттер қандай жағдайда төленбейді?

АҚ туралы Заңның 22 бабының 4 және 5 тармағына сәйкес, дивиденттер қоғамның өзі сатып алмаған немесе орналастырмаған акциялары бойынша төленбейді. Қоғамның қарапайым және артықшылықты акциялары бойынша дивиденттер төленбейді.

Қоғамның бағалы қағаздарын ерекше сатып алу құқығы нені білдіреді?

АҚ туралы Заңның 16 бабының 1 тармағына сәйкес, қоғамның қарапайым акцияларына конвертацияланатын жарияланған акциялар немесе басқа да бағалы қағаздарды орналастыруға және бұған дейін сатып алынған бағалы қағаздарды орналастыруға ниет білдірген қоғам, оларды сатуға дейін 30 күн бұрын жазбаша түрде немесе баспасөз бетінде жариялау арқылы өз акционерлеріне оларда бар акция бағасы бойынша тең шарттар негізінде бағалы қағаздарды алуды ұсынулары міндетті. Қоғамның қарапайым акцияларына ие акционер қарапайым акциялар немесе басқа да бағалы қағаздарды ерекше сатып алуға құқылы. Қоғамның артықшылықты акцияларына ие акционер қоғамның артықшылықты акцияларын ерекше сатып алу құқығына ие.

Акционерлік қоғамның қызметі туралы ақпаратты қалай алуға болады?

Қоғам тарапынан акционерге қандай ақпарат және қандай құжаттар тізімі қажет? АҚ туралы Заңның 14 бабы 1 тармағы 7) тармақшасына сәйкес, акционер қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраным жіберуге және

сұраным қабылданған күннен бастап 30 күн ішінде қажетті жауап алуға құқылы. Құжаттар тізімі АҚ туралы Заңның 79 және 80 баптарымен қабылданған.

Қандай құжаттар акционердің эмиссиялық бағалы қағаздарға меншік құқығын және осы құқықты дәлелдеу тәртібін дәлелдейді?

«Бағалы қағаздар нарығы туралы» ҚР Заңының 38 бабы 1 тармағы талаптарына сәйкес, эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқық дәлелі бағалы қағаздар ұстаушыларының реестрлер жүйесінде немесе орталық депозитариді тіркеу жүйесінде бағалы қағаздар ұстаушыларының жеке шот көшірмесін ұсыну жолымен жүзеге асырылады.

Капиталды тарту механизмі ретінде бағалы қағаздар нарығының қандай артықшылығы бар?

Бағалы қағаздарды шығару (эмиссия) компания үшін тартымды. Ол мынадай мүмкіндіктер ұсынады: - қажетті ақшалай мүлікті тарту мерзімін өзгертіп тұру, тиімді мерзім таңдау - тартылатын қаражат ресурстары бойынша тиімді құн белгілеу - тартылатын қаражат мөлшерін ұлғайту.

Тіркелген пайыздық табысы бар бағалы қағаздар нарығы деген не?

Әр түрлі эмитентпен шығарылған бағалы қағаздардың негізгі немесе қайталама нарығы

Өтімділік деген не?

Фирма өз міндеттемелерін уақытылы өтеуі үшін өзіндегі активтерді ақшалай қаражатқа жылдам айналдыру мүмкіндігі.

Жарғылық қор деген не?

Құрылтайшыларының кәсіпорындардың, фирмалардың, компаниялардың тұрақты иелігіне беретін материалдық және ақшалай қаражаттар жиынтығы.

Артықшылықты облигациялар деген не?

Жазылушыға нарықтық бағадан төмен баға бойынша ұсынылатын облигация.

Бағалы қағаздарды сатып алушы әрбір адам өз болашағын қаржыландырады. Демек бұл істі ол неғұрлым ерте бастаса, соғұрлым көп пайда түсіреді. Көбінесе, кәрілік шақ зейнетақы жинақтарымен қамтамасыз етіледі. Дегенмен, артық қаражатыңыз болса, қандай да бір зат немесе автокөлік алудан бұрын, қазақстандық дамыған компаниялар акциялары мен облигацияларын сатып алғаныңыз жөн. Кез-келген бұйым уақыт өте келе жарамсыз халге түсіп, үнемі жәндеуді талап етеді. Ал бағалы қағаздар күн өткен сайын құны артып, өз иесі мен оның отбасына үлкен кіріс түсіреді. Бағалы қағаздар үлестік (акциялар) және борыштық (облигациялар) болып екі негізгі топқа бөлінеді.

Облигация деген не?

Облигация — эмитенттің инвестордан алған соманы қайтару жөніндегі міндеттемесі мен белгілі уақыт аралығында пайыздық төлем төлеуі туралы келісімшарт. Облигация — сатуға және сатып алуға болатын, қарыздың барлығын дәлелдейтін құжат. Облигация борыштық бағалы қағаз түрі болып саналады. Облигацияны сатып алу барысында сіз эмитентке қарыз ақша бересіз. Облигация шектеулі мерзімге шығарылады, облигация айналымы

барысында эмитент облигация ұстаушысына оның номиналдық құнынан міндетті, тағайындалған пайызын төлеп тұрады. Акциямен салыстырғанда облигация құны жылдам ауытқусыз. Облигация ұстаушысы өз инвестициясынан пайыздық үлгідегі бекітілген кірісті табуға сенім артады. Облигациялардың акциялардан айырмашылығы: Бұған дейін атап өткендей, облигациялар акцияларға қарағанда аз тәуекелді. Өткені, облигацияларда төлем ағыны алдын ала белгілі: төлем мерізімі мен оның мөлшері нақты белгіленген. Осылайша, инвесторға белгіленген кірістің берілуі мен белгілі уақыт ішінде ақшалай мүліктің қайтарылымы кепілдікке алынады. Екіншіден, инвестор, облигацияны сатып алу барысында банкроттыққа апарар апаттық тәуекелден басқа (мұндай жағдай өте сирек кездеседі) компания-эмитенттің бизнес-тәуекелін өз мойнына алмайды. Мұнымен қоса, облигациялар бойынша төлемдер эмитент кірісінің үлкендігіне, салалар мен экономиканы дамыту перспективаларына еш қатыссыз. Әрбір компания жұмыс қортындысынан басқа өзі шығарған облигациялар бойынша толық түрде төлемдер жүргізуге міндетті. Ал акциялар ұстаушылары дивидендті әр уақытта ала бермейді. Егер қандай да бір нақты акциялар бойынша дивидендтер төленбесе, онда олардың құны төмендеп, үлкен шығынға апарады. Үшіншіден, инвесторлар облигацияларға қатысты нарықтық құн өсімі бойынша қосымша кіріс ала алады. Егер, нарықтық құн артса, инвестор қағаздарды сатып, қосымша пайда табады. Облигациялар — тәуекелге бармастан, пайда табуды көздеген инвесторлар үшін тамаша мүмкіндік. Облигациялар нарығы — қаражатты инфляциядан сақтап қана қоймай, едәуір көлемде кіріс түсіретін өзіндік «тыныш айлақ». Облигация өтем мерзімін күткісі келмеген инвесторлар үшін қалыпты мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігі бар облигациялар тиімді. Компания — эмитент сатып алу құнын алдын ала хабарлайды (оферта жариялайды). Инвестор өзінің әлеуетті кірісін есептеп, офертаны қолдану қажет пе екендігін немесе облигацияларын өз инвестициялық портфелінде қалдыру керек пе екендігін анықтайды.

Облигацияларды қалай сатып алуға болады?

Бағалы қағаздардың басқа түрлері секілді облигациялар электрондық жазба түрінде кездеседі. Ал оларды сату не сатып алуға брокер жәрдем көрсетеді. Брокер өтінішті биржаға тапсырады, кезекті облигация өз иесін өзгертеді. Сонымен, сіз брокермен қызмет көрсету келісімшартын жасасып, екі түрлі шот ашасыз. Алғашқысына сіз облигацияны сатып алуға қажетті қаражатты саласыз. Ал екіншісінде (депо шоты) облигациялардың өздері жатады. Егер инвестор бұған дейін бағалы қағаздардың басқа түрлерімен жұмыс жасаған болса, аталған шоттың екі түрі де онда бар демек. Сіздің облигацияны сатып алғандығыңыз жайлы мәлімет брокер мен депозитариде тіркеледі. Атаулы шотыңызда сатып алынған облигациялар жатады. Брокерлердің өз қағаздары бөлек шотта сақталынады, демек сіздің шотыңыздан қандай да бір қағазды сату не сатып алу мүмкін емес. Депозитариде облигацияларыңыздың қандай да бір брокер арқылы сатып алғандығы туралы мәлімет белгіленеді. Сіздің брокеріңіз

сіздің қағаздарыңыздың номиналды ұстаушылары болып табылады. Алайда облигациялардың нақты иесі тек сізсіз.

Тест сұрақтарының жауаптары

1

Тест №	жауап
1	В
2	С
3	Д
4	А
5	С
6	Д
7	В
8	А
9	С
10	В
11	Д
12	С
13	В
14	Д
15	А
16	А
17	С
18	В
19	Д
20	В

2

Тест №	жауап
1	С
2	В
3	Д
4	С
5	А
6	А
7	С
8	В
9	В
10	А
11	С
12	А
13	Д
14	Д
15	А
16	Д
17	В
18	С
19	А
20	А
21	Д
22	В
23	Д
24	А
25	С
26	Д

3

Тест №	жауап
1	В
2	Д
3	С
4	В
5	Д
6	А
7	С
8	В
9	С
10	А
11	А
12	В
13	С
14	С
15	Д

4

Тест №	жауап
1	С
2	В
3	Д
4	А
5	В
6	Д
7	С
8	А
9	В
10	А
11	Д
12	В
13	С
14	А
15	А
16	В
17	Д
18	С
19	В
20	А
21	С
22	А
23	В
24	Д
25	А

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. 28. 02. 2007 ж «Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы» №234-III ҚР заңы (2,4 бет)
2. Акционерлік қоғамдар жөніндегі заң 13.05.2003 ж № 415-11.
3. «Бағалы қағаздар туралы» ҚР заңы 02.07.2003.
4. Международные стандарты финансовой отчетности. М: Аскери, 2006.
5. Энтони Р. Рис Д.Ж. Есеп: жағдайлары мен мысалдары. Москва 1996.
6. Самоучитель по бухучету и налогообложению Алматы, БИКО, 2008.
7. Қазақстан Республикасының “Инвестиция туралы” заңы. 2003 жыл және 2005, 2006 жылдардағы енгізілген өзгертулермен
8. Инвестиционный рейтинг Казахстана // Официальный сайт ЗАО «Казинвест», 2006 г.
9. Интернет сайт WWW.WFIN.KZ
10. Методические рекомендации по оценке эффективности инвестиционных проектов: Официальное издание. – М.: Экономика 2000.
11. Бороздин П. Ю. Ценные бумаги и фондовый рынок-М.: 1994.
12. Оразбекұлы Б. Инвестициялық институттардағы бухгалтерлік есеп-Алматы, Экономика, 2002.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
1 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ.....	5
1.1 Инвестицияның пайда болуы және даму тарихы.....	5
1.2 Инвестициялардың ұғымы және оның жіктелуі.....	8
1.3 Инвестицияның қызметі мен операциялары.....	13
1.4 Шет мемлекеттердегі инвестициялық қызметті қаржыландыру барысында тартымды ресурстардың құрлымы мен даму ерекшелігі.....	17
2. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАР ЕСЕБІ.....	24
2.1 Инвестицияның анықтамасы.....	24
2.2 Акцияларды шығару және орналастыру есебі.....	28
2.3 Бағалы қағаздарды сатып алу есебі.....	31
2.4 Бірлесіп бақыланатын шаруашылық серіктестіктердің, еншілестердің және тәуелді серіктестіктердің инвестициясының есебі.....	39
2.5.Брокерлік және дилерлік ұйымдардың есебі	46
3. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ҚҰНЫ МЕН ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯСЫН ҚАЙТА БАҒАЛАУ ЕСЕБІ.....	60
3.1 Қысқа мерзімді инвестициялардың ағымдағы құнын анықтау есебі.....	60
3.2 Ұзақ мерзімді инвестицияларды қайта бағалау есебі.....	62
3.3 Инвестицияның есептен шығарылуы мен мүлктік түгендеу есебі.....	66
4. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ БИРЖАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫҢ ЕСЕБІ.....	73
4.1 Листинг процедурасы.....	73
4.2 Қор биржасындағы операциялардың бағыттары мен тәуекелділігі.....	79
4.3 Бағалы қағаздардың инвестициялық қасиеттерін рейтингтік бағалау.....	84
4.4. Қор құндылықтарының бағамдық бағасын қалыптастыру.....	89
Студенттердің өз бетімен дайындалуға арналған сынақ сұрақ жауаптар.....	102
Тест сұрақтарының жауаптары.....	118
Пайдаланған әдебиеттер тізімі.....	119
Мазмұны.....	120

ОРАЗБЕКҰЛЫ БАХЫТ

**ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ
ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ
БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП**

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

**Корректор С.Д. Шудабаева
Дизайн обложки Г.М. Болегенова**

Подписано в печать 05.12.09 г.
Гарнитура «Times New Roman». Формат 60х 84.
Бумага офсетная. Тираж 100 экз.
Заказ №00272

Издательский центр
«Жетісу университеті»
Жетысуский государственный
университет сугурова.

040009 Талдыкорган,
ул. Жансугурова, 187а